

Қазақстан Республикасының агроөнеркәсіптік кешенін дамытудың 2017 - 2021 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасын бекіту және "Мемлекеттік бағдарламалар тізбесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2010 жылғы 19 наурыздағы № 957 Жарлығына өзгеріс пен толықтыру енгізу туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Президентінің 2017 жылғы 14 ақпандағы № 420 Жарлығы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Президентінің 2019 жылғы 19 сәуірдегі № 29 Жарлығымен.

Қазақстан Республикасының Президенті
мен Үкіметі актілерінің жинағында
жариялануға тиіс

Ескерту. Күші жойылды – ҚР Президентінің 19.04.2019 № 29 Жарлығымен.

ҚАУЛЫ ЕТЕМІН:

1. Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасының агроөнеркәсіптік кешенін дамытудың 2017 - 2021 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы (бұдан әрі - Бағдарлама) бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасының Үкіметі:

1) бір ай мерзімде Қазақстан Республикасы Президентінің Әкімшілігімен келісу бойынша Бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспарын әзірлесін және бекітсін;

2) Қазақстан Республикасы Президентінің Әкімшілігіне "Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік жоспарлау жүйесінің одан әрі жұмыс істеуінің кейбір мәселелері туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2010 жылғы 4 наурыздағы № 931 Жарлығымен белгіленген мерзімде және тәртіппен Бағдарламаның орындалу барысы туралы ақпарат берсін.

3. Орталық және жергілікті атқарушы органдар, сондай-ақ Қазақстан Республикасының Президентіне тікелей бағынатын және есеп беретін мемлекеттік органдар Бағдарламаны іске асыру бойынша шаралар қабылдасын.

4. Күші жойылды - ҚР Президентінің 05.05.2018 № 681 Жарлығымен.

5. "Қазақстанның су ресурстарын басқару мемлекеттік бағдарламасы және " Мемлекеттік бағдарламалар тізбесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2010 жылғы 19 наурыздағы № 957 Жарлығына толықтыру енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2014 жылғы 4 сәуірдегі № 786 Жарлығының (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 2014 ж., № 25, 189-құжат) күші жойылды деп танылсын.

6. Осы Жарлықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Президентінің Әкімшілігіне жүктелсін.

7. Осы Жарлық қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының
Президенті

Н.Назарбаев

Қазақстан Республикасы
Президентінің
2017 жылғы 14 ақпандағы
№ 420 Жарлығымен
БЕКІТІЛГЕН

Қазақстан Республикасының Агроөнеркәсіптік кешенін дамытудың 2017-2021 жылдарға арналған МЕМЛЕКЕТТІК БАҒДАРЛАМАСЫ

Астана қ., 2017 жыл

1. Паспорт

Атауы	Қазақстан Республикасының агроөнеркәсіптік кешенін дамытудың 2017 - 2021 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы
Әзірлеу үшін негіз	Қазақстан Республикасы Президентінің 2016 жылғы 9 қыркүйектегі Қазақстан Республикасы Үкіметінің кеңейтілген отырысында берген тапсырмасы
Жауапты орындаушы	Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрлігі
Іске асыруға жауаптылар	Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрлігі, Қазақстан Республикасының Ұлттық экономика министрлігі, Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі, Қазақстан Республикасының Инвестициялар және даму министрлігі, Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігі, Қазақстан Республикасының Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі, Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрлігі, Қазақстан Республикасының Энергетика министрлігі, Қазақстан Республикасының Ақпарат және коммуникациялар министрлігі, облыстардың, Астана және Алматы қалаларының әкімдіктері
Басты мақсаты	Нарықтарда сұранысқа ие, бәсекеге қабілетті агроөнеркәсіптік кешен (бұдан әрі - АӨК) өнімін өндіруді қамтамасыз ету
Міндеттер	1) ұсақ және орта шаруашылықтарды ауыл шаруашылығы кооперациясына тарту; 2) ішкі нарықты молықтыру және отандық өнімнің экспорттық әлеуетін дамыту; 3) мемлекеттік қаржылық қолдау шараларын тиімді пайдалану; 4) су ресурстарын тиімді пайдалану; 5) жер ресурстарын тиімді пайдалану үшін жағдайлар жасау; 6) ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілердің техникамен және химияландыру құралдарымен қамтамасыз етілуін арттыру; 7) сауда-логистикалық инфрақұрылымды дамыту; 8) ғылыми-технологиялық, кадрлық және ақпараттық-маркетингтік қамтамасыз ету
Іске асыру мерзімі	2017 - 2021 жылдар

Нысаналы индикаторлар	<p>2021 жылы мынадай көрсеткіштерге қол жеткізу:</p> <p>1) ауыл шаруашылығындағы еңбек өнімділігінің 2015 жылдың деңгейіне қарағанда нақты мән де 38% - ға өсуі;</p> <p>2) ауыл шаруашылығы жалпы өнімінің (көрсетілетін қызметтерінің) 2015 жылдың деңгейіне қарағанда нақты мән де 30%-ға өсуі;</p> <p>3) азық-түлік тауарлары экспорты көлемінің 600 млн. АҚШ долларына өсуі;</p> <p>4) азық-түлік тауарлары импорты көлемінің 400 млн. АҚШ долларына төмендеуі;</p> <p>5) азық-түлік тауарлары көтерме саудасының 2015 жылдың деңгейіне қарағанда 29%-ға өсуі;</p> <p>6) суармалы алаңның 1 гектарына арналған суаратын су шығысының 2015 жылдың деңгейіне қарағанда 20%-ға төмендеуі (2015 жылғы 9180 м3-ден 7348 м3-ге дейін төмендеуі);</p> <p>7) қосымша жерүсті су ресурстарының 2015 жылдың деңгейіне қарағанда 1,9 км3-ге ұлғаяуы;</p> <p>8) өнеркәсіптегі қайталама және айналымды сумен жабдықтау жүйелеріндегі су көлемі: - қайталама 2015 жылғы 0,69 км3-ден 0,77 км3-ге дейін; - айналымды 2015 жылғы 7,3 км3-ден 7,62 км3-ге дейін.</p>																																																																																																																								
Қаржыландыру көздері мен көлемдері	<p>Бағдарламаны 2017 - 2021 жылдары іске асыруға республикалық және жергілікті бюджеттерде көзделген жалпы шығыстар барлығы 2 374,2 млрд теңгені (РБ - 1 216 млрд теңге*, ЖБ - 904 млрд теңге*, басқа көздер - 306,2 млрд теңге) құрайды, оның ішінде:</p> <table border="0"> <tr> <td colspan="4"></td> <td style="text-align: right;">жылы:</td> </tr> <tr> <td>барлығы</td> <td>-</td> <td>359,7</td> <td>млрд</td> <td>теңге;</td> </tr> <tr> <td>РБ</td> <td>-</td> <td>198,2</td> <td>млрд</td> <td>теңге;</td> </tr> <tr> <td>ЖБ</td> <td>-</td> <td>144,5</td> <td>млрд</td> <td>теңге;</td> </tr> <tr> <td>басқа көздер</td> <td>-</td> <td>17,0</td> <td>млрд</td> <td>теңге;</td> </tr> <tr> <td colspan="4"></td> <td style="text-align: right;">жылы:</td> </tr> <tr> <td>барлығы</td> <td>-</td> <td>397,9</td> <td>млрд</td> <td>теңге;</td> </tr> <tr> <td>РБ</td> <td>-</td> <td>202,0</td> <td>млрд</td> <td>теңге;</td> </tr> <tr> <td>ЖБ</td> <td>-</td> <td>151,0</td> <td>млрд</td> <td>теңге;</td> </tr> <tr> <td>басқа көздер</td> <td>-</td> <td>44,9</td> <td>млрд</td> <td>теңге;</td> </tr> <tr> <td colspan="4"></td> <td style="text-align: right;">жылы:</td> </tr> <tr> <td>барлығы</td> <td>-</td> <td>429,4</td> <td>млрд</td> <td>теңге;</td> </tr> <tr> <td>РБ</td> <td>-</td> <td>207,9</td> <td>млрд</td> <td>теңге;</td> </tr> <tr> <td>ЖБ</td> <td>-</td> <td>158,4</td> <td>млрд</td> <td>теңге;</td> </tr> <tr> <td>басқа көздер</td> <td>-</td> <td>63,1</td> <td>млрд</td> <td>теңге;</td> </tr> <tr> <td colspan="4"></td> <td style="text-align: right;">жылы:</td> </tr> <tr> <td>барлығы</td> <td>-</td> <td>558,8</td> <td>млрд</td> <td>теңге;</td> </tr> <tr> <td>РБ</td> <td>-</td> <td>281,6</td> <td>млрд</td> <td>теңге;</td> </tr> <tr> <td>ЖБ</td> <td>-</td> <td>193,6</td> <td>млрд</td> <td>теңге;</td> </tr> <tr> <td>басқа көздер</td> <td>-</td> <td>83,6</td> <td>млрд</td> <td>теңге;</td> </tr> <tr> <td colspan="4"></td> <td style="text-align: right;">жылы:</td> </tr> <tr> <td>барлығы</td> <td>-</td> <td>628,4</td> <td>млрд</td> <td>теңге;</td> </tr> <tr> <td>РБ</td> <td>-</td> <td>326,3</td> <td>млрд</td> <td>теңге;</td> </tr> <tr> <td>ЖБ</td> <td>-</td> <td>204,5</td> <td>млрд</td> <td>теңге;</td> </tr> </table> <p>басқа көздер - 97,6 млрд теңге;</p>					жылы:	барлығы	-	359,7	млрд	теңге;	РБ	-	198,2	млрд	теңге;	ЖБ	-	144,5	млрд	теңге;	басқа көздер	-	17,0	млрд	теңге;					жылы:	барлығы	-	397,9	млрд	теңге;	РБ	-	202,0	млрд	теңге;	ЖБ	-	151,0	млрд	теңге;	басқа көздер	-	44,9	млрд	теңге;					жылы:	барлығы	-	429,4	млрд	теңге;	РБ	-	207,9	млрд	теңге;	ЖБ	-	158,4	млрд	теңге;	басқа көздер	-	63,1	млрд	теңге;					жылы:	барлығы	-	558,8	млрд	теңге;	РБ	-	281,6	млрд	теңге;	ЖБ	-	193,6	млрд	теңге;	басқа көздер	-	83,6	млрд	теңге;					жылы:	барлығы	-	628,4	млрд	теңге;	РБ	-	326,3	млрд	теңге;	ЖБ	-	204,5	млрд	теңге;
				жылы:																																																																																																																					
барлығы	-	359,7	млрд	теңге;																																																																																																																					
РБ	-	198,2	млрд	теңге;																																																																																																																					
ЖБ	-	144,5	млрд	теңге;																																																																																																																					
басқа көздер	-	17,0	млрд	теңге;																																																																																																																					
				жылы:																																																																																																																					
барлығы	-	397,9	млрд	теңге;																																																																																																																					
РБ	-	202,0	млрд	теңге;																																																																																																																					
ЖБ	-	151,0	млрд	теңге;																																																																																																																					
басқа көздер	-	44,9	млрд	теңге;																																																																																																																					
				жылы:																																																																																																																					
барлығы	-	429,4	млрд	теңге;																																																																																																																					
РБ	-	207,9	млрд	теңге;																																																																																																																					
ЖБ	-	158,4	млрд	теңге;																																																																																																																					
басқа көздер	-	63,1	млрд	теңге;																																																																																																																					
				жылы:																																																																																																																					
барлығы	-	558,8	млрд	теңге;																																																																																																																					
РБ	-	281,6	млрд	теңге;																																																																																																																					
ЖБ	-	193,6	млрд	теңге;																																																																																																																					
басқа көздер	-	83,6	млрд	теңге;																																																																																																																					
				жылы:																																																																																																																					
барлығы	-	628,4	млрд	теңге;																																																																																																																					
РБ	-	326,3	млрд	теңге;																																																																																																																					
ЖБ	-	204,5	млрд	теңге;																																																																																																																					

*** - сомалар тиісті қаржы жылына арналған мемлекеттік бюджетке сәйкес нақтыланатын болады**

2. Кіріспе

АӨК елдің азық-түлік және экономикалық қауіпсіздігін, сондай-ақ ауылдық аумақтардың еңбек және қоныстанушылық әлеуетін қалыптастыратын экономиканың маңызды секторының бірі болып табылады.

Қазақстан Республикасының (бұдан әрі - ҚР) АӨК-сі әрі қарай дамыту үшін жақсы перспективаларға ие: майлы, етті секторлардың экспорттық позициясы күшеюде, ал астық пен ұн бойынша Қазақстан қысқа мерзімде әлемдегі ірі экспорттаушы елдердің қатарына кірді. Қазақстанның Еуразиялық экономикалық одаққа (бұдан әрі - ЕАЭО) және Дүниежүзілік сауда ұйымына (бұдан әрі - ДСҰ) мүшелігі мүмкіндіктер ашады және сонымен бірге ішкі нарықта да, сыртқы нарықта да бәсекеге қабілеттілікке жоғары талаптар қояды. Осыған байланысты, АӨК-ні мемлекеттік реттеудің рөлі аса маңызды.

Тәуелсіздік кезеңінде тоғыз бағдарламалық құжат әзірленді, олардың негізінде АӨК саласындағы мемлекеттік саясат іске асырылды: 1991 - 1995 жылдарға және 2000 жылға дейінгі кезеңге арналған "Ауыл" әлеуметтік-экономикалық даму бағдарламасы, АӨК-ні дамытудың 1993 - 1995 және 2000 жылға дейінгі кезеңге арналған тұжырымдамалық бағдарламасы, Ауыл шаруашылығы өндірісін дамытудың 2000 - 2002 жылдарға арналған бағдарламасы, 2003 - 2005 жылдарға арналған Мемлекеттік аграрлық азық-түлік бағдарламасы, Ауылдық аумақтарды дамытудың 2004 - 2010 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы, АӨК-ні тұрақты дамытудың 2006 - 2010 жылдарға арналған тұжырымдамасы, ҚР АӨК-сін тұрақты дамытудың 2006 - 2010 жылдарға арналған тұжырымдамасын іске асыру жөніндегі бірінші кезектегі шаралар бағдарламасы, АӨК-ні дамыту жөніндегі 2010-2014 жылдарға арналған бағдарлама және ҚР АӨК-сін дамыту жөніндегі 2013 - 2020 жылдарға арналған "Агробизнес-2020" бағдарламасы.

Тамақ өнімдерінің анағұрлым сұранысқа ие түрлеріне баса назар аудара отырып, ауыл шаруашылығы өндірісінің көлемін ұлғайту және қайта өңделген ауыл шаруашылығы өнімдерінің экспортын дамыту мақсатында бәсекеге қабілетті өнімді бастапқы қайта өңдеу, сақтау мен өткізу үшін қолайлы жағдай және инфрақұрылым жасау жолымен ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілерді (бұдан әрі - АШТӨ) мемлекеттік қолдаумен барынша қамтуды қамтамасыз ету қажет.

Осы ҚР АӨК-сін дамытудың 2017-2021 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы (бұдан әрі - Бағдарлама) Мемлекет басшысының 2016 жылғы 9 қыркүйектегі Қазақстан Республикасы Үкіметінің кеңейтілген отырысында берген тапсырмасына, "100 нақты қадам" Ұлт жоспарында белгіленген Қазақстан Республикасын дамытудың стратегиялық мақсаттарына және "Қазақстан-2050" стратегиясына сәйкес әзірленді.

Осылайша, аталған Бағдарлама ауыл шаруашылығы өнімдерінің аса қажетті түрлері бойынша халықтың ішкі қажеттілігін қамтамасыз етуге, мақсатқа бағытталған экспорттық саясатты айқындауда бағытталатын болады.

Бағдарлама АӨК-ні дамытудың "Агробизнес-2017" бағдарламасы мен Қазақстанның су ресурстарын басқару мемлекеттік бағдарламасын интеграциялау негізінде әзірленді.

3. Ағымдағы ахуалды талдау

Ауыл шаруашылығында елдің жалпы ішкі өнімінің (бұдан әрі - ЖІӨ) шамамен 5%-ы жасалады. 2015 жылы ауыл шаруашылығы өнімдерінің жалпы шығарылымы 3,3 трлн. теңгені құрады, бұл нақты мәнде 2011 жылдың деңгейінен 4,1 %-ға төмен.

1-диаграмма. Жалпы ауыл шаруашылығы өнімдерінің серпіні, млрд тенге



Саланың жалпы өнімі құрылымында жеке қосалқы шаруашылықтар өнімінің жоғары үлесі байқалады. Қазақстанда өндірілген ауыл шаруашылығы өнімінің 80%-ға жуығы қайта өңделместен шикізат түрінде өткізіледі, ал дайын өнімнің бәсекеге қабілеттілігі төмен.

АӨК саласын SWOT талдау

Күшті жақтары	Әлсіз жақтары
<p>Қазақстан аумағы бойынша әлемде тоғызыншы орынды иеленеді ;</p> <p>Қазақстан жан басына шаққандағы жыртылған жерлердің алаңы бойынша әлемде екінші орынды иеленеді;</p> <p>Қазақстан астық пен ұн бойынша ірі экспорттаушылардың қатарына кіреді; ауыл халқының көптігі (барлық халықтың</p>	<p>елдің ЖІӨ-сінің төмен үлесі (4,8%);</p> <p>сауданың, оның ішінде экспорттық сауданың дамымағандығы;</p> <p>ғылыми-зерттеу және тәжірибелік-конструкторлық жұмыстарды енгізудің төмен деңгейі;</p>

43%-ы), жұмыспен қамтылғандардың жоғары үлесі (жұмыспен қамтылған халықтың 18%-ы); ТМД және Орталық Азия елдерінің өткізу нарықтарының азық-түлік өнімдеріне деген жоғары әлеуетті сұранысы; АӨК жалпы өнімінің тұрақты өсімі; органикалық өнім өндірісі мен экспортының жоғары әлеуеті	ветеринария және тамақ қауіпсіздігі деңгейінің төмендігі; жоғары капитал сыйымдылығы; өзін-өзі ақтау мерзімінің ұзақтығы; табиғи-климаттық жағдайларға тәуелділік; төмен еңбек өнімділігі; АШТӨ табысының төмен деңгейі
Мүмкіндіктер	Қауіп-қатерлер
халық санының өсуіне және тамақтану құрылымының өзгеруіне байланысты ауыл шаруашылығы өнімдерінің барлық түрлерінің көлемін ұлғайту мүмкіндігі; АШТӨ-ні және ауыл шаруашылығы кооперативтерін тиімді мемлекеттік қолдауды қалыптастыру; перспективалы салалар бойынша жеткізілімдер географиясын және экспорт көлемін кеңейту	табиғи-климаттық жағдайлардың қолайсыз өзгерістері, ауа-райы жағдайларының тұрақсыздығы; жануарлар мен өсімдіктер ауруларының таралуы және табиғи ортаның ластануы; ДСҰ-ға кіруге байланысты жекелеген өнім түрлері бойынша халықаралық нарықтардағы бәсекелестіктің өсуі; сапаны тиімсіз мемлекеттік реттеу тәуекелі


3.1. Ішкі нарықтың және экспорттың АӨК өнімімен қамтамасыз етілуі және ауыл шаруашылығы кооперациясы

Жалпы азық-түлік тауарларының өндіріс көлемінің орташа жылдық өсу қарқыны халықтың тұтынысы мен кірісінің өсу қарқынына үлгермейді, осының нәтижесінде нарықтағы бос тауаша импорт есебінен толтырылады және оның үлесі ішкі тұтытуда едәуір жоғары күйінде қалып отыр.

Тамақ өнімдері өндірісінің жалпы шығарылымы 2015 жылы 1,1 трлн. теңгені құрады, бұл нақты мәнде 2011 жылдың деңгейінен 12,5%-ға жоғары.

Тамақ өнімдерін өндіру құрылымындағы негізгі үлес астықты қайта өңдеу саласына (22,3%), сүт (16,7%), нан және нан-тоқаш (15%), етті қайта өңдеу (13,6%), май-тоң май (7,9%), жеміс-көкөніс (7,6%) салаларына және өзге салаларға (16,9%) тиесілі.

2-диаграмма. 2015 жылғы ақшалай мәндегі ауыл шаруашылығы өнімін қайта өңдеу өнімінің өндірісі, млн теңге




Елдің ауыл шаруашылығы шикізатын қайта өңдеу және тамақ өнеркәсібі өнімдері бойынша сыртқы саудадағы тауар айналымының көлемі 2015 жылы 3,2 млрд АҚШ долларын құрады, бұл 2011 жылдың көлемінен (3,8 млрд АҚШ доллары) 17,7%-ға төмен.

Ауыл шаруашылығы шикізатын қайта өңдеу және тамақ өнеркәсібі өнімдері бойынша экспорт көлемі 6,5%-ға (1,0 млрд АҚШ долларынан 0,9 млрд АҚШ долларына дейін) азайды.

Импорт көлемі 2015 жылы 2011 жылмен салыстырғанда 21,6%-ға азайды және 2,3 млрд АҚШ долларын құрады.

Анағұрлым жоғары технологиялы өндіріс бойынша импорттың жоғары үлесі сақталуда. Орташа есеппен бес жылда мал шаруашылығы өнімін қайта өңдеу өнімдері бойынша импорттың анағұрлым жоғары үлесі ірімшік пен сүзбеге (51%), шұжық өнімдеріне (46%), ет және ет-өсімдік консервілеріне (40%) және сары майға (36,4%) тиесілі. Өсімдік шаруашылығы өнімін қайта өңдеу өнімдері бойынша импорттың анағұрлым жоғары үлесі қант (42%) бойынша байқалады, ал құрақ қант шикізатын әкелу есебінен импорт 97%-ға дейін жетеді. Бұл ретте қант зауыттарының өндірістік қуаттары 37,1 %-ға жүктелген. 2015 жылы жеміс пен көкөністі қайта өңдейтін кәсіпорындардың жүктелуі 27% деңгейінде болғанда жеміс-көкөніс консервілерінің импорты 98,7 мың тоннаны немесе ішкі тұтынудың 84%-ын құрады. Ішкі тұтынудағы май-тоң май өнімдері импортының үлесі 30-40%-ға жетеді. Бұл ретте, май-тоң май кәсіпорындарының қуаты 45-50% -ға жүктелген. Өндірістік қуатты жүктеуге арналған сапалы шикізаттың жетіспеушілігі проблемасы жалпы барлық қайта өңдеу саласы үшін өткір мәселе. Жарма мен ұн өндірісі ішкі тұтынуды толығымен қамтамасыз етеді (осы Бағдарламаға 1-қосымшаны қараңыз).

3-диаграмма. АӨК өнімдерінің экспорты, импорты және сальдосы, млрд АҚШ доллары



Қайта өңделген немесе консервіленген картоп өндірісінің көлемі 0,4 мың тоннаны, ішкі тұтытудағы импорт үлесі 98%-ды құрады. Картопты қайта өңдеу кәсіпорындарының өндірістік қуаты 23%-ға жүктелген.

Жаңа ауланған, салқындатылған және мұздатылған балықтың ішкі нарығы 70 мың тонна деңгейінде бағаланады. Ішкі тұтытудағы импорттың үлесі 75%-ды құрайды.


Балықты қайта өңдейтін кәсіпорындардың қуаты жылына 64 мың тоннаны, жүктелуі 43%-ды құрайды.

Қайта өңдеу қуаттылықтарын орналастыру ірі балық кәсіпшілігі су айдындарына байланыстырылған. Балық шығарылымының негізгі көлемі Атырау және Қызылорда облыстарына тиесілі.

2015 жылы жаңа ауланған, салқындатылған немесе мұздатылған балықтың өндіріс көлемі 24,7 мың тоннаны, дайындалған немесе консервіленген балық өндірісінің көлемі 9,4 мың тоннаны құрады.

Экспорт 52,6 млн АҚШ доллары сомасына 24,9 мың тоннаны құрады. Балық және балық өнімдерінің импорты 61,5 млн АҚШ доллары сомасына 52,2 мың тоннаны құрады (осы Бағдарламаға 2-қосымшаны қараңыз).

4-диаграмма. 2015 жылы қайта өңдеу өнімдерін өндіру және өткізу, %



Жүргізілген талдау тамақ өнімдерінің ішкі нарығында, оның ішінде отандық кәсіпорындарда дәстүрлі түрде шығарылатын сары май мен өсімдік майы, ірімшік пен сүзбе, шұжық өнімдері мен қант, жеміс-көкөніс және ет консервілері сияқты азық-түлік тауарларының түрлері бойынша айтарлықтай дәрежеде импорт барын көрсетеді. Бұл ретте елімізде өндірілетін ауыл шаруашылығы өнімін қайта өңдеу үлесінің төмендігі және қайта өңдеуші кәсіпорындардың өндірістік қуатының жете жүктелмегендігі байқалады.

АӨК-ні техникалық реттеу саласында ЕАЭО шеңберінде 12 техникалық регламент және оларға стандарттар тізбесі қабылданды. АӨК-нің негізгі өнім түрлеріне арналған ЕАЭО-ның тағы да 4 техникалық регламентін әзірлеу жоспарлануда. Аталған регламенттер АӨК өнімдерінің қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында әзірленуде. Алайда сапасыз өнім өткізу фактілері бар.

Қалыптасқан жағдайдың негізгі себептерінің бірі АШТӨ-ден алынған өнімді дайындау мен ауыл шаруашылығы шикізатын өңдеуші кәсіпорындарды қоса алғанда, өткізу нарығына жылжыту жүйесінің дамымағандығы болып табылады. Өткізу желісіндегі делдалдар рөлінің күшеюі өндірушілер мен шикізатты қайта өңдеушілердің өзара байланысын толықтай жойды. Ауыл шаруашылығы өнімдеріне деген төмен сатып алу бағасы олардың өндіріс көлемін ұлғайтуды ынталандырмайды, бұл нәтижесінде ауыл шаруашылығы шикізатын қайта өңдеудің төмен үлесіне, қайта өңдеуші кәсіпорындар қуатының жете жүктелмеуіне және соңында азық-түлік тауарлары импортының жоғары үлесіне алып келеді.

Ұсақ және орта отандық АШТӨ-нің өнімі сапасы және орамы жағынан шетелдік жеткізушілерге біршама жол береді және олармен табысты түрде бәсекелесуге қабілетсіз. Көптеген шаруашылықтар қаржының және білікті кадрлардың жетіспеуіне, санитариялық талаптарды орындау үшін жоғары шығындардың қажет етілуіне, салық заңнамасының жетілдірілмеуіне байланысты өздерінің етін, сүті мен басқа да өнімдерін қайта өңдеуді ұйымдастыра алмайды. Өзінің сауда желісінің болмауы да әсер етеді, оны құру және ұстау әр кәсіпорын үшін қолжетімді бола бермейді.

Көрсетілген проблемаларды шешудің аса тиімді құралы АШТӨ кооперациясы болып табылады.

2015 жылғы қазанда "Ауыл шаруашылығы кооперативтері туралы" ҚР Заңы қабылданғанға дейін ауыл кооперациясын дамытуды мемлекеттік қолдау тетігінің екі моделі қолданыста болды:

Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі (бұдан әрі - ҚР АШМ) желісі бойынша "Аграрлық несие корпорациясы" АҚ арқылы ауылдық тұтыну кооперативтерін құруға 5-7 жылға 5%-бен жеңілдетілген кредит беру жолымен;

"Әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорациясы" ҰК" АҚ өңірлік желілері ("Оңтүстік", "Жетісу", "Ертіс", "Тобыл", "Батыс", "Сарыарқа", "Каспий") бойынша ауылдық тұтыну кооперативтеріне аграрлық сервистік қызмет ұсыну бойынша сервистік-дайындау орталықтарын (бұдан әрі - СДО) құру жолымен.

Алайда қабылданған мемлекеттік қолдау шараларына қарамастан ауылдық кооперация тиісті түрде дамымады.

Талдау олардың дамуын тежейтін негізгі проблемаларды анықтауға мүмкіндік берді:

кооперациялардың артықшылығын және кооперативтердің жұмыс істеу тетіктерін түсіндіру бойынша жұмыстың жеткілікті түрде жүргізілмеуіне байланысты АШТӨ мен ауыл тұрғындарының кооперативтендіруге сенбеуі;

басқарушы персоналдың кәсіби даярлығының төмендігі және мамандардың жетіспеушілігі;

мемлекеттің кооперативтендіру процестерін жеткілікті түрде ынталандырмауы;

негізгі кооперативтік қағидаттардың (еріктілік, демократиялылық, 1 мүше = 1 дауыс және басқалар) бұзылуы;

АШТӨ-ні өз мүшелеріне көрсетілетін қызметтерді ұсыну емес, жеңілдетілген кредит алу мақсатында біріктіру;

бастамашы, кепіл беруші, кооперативтің нақты иесі, кооператив қызметінен түсетін барлық пайданы бөлуші болып табылатын бір ірі шаруашылықтың мүддесінде "жалған кооперативтер" құру, өйткені дәл сол шаруашылық өнімді сатып алуды және өткізуді жүзеге асырады;

жеткіліксіз немесе өтімсіз кепілмен қамтамасыз ету;

АШТӨ-ні ауыл шаруашылығы кооперативтеріне біріктіруге ынталандырудың жоқтығы, атап айтқанда кооперативтің коммерциялық емес деген мәртебесінің болуына байланысты кооперативтің таза кірісін оның мүшелері арасында бөлу мүмкіндігінің болмауы.


3.2. Өсімдік шаруашылығы

2015 жылы жалпы өсімдік шаруашылығы өнімінің көлемі 1,8 трлн. теңгені құрады, бұл нақты мәнде 2011 жылдың деңгейінен 10,5%-ға төмен. Ауыл шаруашылығы өнімдерінің жалпы шығарылымы құрылымындағы саланың үлесі 55,2%-ды құрады.

Ауыл шаруашылығы дақылдарының егіс алаңы соңғы 5 жылда 21 млн гектарды құрады және болмашы ғана өзгерді, негізі өзгерістер оның құрылымында байқалды. Егістіктердің айтарлықтай үлесі бидайға берілген, бірақ монодақылдылықтан бас тартуға және басқа дақылдардың алаңын кеңейтуге бағытталған өсімдік шаруашылығын әртараптандыру саясатының арқасында 2011 жылдан бастап бидай егістіктері 2015 жылы 13,8 млн гектардан 11,8 млн гектарға дейін қысқарды (осы Бағдарламаға 3-қосымшаны қараңыз).

Көрсетілген жылдары арпаның алаңы 578,5 мың гектарға немесе 37,6%-ға, сұлы - 66,3 мың гектарға (45,2%), жүгері (маис) - 40,4 мың гектарға (41,0%), майлы дақылдар – 193,6 мың гектарға (10,7%), азықтық дақылдар – 1,0 млн гектарға (40,8%), көкөніс-бақша дақылдары – 37,8 мың гектарға (19,2%), картоп – 6,2 мың гектарға (3,4%) өсті.

5-диаграмма. 2011-2015 жылдардағы егіс алаңдарының серпіні, млн гектар



2011 - 2015 жылдары дәнді дақылдардың егіс алаңы 16,2 млн гектардан 15,0 млн гектарға дейін қысқарды. Осы бес жылда орташа жылдық астық жиналымы 18,8 млн тоннаны құрады, бұл 2006 - 2010 жылдардағы ұқсас көрсеткіштен 10,1%-ға артық. Бұл ретте дәнді дақылдардың орташа түсімділігі 12,3 ц/гектарды (10,4%-ға артық) құрады (осы Бағдарламаға 4-қосымшаны қараңыз).

Майлы дақылдардың егіс алаңы 2015 жылы 2,0 млн гектарды немесе жалпы егіс алаңының 9,5%-ын құрады. 2011 жылмен салыстырғанда майлы дақылдардың жалпы алаңындағы күнбағыстың үлес салмағы 15,6 пайыздық

тармаққа қысқарды, бұл ретте рапстың үлесі - 3,6% пайыздық тармаққа, зығырдың үлесі 13,4% пайыздық тармаққа, сояның үлесі - 1,3% пайыздық тармаққа ұлғайды (осы Бағдарламаға 5-қосымшаны қараңыз).

2015 жылы азықтық дақылдар алаңы 3,5 млн гектарды құрады, бұл 2011 жылдың деңгейінен 40,8%-ға артық. Жалпы егіс алаңына қарағанда азықтық дақылдардың егіс алаңының үлесі 16,6%-ды құрады, ол 2011 жылы 11,8%-ды құраған болатын.

Көрсетілген кезеңде көпжылдық шөптер алаңы - 16,1%-ға, біржылдық шөптер алаңы 3,3 есеге өсті. Алайда азықтық дақылдардың жалпы жиналымы мал шаруашылығының қажеттілігін қамтамасыз ету үшін жеткіліксіз (осы Бағдарламаға 6-қосымшаны қараңыз).

2011 - 2015 жылдар аралығындағы кезеңде көкөніс дақылдарының егіс алаңы 8,4%-ға ұлғайды, бұл ретте көкөніс өндірісі 23,9%-ға ұлғайды. Ішкі тұтытудағы импорттың үлесі 2015 жылы 11%-ды құрады (осы Бағдарламаға 7-қосымшаны қараңыз).

6-диаграмма. 2011-2015 жылдардағы майлы дақылдардың егіс алаңдарының құрылымы және жалпы жиналымы



2015 жылы жабық топырақтағы құрылыстардың алаңы 967,8 гектарды, жылыжай көкөністерінің жалпы жиналымы 147,7 мың тоннаны құрады, бұл 2011 жылмен салыстырғанда 120 мың тоннаға артық. Халықтың жылыжай көкөністерімен қамтамасыз етілуі 60%-ды құрайды.

2015 жылы картоптың егіс алаңы 190,6 мың гектарды, жалпы жиналымы 3 521,1 мың тоннаны құрады, бұл 2011 жылдың деңгейінен тиісінше 3,4% және 14,5%-ға артық (осы Бағдарламаға 8-қосымшаны қараңыз). Бұл ретте, ірі АШТӨ өндіретін картоп толығымен қалалардың нарықтарына, тұқымға және экспортқа кетеді.

2015 жылы жеміс-жидек дақылдары мен жүзімдіктердің алаңы 57,5 мың гектарды, жалпы жиналымы 280,2 мың тоннаны құрады, бұл 2011 жылдың деңгейінен тиісінше 5,3% және 19,2%-ға артық. Көрсетілген көлем республика халқының қажеттілігін 54%-ға қамтамасыз етуге мүмкіндік берді, ал тапшылық импорттық өнімдер есебінен жабылады (осы Бағдарламаға 9-қосымшаны қараңыз).

2015 жылы қант қызылшасының егіс алаңы 9,2 мың гектарды құрады, бұл 2011 жылдың деңгейінен 49,5%-ға аз. 2011 - 2015 жылдар кезеңінде қант қызылшасы өндірісінің орташа жылдық көлемі 122,9 мың тоннаны құрады, бұл 2006 - 2010 жылдар көрсеткіштерімен салыстырғанда 99,5 мың тоннаға немесе 45%-ға аз. Қант қызылшасы өндірісі көлемінің жеткіліксіздігі себебінен республикаға жыл сайын орта есеппен 255 мың тонна көлемінде құрақ қант шикізаты импортталады (осы Бағдарламаға 10-қосымшаны қараңыз).


Шитті мақта өндірісі Оңтүстік Қазақстан облысында шоғырланған. 2011 - 2015 жылдар аралығындағы кезеңдегі әртараптандыру бойынша қабылданған шаралар шеңберінде мақтаның егіс алаңдарының төмендеуі 61,3 мың гектарды немесе 38,2%-ды құрады, орташа жылдық түсімділік 25,9 ц/гектар болғанда шитті мақтаның жалпы жиналымы 62,1 мың тоннаға немесе 18,5%-ға азайды (осы Бағдарламаға 11-қосымшаны қараңыз).

Өсімдік шаруашылығы өнімінің өндірістік шығындарының құрылымында шығымдылыққа тікелей ықпал ететін шығындар (тұқымдар, жанар-жағармай материалдары, тыңайтқыштар, өсімдіктерді қорғау құралдары мен негізгі құралдардың амортизациясы) 70%-ға дейін құрайды.

2016 жылы дәнді дақылдардың (бидай, арпа, сұлы) егіс алаңының 1 гектарына арналған АШТӨ өндірістік шығындары орта есеппен 1 гектарға 31657 - 36834 теңгені, астыққа арналған жүгері 114488 теңгені, майлы дақылдар 26487 теңгеден (рапс) 40159 теңгеге (күнбағыс) дейін, қант қызылшасы 215407 теңгені құрайды.

Республикада ауыл шаруашылығы дақылдарының тұқымдарын өндіру мен өткізуді 362 аттестатталған тұқым өндіруші жүзеге асырады, бұл ретте басым көпшілігі (74%) дәнді дақылдар тұқымын өндірумен айналысады, майлы дақылдар бойынша 66 субъект, азықтық шөптер бойынша - 55, жүгері бойынша - 9, қант қызылшасы бойынша - 2 субъект аттестатталған. Осыған байланысты, республикада өндірілген көрсетілген дақылдар тұқымдарының көлемі оларға деген қажеттілікті жаппайды және тұқым импортының айтарлықтай үлесі байқалады.


7-диаграмма. Әр түрлі репродукцияның тұқымдары себілген егістер үлесі, %



2015 жылдан бастап тұқым шаруашылығын субсидиялау тетігінің өзгеруіне, ең төменгі нормалар бойынша 1-репродукциялы тұқымдарды субсидиялауға көшуге байланысты элиталық тұқымдар себілген алаңдар үлесі төмендеді. Айталық, 2011 жылы аталған көрсеткіш 4,4%-ды, 2014 жылы - 6,3%-ды, 2015 жылы - 3,4%-ды құраған болатын (осы Бағдарламаға 12-қосымшаны қараңыз).

Органикалық тыңайтқыштар енгізілген алаң 2015 жылы шамамен 69 мың гектарды құрады, бұл 2011 жылдың деңгейінен 29,1%-ға төмен. Егіс алаңы 21-22 млн гектар болған кездегі республиканың органикалық тыңайтқыштарға деген жыл сайынғы қажеттілігі ғылыми-негізделген енгізу нормасы гектарына 5 тонна жағдайында шамамен 100-110 млн тоннаны құрайды.


8-диаграмма. Тыңайтқыштарды қолдану серпіні



2011 - 2015 жылдары орташа есеппен жыл сайын 109,1 мың тонна әсер етуші заттағы минералды тыңайтқыш енгізілді. Ауыл шаруашылығының минералды

тыңайтқыштарға деген жыл сайынғы қажеттілігі әсер етуші затта 1,0 млн тоннаны немесе нақты салмақта шамамен 2,5 млн тоннаны құрайды. Бұл ретте, 48%-ы азотты тыңайтқыштардың үлесіне, 51%-ы фосфорлы тыңайтқыштардың үлесіне және 1%-ы калийлі тыңайтқыштардың үлесіне тиесілі (осы Бағдарламаға 13-қосымшаны қараңыз).

9-диаграмма. Өсімдік шаруашылығын субсидиялау серпіні, млрд теңге




Өсімдік шаруашылығындағы субсидиялау құралдары басым ауыл шаруашылығы дақылдары мен бақтарды гектарлық субсидиялауға бағытталған. Сонымен бірге, талдау бұл субсидиялау түрінің төмен тиімділігін көрсетіп отыр: біріншіден, ол АШТӨ-ні агротехнологиялар деңгейін, өндірілетін өнім түсімділігі мен сапасын арттыруға ынталандырмайды; екіншіден, ведомствоаралық комиссия (бұдан әрі - ВАК) мүшелері гектарлық субсидия туралы шешімді көбіне егістердің бар-жоғын іс жүзінде тексерместен қабылдайды; үшіншіден, АШТӨ орындалған жұмыстар көлемін (егістер алаңының көлемдерін) жоғарылатып көрсетеді.

Бұдан басқа, өсімдік шаруашылығында минералды тыңайтқыштар, гербицидтер, биоагенттер (энтомофагтар) және биопрепараттар, тұқымдар, шитті мақта мен мақта талшығының сапасын сараптауға арналған шығындар құны, сондай-ақ ақ қант өндіру үшін қант қызылшасын сатып алу субсидияланады (осы Бағдарламаға 14-қосымшаны қараңыз).

Республикада фитосанитариялық қауіпсіздік қанағаттанарлық деңгейде. Зиянкестермен күрестің биологиялық әдістерін қолдану дамуда. Сонымен бірге, ошақтары соңғы жылдары оқшау түрде ұлғайған карантиндік объектілердің жаңа түрлері (жеміс ағаштарының бактериялы күйігі, оңтүстік америкалық қызанақ күйесі) анықталды. Карантиндік объектілер мен аса қауіпті зиянды организмдердің таралу алаңы 2016 жылғы жағдай бойынша 5 085,4 мың гектарды құрайды (осы Бағдарламаға 15-қосымшаны қараңыз).

АШТӨ жерлеріндегі карантиндік арамшөптерді қоспағанда, карантиндік объектілер мен аса қауіпті организмдерге қарсы химиялық өңдеулер жүргізу жөніндегі іс-шаралар республикалық бюджет (бұдан әрі - РБ) есебінен қаржыландырылады. Зиянды организмдерге қарсы іс-шаралар жергілікті бюджет (бұдан әрі - ЖБ) есебінен қаржыландырылады. Карантиндік объектілермен және аса қауіпті зиянды организмдермен күрес фитосанитариялық саламаттылықты қамтамасыз ету процесіне АШТӨ-ні тікелей тарту жолымен жүзеге асырылады.

10-диаграмма. Қазақстан Республикасы аумағында жекелеген карантиндік объектілердің таралу серпіні, гектар



Салада мынадай проблемалар бар:

1. Ауыл шаруашылығы дақылдарының егіс алаңдарын әртараптандырудың жеткіліксіз қарқыны.
2. Ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлердің ұтымсыз пайдаланылуы.
3. Ұсынылатын ғылыми негізделген ауыспалы егістердің сақталмауы.
4. Тұқым шаруашылығының жеткіліксіз дамуы.
5. АШТӨ-нің химиялау құралдарын (тыңайтқыштар, пестицидтер және т.б.) жеткіліксіз қолдануы.

6. АШТӨ-нің техникалық және технологиялық жарактандырылу деңгейінің төмендігі.

7. Негізгі ауыл шаруашылығы дақылдарының жоғары емес түсімділігі.

8. Қолданылатын технологиялардың, стандарттардың, сертификаттау мен сапаны басқару жүйелерінің талаптарға сәйкес келмеуі.

9. Өңірлерге байланыстыра отырып, бақшаға жарамды аумақтарды айқындау бойынша жұмыстардың жеткіліксіздігі.

10. Аса қауіпті зиянды организмдерді есепке алудың, бақылаудың әлсіздігінен және олардың елге енуінен барлық дақылдық сорттардың арғы тегі жабайы алманың гендік қорын жоғалтып алу қатерінің болуы.

11. Фитосанитариялық заңнамада тыйымдар мен шектеулер енгізу тетігінің, фитосанитариялық тәуекелге талдау жүргізу нормаларының жоқтығы.

12. Зиянды, аса қауіпті организмдермен күресу жөніндегі фитосанитариялық іс-шараларды және карантиндік объектілерді оқшаулау мен жою жөніндегі іс-шараларды жүргізу бойынша АШТӨ-нің фитосанитариялық сауаттылығы деңгейінің төмендігі.

13. ЕАЭО мен ДСҰ-ға мүшелік шеңберінде сауда әріптестері мен тауар айналымының кеңеюіне байланысты ҚР-да бұрын тіркелмеген карантиндік объектілердің интродукциялану және таралу тәуекелінің артуы.

14. Көптеген АШТӨ үшін субсидиялардың қолжетімділігі дәрежесінің төмендігі.

15. Субсидиялаудың түпкілікті нәтиже мен өңірлердің мамандануына байланысының болмауы.

16. Гектарлық субсидия тиімділігінің төмендігі.

3.3. Мал шаруашылығы


Жалпы мал шаруашылығы өнімінің көлемі 2015 жылы 1,5 трлн. теңгені құрады, бұл нақты мәнде 2011 жылдың деңгейінен 5,1%-ға жоғары. Ауыл шаруашылығы өнімдерінің жалпы шығарылымы құрылымындағы саланың үлесі 44,4%-ды құрады.

2016 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша ірі қара мал басының саны 2011 жылмен салыстырғанда 8,3%-ға, жылқы - 28,7%-ға, қой - 1,5%-ға, құс - 8,3%-ға ұлғайған.

2015 жылы мал шаруашылығы өнімдері өндірісінде жеке қосалқы шаруашылықтардың (бұдан әрі - ЖҚШ) үлесіне жалпы өндіріс көлемінің ет бойынша 62%-ы, сүт бойынша 80%-ы, жұмыртқа бойынша 26%-ы тиесілі болды.

2016 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша еттің барлық түрінің өндірісі 931,0 мың тоннаны құрады, бұл көрсеткіш 2011 жылмен салыстырғанда 0,9%-ға төмендеген.

11-диаграмма. Мал басының саны, млн бас



2015 жылдың қорытындылары бойынша тұтыну құрылымында сиыр етінің импорты 3,7%-ды, шошқа еті бойынша - 3,9%-ды, жылқы еті бойынша - 3%-ды, қой еті бойынша - 0,01 %-ды құрады, бұл аталған өнім түрлерінің жоғары экспорттық әлеуетін білдіреді. Құс еті өндірісінің өсуіне қарамастан аталған өнім бойынша импортқа тәуелділік дәрежесі жоғары (54%) күйінде қалып отыр.

Барлық түрдегі сүт өндірісі 2015 жылы 5182,4 мың тоннаны құрады. Сүтті қайта өңдеу өнімдерін тұтыну құрылымында импорттың үлесі 10%-дан 40%-ға дейін құрайды.

Жұмыртқаның ішкі өндірісі ішкі нарықтың қажеттілігін толық жабады. Тауарлы жұмыртқаның экспорты жалпы шамамен 2%-ын құрайды. (осы Бағдарламаға 16-қосымшаны қараңыз).

Мал шаруашылығы өнімі өндірістік шығындарының құрылымында азықтар 65-70%-ды құрайды. Сиыр етінің өнеркәсіптік негіздегі өндірісінің өзіндік құнының 1 килограммы 870-930 теңгені, сүттің 1 литрі 70-75 теңгені, құс етінің 1 килограммы 430-450 теңгені, жұмыртқаның 1 данасы 15-15,5 теңгені, қой етінің 1 килограммы 690-720 теңгені, шошқа етінің 1 килограммы 610-620 теңгені, жылқы етінің 1 килограммы 550 теңгені құрайды.

Соңғы бес жыл ішінде отандық АШТӨ-дегі ауыл шаруашылығы жануарларының орташа өнімділігі артты, бірақ дамыған елдер деңгейінен төмен күйінде қалып отыр. Мысалы, елдегі орташа сүт сауылымы бір сауын сиырға 2200 кг құрайды, ал Канадада бұл көрсеткіш 4 есеге жоғары (осы Бағдарламаға 17-қосымшаны қараңыз).



Қазіргі уақытта бір шартты басқа 14 центнер азықтық бірлік өндіріледі, бұл зоотехникалық нормалардан 2 есеге төмен. 2015 жылғы құрама жем өндірісі кәсіпорындардың жиынтық қуаттылығы 2,5 млн тонна болғанда 1,2 млн тоннаны құрады.

Ауыл шаруашылығы жануарларының барлық түрлері мен құстың асыл тұқымды басының үлесі айтарлықтай ұлғайды және 2015 жылдың қорытындылары бойынша: ірі қара мал (бұдан әрі - ІҚМ) -10,6%-ға, қой - 15,1%-ға, шошқа - 19,9%-ға, жылқы - 7,9%-ға, түйе - 13,1%-ға және құс - 17,1%-ға ұлғайған (осы Бағдарламаға 18-қосымшаны қараңыз).

Мал шаруашылығындағы субсидиялау құралдары сатып алынған асыл тұқымды жануарлардың құнын, селекциялық-асыл тұқымдық жұмыс жүргізуге, ауыл шаруашылығы жануарларын қолдан ұрықтандыруға арналған шығындарды арзандатуға, мал шаруашылығы өнімін өндіру құнын арзандатуға бағытталған (осы Бағдарламаға 19-қосымшаны қараңыз).


Мал шаруашылығын мемлекеттік қолдау көлемі 2015 жылы 2011 жылмен салыстырғанда 3 есеге ұлғайды. Мемлекеттік қолдау шараларымен мал шаруашылығының барлық бағыттары қамтылды.

12-диаграмма. Мал шаруашылығы салаларын субсидиялау серпіні, млрд теңге



Жалпы сиыр етін өндіру көлемінің 6%-ы субсидиялаумен қамтылды. Бұл ретте сиыр етін өндіру көлемінің 70%-дан астамы ЖҚШ-ға тиесілі, ол субсидияланбайды.


13-диаграмма. 2015 жылы мал шаруашылығы өнімдерін субсидиялаумен қамту, мың тонна




Жалпы сүт өндіру көлемінің 4,7%-ы субсидиялаумен қамтылды. Бұл ретте сүт өндіру көлемінің 80%-ы ЖҚШ-ға тиесілі (осы Бағдарламаға 20-қосымшаны қараңыз).

2015 жылы жіті инфекциялық аурулардың 248 ошағы тіркелді, нәтижесінде Қазақстанның бірқатар облыстары үшін мал шаруашылығы өнімінің экспортына тыйым салынды (осы Бағдарламаға 21 және 22-қосымшаларды қараңыз).

14-диаграмма. Жануарлардың аса қауіпті аурулары бойынша эпизоотиялық ахуал (жағдайлар саны)



15-диаграмма. Жануарлардың созылмалы аурулары бойынша эпизоотиялық ахуал (жағдайлар саны)



Салада мынадай проблемалар бар:

1. Ауыл шаруашылығы жануарлары мен құстың төмен өнімділігі.

2. Азықтық базамен жеткіліксіз қамтамасыз етілу.
3. Жануарлар мен құстың асыл тұқымды басының төмен үлесі.
4. Азықтық және жемдік дақылдар себілетін егіс алаңдарының жеткіліксіздігі.
5. Жайылымдық алқаптарды ұтымсыз пайдалану.
6. Құрама жем кәсіпорындарында айналым қаражатының жеткіліксіздігі.
7. Ауыл шаруашылығы жануарларын ветеринариялық-санитариялық іс-шаралармен толық қамтымау.
8. Ветеринария заңнамасының халықаралық талаптармен үйлестіру бөлігінде жетілдірілмеуі.
9. Өңірлердің жануарларды бірдейлендіруге арналған құралдармен (бұйымдармен) және атрибуттармен уақтылы қамтамасыз етілмеуі.
10. Ауылдық елді мекендерді жоғары жылдамдықты, сапалы интернет байланысымен толық қамтымау.
11. Көптеген АШТӨ үшін субсидиялардың қолжетімділігі дәрежесінің төмендігі.
12. Субсидиялаудың түпкілікті нәтиже мен өңірлердің мамандануына байланысты болмауы.
13. Мал шаруашылығы салаларының ішінде өнімдердің басымдылық тәртібінің болмауы.

3.4. Акваөсіру

Бүгінде Қазақстанда негізгі балық ресурстары табиғи су айдындарынан ауланады, бұл ретте акваөсіру әлсіз дамыған. Айталық, 2015 жылы балық өсіру көлемі 0,7 мың тоннаны, ал табиғи су айдындарынан балық және басқа да су жануарларын аулау 41,5 мың тоннаны құрады.

Балық өсіруді 75-тен астам балық өсіру шаруашылығы жүзеге асырады, оның ішінде: 42 көлді-тауарлы балық өсіру шаруашылығы (бұдан әрі - КТБӨШ), 17 тоғандық, 10 тұйықталған сумен қамтамасыз ету қондырғылары (бұдан әрі - ТСКЕК) бар индустриялық балық өсіру шаруашылығы, 3 бассейндік және 3 шарбақты балық өсіру шаруашылығы.

Дегенмен салада мынадай проблемалар бар:

1. Жеке балық өсіру шаруашылықтарының арнайы азықтармен қамтамасыз етілмеуі.
2. Кәсіпкерлерді балық өсірудің заманауи технологияларымен ақпараттық-консультациялық қамтамасыз етудің жеткіліксіздігі.
3. Акваөсірудің нормативтік құқықтық және нормативтік-техникалық базасының жетілдірілмеуі.

3.5. Органикалық ауыл шаруашылығы өнімдерінің өндірісі

Қарқынды ауыл шаруашылығын жүргізуге өту, генетикалық-түрлендірілген организмдерді (бұдан әрі - ГТО), улы химикаттарды, минералды тыңайтқыштарды, антибиотиктерді және жануарлар өнімділігінің жеделдеткіштерін кеңінен пайдалану қоршаған орта мен адамдардың денсаулығына ғана емес, жалпы қоғамдағы экономикалық және әлеуметтік тұрақтылыққа кері әсерін тигізеді. Топырақтың биоәлеуетін, өсімдіктерді, жануарларды барынша пайдаланудың көмегімен органикалық ауыл шаруашылығы экологиялық, әлеуметтік және экономикалық тәуекелдерді барынша төмендетуге ықпал етеді, сондай-ақ ауыл тұрғындарына өз кірістерінің деңгейін арттыруға, өмір сапасын жақсартуға мүмкіндік береді. Қазақстандық ауыл шаруашылығы еңбеккерлері үшін экоөнім өндірісі перспективалы, бірақ әлі жеткілікті дәрежеде дамымаған болып табылады, бұл оларға жаңа мүмкіндіктер ашады. Бұл инновациялық бағыт және оның негізгі міндеттердің бірі - аға ұрпақтан мұра болып қалған жергілікті дәстүр мен мәдениетті сақтау, сондай-ақ ауыл шаруашылығын жүргізудің оң тәжірибесін пайдалану.

Бұдан басқа, органикалық ауыл шаруашылығы өнімінің өндірісі және оны өткізу Қазақстан АӨК-сінің объективті, ұлттық бәсекелестік артықшылығы болып табылады.

"Органикалық өнім өндіру туралы" ҚР Заңы пестицидтерді, синтетикалық минералды тыңайтқыштарды, өсімді реттегіштерді, жасанды тамақ қоспаларын пайдаланудан бас тартуды көздейді, сондай-ақ ГТО-ны пайдалануға тыйым салады. Органикалық өнімді алу топырақты, табиғи экожүйелерді дұрыс жағдайда ұстаумен және жақсартумен бірге жүреді, дамудың тұрақты болмауына байланысты қатерді барынша азайтады, халықтың денсаулығы және саламаттылығы үшін жағдай жасайды.

Органикалық өнім өндірісінің және айналымының ұлттық жүйесі халықаралық жүйемен сәйкес болуы және Қазақстандағы ауыл шаруашылығының ерекшелігін есепке алуы тиіс.

Органикалық ауыл шаруашылығын жүргізу жүйесін қалыптастыру индустриялық ауыл шаруашылығы өндірісінен бас тартуды білдірмейді: ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізудің органикалық және индустриялық жүйесі ішкі және халықаралық нарықтардағы органикалық өнімге деген ағымдағы және мүмкін болатын қажеттіліктерді қанағаттандыратын, аграрлық технологияға біртіндеп трансформациялана отырып, бір-біріне параллель тиімді жұмыс істей алады.

Ресми статистика 2016 жылғы жағдай бойынша органикалық өнім өндірісін жүзеге асыратын кәсіпорындардың есебін жүргізбейді.

Қазақ АӨК экономикасы және ауылдық аумақтарды дамыту ғылыми-зерттеу институтының деректері бойынша республика аумағында 29 органикалық өнім өндіруші және қайта өңдеу, сақтау, тасымалдау және органикалық өніммен байланысты басқа да операциялар үшін сертификатталған 19 компания жұмыс істейді. 2015 жылы органикалық өнім өндірісі шамамен 300 мың тоннаны құрады, оның ішінде шамамен 10 млн АҚШ доллары сомасына 62 мың тонна өнім Ұлыбританияға, Италияға, Германияға, Францияға, Бельгияға, Нидерландыға, Польшаға, Ресейге, Украинаға және басқа да елдерге экспортталды (осы Бағдарламаға 23-қосымшаны қараңыз.)

Органикалық өнім өндірісінің дамуын мынадай проблемалар тежейді:

1. Органикалық өнім өндірісі және айналымы саласындағы нормативтік құқықтық базаның жетілдірілмеуі.

2. Елімізде өзіндік органикалық өнім өндірісін сертификаттау жүйесінің жоқтығы.

3. Елімізде өнім сапасын айқындайтын мамандандырылған зертхананың жоқтығы.

4. АШТӨ-нің және халықтың органикалық өнім өндірісі мен оны тұтынудың басымдықтары туралы аз хабардар етілуі.

5. Қазақстан АӨК-сіндегі қалдықтарды барынша азайтудың және қайта пайдаланудың жеткіліксіз деңгейі.

3.6. Ауыл шаруашылығы өнімдерінің экспорттық әлеуеті

Қазақстанның географиялық орналасуын, ауыл шаруашылығы өнімдері нарығының сыйымдылығын, көліктік қолжетімділігін талдау негізінде ЕАЭО, ТМД елдері, Қытай, Иран, Ауғанстан және БАӘ әлеуетті өткізу нарықтары болып қалады деген қорытынды жасауға болады.

2015 жылдың қорытындылары бойынша экспортталған өнім көлемі бойынша көшбасшы мыналар болып табылады:

өсімдік шаруашылығы өнімі - бидай, арпа, жүгері, майлы тұқым;

мал шаруашылығы өнімі - сиыр еті, шошқа еті, қой еті, құс еті.

Тұтас алғанда Ресей, Өзбекстан, Қырғызстан және Тәжікстан сияқты елдер импортының құрылымында өсімдік шаруашылығы өнімінің жекелеген түрлері бойынша Қазақстаннан жеткізілген өнім 86%-дан асады. Айталық, 2015 жылы Ресейдің импортталған бидайының барлық көлемінде Қазақстан бидайының үлесі 86,6%-ды құрады. Өзбекстанның астық, ұн және майлы тұқымдар бойынша импортында Қазақстан өнімінің үлесі тиісінше 100%, 99,2% және 98,7%-ды құрайды.

Мал шаруашылығы өнімі бойынша ішкі тұтынудың отандық өндіріспен қамтамасыз етілгенін ескерсек, сиыр еті, шошқа еті және қой еті экспорттық әлеуетке ие. Аталған өнімдердің айтарлықтай көлемдегі импорты Қытай, Ресей, Иран және БАӘ сияқты елдерде байқалады (осы Бағдарламаға 24-қосымшаны қараңыз).

3.7. Су шаруашылығы


Қазақстандағы су ресурстарының негізгі көлемін жерүсті сулары орташа жылдық 101 км³ көлемінде қамтамасыз етеді. Оның ішінде 56%-ы оқшау, ал қалған 44%-ы Қытайдан, Өзбекстаннан, Ресей мен Қырғызстаннан келетін трансшекаралық өзендер ағысы есебінен қалыптасады (осы Бағдарламаға 25-қосымшаны қараңыз).

Тұщы судың қосымша көзі пайдалануға бекітілген қоры 15,4 км³ (оның ішінде қазіргі уақытта жылына 1,2 км³ өндіріледі) құрайтын жерасты сулары, тұщыландырылған теңіз сулары мен өзге де көздер болып табылады.

Кепілді су ресурстарының жалпы көлемі табиғатты қорғау мақсатында пайдалануға, шектес мемлекеттерге міндетті ағынды қамтамасыз етуге қажетті көлемді қоспағанда, жылына 23,2 км³ құрайды.

Қолайсыз климаттық және трансшекаралық гидрологиялық жағдайлар кезінде перспективада 2040 жылға қарай Қазақстан бойынша жерүсті ағыстарының жылына 11,4 км³ азаюы болжануда. Трансшекаралық өзендер бойынша су ағынының 2040 жылға қарай болжамды азаюы екі сценарий бойынша байқалады: бірінші - көршілес елдер келісімдерге сәйкес немесе су ресурстарын тең бөлу кезінде өз лимиттерін толық алады, екінші - көршілес елдердің белгіленген квотаны арттыра отырып, су алуды ұлғайту бойынша қазіргі заманғы қарқыны сақталады (осы Бағдарламаға 26-қосымшаны қараңыз).

16-диаграмма. Қазақстанның су бассейндерінің қамтамасыз етілуі, км³



2015 жылы жалпы алынған су көлемі $22,8 \text{ км}^3$ құрады, оның ішінде ауыл шаруашылығы мұқтаждары үшін жылына $15,5 \text{ км}^3$, оның жылына $12,2 \text{ км}^3$ 1,35 млн гектар алаңды тұрақты суару мұқтаждығы үшін бұрып алынған, ал қалған жылына $3,3 \text{ км}^3$ ауыл шаруашылығын сумен жабдықтау, көлтабандап суару, шабындықтарға су жайылту және жайылымдарды суландыру арасында бөлінген.

Ауыл шаруашылығы тұтынушылары үшін суды тасымалдау кезіндегі шығындар ирригациялық жүйелердегі пайдалы әсер коэффициенті (бұдан әрі - ПӘК) төмендігімен (0,6-дан 0,65-ке дейін) түсіндіріледі. Ауыл шаруашылығында су беру мен суарудың су үнемдегіш технологияларын қолдану пайдаланылатын суармалы жерлердің кемінде 7%-ын немесе 95,8 мың гектарды құрайды. Ауыл шаруашылығының мұқтаждарына су алудың болжамды орташа көлемі жылына 21 км^3 .

Соңғы тұтынушы үшін су беру жөніндегі қызметтер құнының төмендігі АШТӨ-нің су ресурстарын тиімсіз тұтынуына әкеледі және су үнемдеу тұрғысынан тиімсіз технологияларды және ауыл шаруашылығы дақылдарын пайдалануға итермелейді, су шаруашылығы және ирригациялық жүйелерге техникалық қызмет көрсетуге, оларды пайдалануға және жөндеуге мүмкіндік бермейді.

Өнеркәсіптің қажеттілігіне су тарту көлемі жылына $3,8 \text{ км}^3$ құрайды, оның ішінде жылына $3,2 \text{ км}^3$ пайдалануды және $0,6 \text{ км}^3$ қайтарымсыз су тұтынуды құрайды. 2040 жылға қарай өнеркәсіптің суды қайтарымсыз тұтынуын жылына $2,6 \text{ км}^3$ -ге дейін (жылына орта есеппен 1,1%-ға) ұлғайту күтілуде, бұл өндірістің жылына 4%-ға және өнеркәсіптің қолда бар қуаттылықтар бойынша суды пайдалану тиімділігін жыл сайын жылына 0,5%-ға арттыру шартымен, сондай-ақ жаңа қуаттылықтардың тиімділігін қолда барымен салыстырғанда 30%-ға

жақсартумен байланысты болады. Өсім, негізінен, мынадай салалармен қамтамасыз етілді: газды, мұнайды өндіру және қайта өңдеу, тау-кен өнеркәсібі, тамақ өнеркәсібі.

Су ресурстарының сапасын бағалау

Су объектілерінің ластануы себебінен судың сапасы қанағаттанарлықсыз болып табылады. 2012 жылы 88 су айдынының 13-і ғана ластану көрсеткіші бойынша "таза" сыныптамасына жатқызылған. Оның үстіне, деректер уақыт өткен сайын судың ластану деңгейі өсетіндігін көрсетіп отыр (2006 жылдан бастап судың ластану көрсеткіші 8 ірі су айдынында өскен).

Республиканың жерүсті су объектілерін тау-кен өндіру, металлургия және химиялық өнеркәсіп, ауыл шаруашылығы, коммуналдық қызметтер қарқынды ластауда. Ластаушы салалар жыл сайын 50%-ға жуық суды тазалаусыз төгеді, бұл жылына тазартылмаған 1,5-2 млрд. км³ ағындыны білдіреді. Су бұру жүйелерінің қолжетімділігі жөнінен кейін қалу себебінен Қазақстанда елді мекендердің сарқынды суларының небәрі 29%-ы төгу алдында қайталама тазалаудан өтеді (Ұлыбританияда 94%, Израиль мен Сингапурде 100%). Өндіріс пен тұтыну қалдықтары орналасқан учаскелерде жерасты сулары да ластануға ұшырайды.

Сонымен бірге, өзендер суларының сапасы тұрақты бақылау жүргізілетін сарқынды суларды төгудің ұйымдастырылуынан ғана емес, сонымен қатар едәуір шамада елді мекендер аумағынан түрлі қалдықтардың (аршынды жыныстар үйінділері, күл үйінділері), далалық жерден ілесетін химикаттардың су көздеріне алаңдық шайылуына да байланысты болады.

Су объектілеріне антропогендік жүктемелер және оның қалпына келу қабілеті арасындағы теңгерімсіздік экологиялық қолайсыздықтың іс жүзінде барлық ірі өзендер бассейндеріне тән болуына және шын мәнінде экологиялық қатер тудыруына әкелді.

Судың зиянды әсер етуін болдырмау

Климаттық жағдай әдеттегідей жылдарда су объектілері халықтың тіршілігінде және ел экономикасында ерекше проблема туындатпайды. Су ағысының қалыптасу жағдайы бойынша экстремалды немесе соған жақын жылдарда тіпті жазда құрғап қалатын су ағыстарының өзі төтенше жағдай туындау қатерін төндіреді.

Көктемгі немесе көктемгі-жазғы судың толуына байланысты туындаған су тасқындары іс жүзінде Қазақстанның барлық өңірлеріндегі өзендерде кездеседі. Мұндай ахуалдардың туындау ықтималдылығы Оңтүстік Қазақстандағы

өзендерде ақпан-маусымға, Оңтүстік-Шығыс пен Шығыс Қазақстанның таулы өзендерінде наурыз-шілдеге, тегіс жерлердегі өзендерде - наурыз-шілдеге келеді.

Судың зиянды әсер етуіне байланысты төтенше жағдайлар сүтеегеш және суреттегеш гидротехникалық құрылыстардың техникалық жағдайының нашарлауы нәтижесінде туындауы мүмкін (2010 жылғы Қызылағаш су қоймасындағы апат).

Қазақстанда түрлі ведомстволық қатыстылығы және меншік түрі бар 643 гидротехникалық құрылыс есепке алынған.

Ұзақ пайдалану мен жөндеу-қалпына келтіру жұмыстарының аз көлемде жүргізілуіне байланысты су шаруашылығы объектілеріндегі құрылыстардың негізгі конструкциясы бұзылады, су қоймаларының лайлануына әкеліп, әсіресе көктемгі судың толуы мен тасуы кезінде техногендік сипаттағы төтенше жағдайлардың жоғарғы ықтималдылығы туындайды.

Сумен қамтамасыз етудің су тапшылығы циклі еліміздің экономикасына да, әсіресе ауыл шаруашылығына едәуір залал келтіреді.

Судың зиянды әсер етуіне байланысты төтенше жағдайларды болдырмау үшін соңғы жылдары: Сырдария өзеніндегі Көксарай суреттегішін салу, Сырдария өзенінің арнасын реттеу және Арал теңізінің солтүстік бөлігін сақтау (I фаза) сияқты ірі су шаруашылығы жобалары іске асырылды.

Су саласындағы қазіргі мемлекеттік саясатты талдау

Қазақстанда нарықтық қатынастар жағдайында басқару және шаруашылық функцияларын бөле отырып, су саласын дамытудың негізі жасалды. Су ресурстарын басқарудың бассейндік қағидаты енгізілді.

Су саласын дамытудың, жер қойнауын, оның ішінде жерасты суларының ресурстарын ұтымды және кешенді зерттеу мен пайдаланудың заңнамалық базасын құру мақсатында Қазақстан Республикасының Су кодексі, "Жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану туралы", сондай-ақ тиісті заңға тәуелді актілер қабылданды.

Басқару және реттеу саласында

Су ресурстарын басқару саласында мыналар байқалуда:

Мүдделі мемлекеттік органдардың түрлі функциялары арасындағы қажетті үйлестірудің, сондай-ақ инфрақұрылым объектілерін пайдалануды жүзеге асыратын ұйымдар, коммуналдық қызметтер, өнеркәсіптік кәсіпорындар, су пайдаланушылар тарапынан нормативтік талаптарды сақтау жүйесінде ашықтықтың, жеткілікті мониторинг пен бақылау жүйесінің болмауы.

Су шаруашылығы инфрақұрылымы объектілерінде меншіктің болуы және инвестицияларға катысты шешімдер қабылдау схемасының нақты болмауы барлық салалар мүддесі ескеріле отырып, су саласындағы іс-шараларды жоспарлау мен жобалау кезінде жүйелі әрі кешенді тәсілдің болмауына әкеледі.

Барлық деңгейдегі инфрақұрылым объектілерін жеткілікті түгендемеу жоспарлау мен инвестициялау саласында шешімдер қабылдаудың тиісті негіздемелерінің болмауына, сондай-ақ су шаруашылығы объектілерінің тозуына байланысты пайда болатын сумен жабдықтау мен су ресурстары сапасының тәуекелдерін жете түсінбеушілікке әкеп соғады.

Су ресурстарын басқару саласында қажетті дағдысы мен біліктілігі бар кадрлардың, сондай-ақ инспекциялық қызметтегі персоналдың жеткіліксіздігі.

Тариф белгілеу саласында

Ауыл шаруашылығы мен коммуналдық шаруашылықта, өнеркәсіпте тарифтердің ағымдағы деңгейі мен құрылымы кезінде суды үнемдеуді ынталандыру жөнінде елеулі шаралардың болмауы су тұтыну тиімділігі төмендігінің себебі болып табылады. Қазіргі кезде суға жұмсалатын шығын негізгі ауыл шаруашылығы дақылдары құнының кемінде 1%-ын құрайды (бидай үшін 0,9%, мақта үшін 0,1%), бұл басқа елдерге қарағанда анағұрлым аз (Үндістан, ҚХР, Австралия, ОАР, АҚШ және Израиль сияқты елдерде бидай үшін - 4-13%, мақта - 2-10%). Абсолютті мәнде ауыл шаруашылығы саласындағы судың ағымдағы тариф деңгейі әлемдегі ең төмен тарифтердің қатарына жатады, мысалы Австралия, Ұлыбритания, ҚХР, Греция сияқты елдерден 2-10 есе аз, ал Израильден 20 есе аз. Түпкі тұтынушы үшін судың тарифі өте төмен болғанына қарамастан (ауыл шаруашылығында орташа тариф 0,5 теңге/м³ құрайды), ол су ресурстарын тиімді пайдалануды ынталандырмайды. Сұраныстың ұлғаю шамасына қарай немесе суландыру технологияларына байланысты өсе түсетін тарифтермен салыстырғанда ағымдағы тарифтер бірыңғай мөлшерлемені көздейді және тиімді су тұтынуды қандай да бір ынталандыруды көздемейді. Бұдан басқа, кейбір тарифтік субсидиялар жағымсыз ынталандыруға итермелейді, ол су үнемдеу тұрғысынан тиімсіз технологиялар мен ауыл шаруашылығы дақылдарын пайдалануға итермелейді (мысалы, күріш егістігін суландыруға 50% субсидия).

Өнеркәсіп тұтынушылары үшін тарифтер деңгейі текше метріне 120-260 теңге аралығында құбылып отырады, осылайша басқа елдерде қолданылатын тарифтер деңгейімен салыстыруға болады. Пайдаланылатын тарифтік деңгей сумен қамтамасыз етудің толық құнын жабады (күрделі шығыстар және операциялық шығындар). Өнеркәсіптік тұтынушылар сумен жабдықтау құнын

жабумен қатар коммуналдық тұтынушыларды субсидиялауға мәжбүр: Семей қаласында өнеркәсіптік тұтынушыларға арналған тариф жалпы құнның 186%-ын жабады (оның ішінде операциялық шығындарды және күрделі шығыстарды қоса алғанда, бірақ қажетті жаңғыртуға кететін инвестицияларды қоспағанда), алайда коммуналдық тұтынушыларға арналған тарифтер толық құнның 62%-ын ғана өтейді. Өнеркәсіптік кәсіпорындарға арналған ағымдағы тарифтер су тұтыну деңгейімен ғана байланысты, бұл қайта су тұтыну мен айналма су тұтынуды пайдалану үшін іс жүзінде ынта тудырмайды.

Коммуналдық тұтынушыларға арналған тарифтер деңгейі айтарлықтай төмен әрі әдетте операциялық шығындарды толығымен жаба алмайды (мысалы, Семей қаласында операциялық шығындарды жабу 78%-ды құрайды). Қазақстанда тарифтердің орташа деңгейі басқа елдерге қарағанда төмен (Қазақстанда орташа тариф деңгейі 0,5 АҚШ долларын, ол Ресей, Украина, ҚХР, Австралия сияқты бірқатар елдерде 1,2 долларды құрайды). Қазіргі уақытта шаруашылық-ауыз сумен жабдықтау қызметтерін төлеу жөніндегі есепшоттың орташа сомасы - үй шаруашылығының орташа табысының бар-жоғы 0,2%-ын ғана құрайды, басқа елдерде орташа көрсеткіш 0,8%-ды құрайды (Ресейде - 0,5%, Германияда - 1,1%).

Тарифтер деңгейінің төмен болуы нәтижесінде су тегін ресурс ретінде қабылданып, тұтынушылардың көбі суды үнемді пайдалануға тырыспайды. Бұл түпкі тұтынушылардың су ресурстарын пайдалану тиімділігінің төмендігіне және ауыл шаруашылығы тұтынушылары мен халықтың суды үнемсіз шығындауына әкеп соқтырады. Өнеркәсіп секторындағы су пайдалануға арналған ағымды тарифтер су үнемдеу технологияларына қаражат инвестициялау үшін елеусіз ғана экономикалық ынталандыруды көздейді.

Су бұру қызметтеріне арналған тарифтер де сарқынды сулардың ластану деңгейін төмендету мен су тазалауды тиісінше ынталандыруды қамтамасыз етпейді. Өнеркәсіптер үшін сарқынды суға арналған тарифтер су сапасы мен оны тазалау деңгейіне тәуелді емес. Қазақстанда егжей-тегжейлі әзірленген әдістемелердің болуына қарамастан, олардың пайдаланылуы, су сапасын ұдайы әрі жер-жерде мониторингтеудің болмауына және залалды өтеу тетігінің әлсіздігіне байланысты қиындатылған. Қазақстандағы сарқынды су сапасын реттейтін нормативтік база басқа елдерге қарағанда анағұрлым артта қалған.

Ауыл шаруашылығында сарқынды суға арналған тарифтер қолданылмайды, соның салдарынан кәріздеу жүйелерін қолдау үшін қандай да болмасын ынталандыру шаралары жоқ.

Суды тұтынуды бақылау жүйесін қалыптастыру үшін ұлттық ауқымда жоспарлау мен басқаруды жүзеге асыру мақсатында жаппай есепке алу аспаптарымен қамтамасыз ету қажет. Бүгінгі күні коммуналдық сектор онымен 80%-ға ғана (қосылулар санының) қамтамасыз етілген, оның үстіне, олардың көп

бөлігі тозған (10 жылдан артық пайдаланылуда), ал оларға қызмет көрсету мен оны ауыстыру жеткілікті жиі өткізілмейді.

Жеке есепке алу аспаптарымен қамтамасыз ету 30%-дан кем, ол тарифтер көмегімен түпкі тұтынушылар арасында су үнемдеуді ынталандыру үшін қосымша кедергілер келтіреді.

Ауыл шаруашылығында есепке алу аспаптарымен қамтамасыз етудің ағымдағы деңгейі 60%-дан кем, бұл ретте өлшеулерді өткізу технологиясының көп бөлігі тозған, нәтижесінде су тұтынудың жалпы көлемінің 30%-ынан астамы өлшенбейді. Бұдан басқа, ауыл шаруашылығында су тұтынуды есепке алу толық емес, өлшеу көбінесе қолмен жүзеге асырылады, ал деректер жергілікті деңгейде сақталады. Бұл су шаруашылығын басқару жүйесінің дамыған елдер қолданатын "пайдалан да төле" қағидатымен жұмыс істеуіне мүмкіндік бермейді.

Қазақстан Республикасының су қауіпсіздігі тұрғысынан трансшекаралық ынтымақтастық

Қазақстан Республикасының географиялық орналасуына сәйкес оның 8 өзен бассейнінің 7-еуінің ағыны көршілес мемлекеттерде қалыптасады (ҚХР, Орталық Азия елдері, Ресей) және трансшекаралық сипатқа ие.

Су қорының 44%-ы сыртқы көздер есебінен толығынын ескерсек, су қауіпсіздігі тұрғысынан Қазақстан Республикасының трансшекаралық ынтымақтастығы мәселесі өте маңызды болып табылады және стратегиялық әрі кешенді көзқарасты қажет етеді.

Осыған байланысты, су ресурстарын басқарудың ішкі мәселелерін шешумен қатар, КХР-мен, Ресеймен, Қырғызстанмен, Тәжікстанмен және Өзбекстанмен трансшекаралық өзендерді пайдалану, қорғау және су бөлу саласында, сондай-ақ БҰҰ жүйесі ұйымдарымен және басқа да халықаралық ұйымдармен су ресурстарын басқару, суды үнемдеу және су заңнамалары, алдыңғы қатарлы технологияларды тарту және енгізу тәжірибесін алмасу саласында тиімді өзара іс-қимыл аса маңызды болып табылады.

Шу мен Талас өзендері бойынша Қазақстанның ынтымақтастығы оң үрдіс болып табылады: 2006 жылы құрылған Шу-Талас комиссиясы екіжақты келісім аясында жұмыс істейтін бірлескен органның үлгісі болды. Шу-Талас комиссиясы модельдік құралға айналды, оның көмегімен өзендердің төменгі ағысында орналасқан елдер ағыс бойынша жоғары орналасқан елдер аумағындағы бөгеттер мен басқа да гидротехникалық құрылыстарды басқаруға қатыса алады.

Трансшекаралық ынтымақтастықтың тағы бір оңды мысалы ретінде 2011 жылы қол қойылған Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Қытай Халық

Республикасының Үкіметі арасындағы трансшекаралық өзендердің су сапасын қорғау туралы екіжақты келісімді атауға болады.

Қазақстан бірқатар шекаралас мемлекеттермен жасалған халықаралық келісімдердің, сондай-ақ халықаралық конвенциялардың тарапы болып табылады. Шекаралас елдермен жасалған келісімдердің нормаларын іске асыру үкіметаралық комиссиялар шеңберінде жүзеге асырылады.

Су шаруашылығы саласында мынадай проблемалар бар:

1. Су қоймаларының, су шаруашылығы және гидромелиорациялық маңызы бар магистральдық және таратушы каналдардың қанағаттанғысыз техникалық жай-күйі.

2. Су үнемдеуге қойылатын нормативтік талаптар мен су ресурстарын пайдалану жөніндегі бақылаудың жетілдірілмегендігі.

3. Су беру жөніндегі қызметтердің ағымдағы құны (тариф) су шаруашылығы жүйелерін тиімді ұстау, оған техникалық қызмет көрсету және оны дамыту талаптарына сай келмейді.

4. Суды есепке алудың қанағаттанғысыз жай-күйі және су үнемдеудің жеткіліксіз ынталандырылуы.

5. Ирригациялық инфрақұрылымның бір суарылатын алап шегінде теңгерімді бөлшектенуі.

6. Қар суларын жинақтауға арналған су қоймаларының жетіспеушілігі.

7. Тасқындар, су басу, су объектілері жағалауларының өзгеруі, аумақтарды жер асты суларының басуы, жерлердің батпақтануы және сортандануы, су эрозиясы, судың аздығы салдарынан судың зиянды әсер етуінен болатын материалдық залалдың өсу үрдісі.

8. Мемлекеттік меншіктегі су шаруашылығы құрылыстарын пайдалану жөніндегі кәсіпорындардың әлсіз материалдық-техникалық жарақталуы.

9. Өнеркәсіптегі қайталама және айналымды суды тұтыну тиімділігінің төмендігі.

3.8. Жер ресурстары

Қазақстанның ауыл шаруашылығы алқаптарының жалпы алаңы 177,8 млн гектарды, оның ішінде жайылымдар 146,9 млн гектарды, егістік пен тыңайған жерлер 26,7 млн гектарды, шабындықтар 4,2 млн гектарды құрайды (осы Бағдарламаға 27-қосымшаны қараңыз).

2012 - 2014 жылдардағы түгендеу қорытындылары бойынша 7,4 млн гектар пайдаланылмайтын жерлер, оның ішінде 0,9 млн гектар егістік, 1,2 млн гектар тыңайған жерлер, 0,08 млн гектар шабындық, 5,2 млн гектар жайылым, 0,01 млн гектар көпжылдық екпелер бар екені анықталды.

Пайдаланылмайтын 7,4 млн гектар жерден 3,36 млн гектарды бұрынғы жер пайдаланушылар игеруді бастады, 3,0 млн гектар жер бойынша жалдау шарттары бұзылды, оның ішінде ауыл шаруашылығы айналымына 1,7 млн гектар тартылды (осы Бағдарламаға 28-қосымшаны қараңыз).

Республиканың барлық өңірлерінде жер сапасының нашарлауына, құрамында қарашіріктің, қоректі заттардың, өсімдіктердің түрлік құрамы мен оның өнімділігінің төмендеуіне қатысты тұрақты үрдіс байқалуда, бұл ауыл шаруашылығы өндірісінің әлеуетін төмендетеді (осы Бағдарламаға 29-қосымшаны қараңыз).

Жыртылған алқаптардың құнарлылығын арттыру және жайылымдарды суландыру жөніндегі іс-шаралар толық көлемде жүргізілмейді.

2015 жылдың қорытындысы бойынша тәлімі жерлердегі егістік құрылымындағы құрамында қарашірігі аз топырақ (4%-дан аз) 14,6 млн гектарды немесе зерттеп қаралған егістік алаңының 72,8%-ын, құрамында қарашірігі орташа топырақ (4-6%) 5,3 млн гектарды немесе 25,9%-ды, құрамында қарашірігі жоғары топырақ (6%-дан астам) 0,3 млн гектарды немесе 1,3%-ды құрады. Суармалы егіншілік жағдайында 0,8 млн гектар немесе зерттеп қаралған егістік алаңының 98,2%-ы төмен қамтамасыз етілген, 15,05 мың гектар немесе 1,8%-ы орташа қамтамасыз етілген болып табылады.

Құрамында жеңіл гидролизделетін азоты төмен топырақ 11,3 млн гектар алаңды немесе тәлімі жерлердегі зерттеп қаралған егістік алаңының 55,8%-ын, құрамында жеңіл гидролизделетін азоты орташа топырақ 4,4 млн гектарды немесе 22,0%-ды, құрамында жеңіл гидролизделетін азоты жоғары топырақ 4,5 млн гектарды немесе 22,2%-ды құрайды. Суармалы егіншілік жағдайында 0,8 млн гектар немесе зерттеп қаралған егістік алаңының 89,5%-ы төмен қамтамасыз етілген, 0,03 млн гектар немесе 3,5%-ы - орташа қамтамасыз етілген және 0,06 млн гектар немесе 7,0%-ы - жоғары қамтамасыз етілген болып табылады.

Тәлімі жер құрылымындағы жылжымалы фосформен аз қамтамасыз етілген топырақ 9,3 млн гектар немесе 46,2%, орташа қамтамасыз етілгені - 7,9 млн гектар немесе 39,5% және жоғары қамтамасыз етілгені - 2,9 млн га немесе 14,3%. Суармалы егіншілік жағдайында зерттеп қаралған егіс алаңынан құрамында жылжымалы фосфоры аз топырақ 0,2 млн гектар алаңды немесе 26,2%-ды, құрамында жылжымалы фосфоры орташа топырақ 443,2 мың гектарды немесе 51,6%-ды және құрамында жылжымалы фосфоры жоғары топырақ 190,7 мың гектарды немесе 22,2%-ды алып жатыр.

Тәлімі жерлердегі егіншілік жағдайында жыртылған жерлер алмасымды калиймен былайша қамтамасыз етілген: төмен қамтамасыз етілгені 1,9 млн гектар немесе зерттеп қаралған егістік алаңының 9,4%-ы, жоғары қамтамасыз етілгені - 16,4 млн гектар немесе 81,4%-ы. Суармалы егіншілік жағдайында

құрамында жылжымалы калийі аз топырақ 0,1 млн гектарды немесе 13,7%-ды, орташа - 0,3 млн гектарды немесе 33,3%-ды және жоғары - 0,5 млн гектарды немесе 53,0%-ды алып жатыр.

Бұдан басқа, ауыл шаруашылығы қызметі мал шаруашылығынан атмосфераға бөлінетін парниктік газдардың айтарлықтай эмиссиясымен, негізінен жануарлардың энтеральді ферментациясы процесіндегі метан шығарындыларымен, көңді сақтау және пайдалану кезіндегі метанмен және көмірқышқыл газымен, жайылымдағы жайылатын малдардың экскрементінен болатын көмірқышқыл газымен, өсімдік шаруашылығынан топыраққа минералды және органикалық тыңайтқыштарды енгізумен, топыраққа егіннің биологиялық қалдықтарының сіңуімен, топырақта органикалық заттардың минералдануынан болатын азоттың босауымен байланысты көмірқышқыл газы мен азот қосындыларының шығарындыларымен, күріш өндірісіне байланысты метан шығарындыларымен бірге жүреді.

Мысалы, ауыспалы егісте үнемі қалатын егістікте 2015 жылы топырақтың 0-30 см горизонтында топырақ көміртегі запасы 1990 жылға қарағанда орта есеппен 17%-ға азайған, осыған байланысты, технологияны жаңғыртусыз және тиісті басқарусыз ауыл шаруашылығы өндірісінің ауқымын ұлғайту жыртылған және жайылымдық жердегі топырақтан көмірқышқыл газы мен азот қышқылы ағынының артуымен сүйемелденетін болады.

Ауыл шаруашылығы алқаптарының сапалық жай-күйін көрсететін топырақтық және геоботаникалық зерттеулердің сапалы материалдарымен небәрі 27,8 млн гектар қамтамасыз етілген, бұл жалпы тұтынудың 14,8%-ын құрайды.

Сонымен қатар, ауыл шаруашылығы жерлерінің сапалық жай-күйі туралы ақпарат оларды ұтымды және тиімді пайдаланудың негізі болып табылады.

Бұдан басқа, ауыл шаруашылығы алқаптарының сапасы олардың кадастрлық (бағалау) құнына тікелей әсер етеді, ол түзетуші коэффициенттерді қолдана отырып, жерге арналған төлемнің базалық мөлшерлемесі негізінде айқындалады. Топырақтық және геоботаникалық зерттеулердің сапалы материалдары болмауына байланысты коэффициенттер 1990 жылға дейін дайындалған материалдар бойынша қолданылады.

Іздестіру, жерге орналастыру және жер-кадастрлық жұмыстардың басқа түрлерімен қатар жоғарыда көрсетілген зерттеп қараулар нәтижелері ҚР мемлекеттік жер кадастры (бұдан әрі - МЖК) мәліметтерін қалыптастыруды қамтамасыз етеді.

МЖК-ні жүргізуді Қазақстан Республикасы Ақпарат және коммуникациялар министрлігінің "Азаматтарға арналған үкімет" мемлекеттік корпорациясы"

коммерциялық емес акционерлік қоғамы (бұдан әрі - КЕАҚ) жүзеге асырады. МЖК-ні жүргізу бойынша жұмыстарды қаржыландыруды және ұйымдастыруды ҚР АШМ Жер ресурстарын басқару комитеті жүзеге асырады.

"Жер заңнамасының кейбір нормаларын қолдануға мораторий енгізу туралы" ҚР Президентінің 2016 жылғы 6 мамырдағы № 248 Жарлығына өзгерістер енгізу туралы" Мемлекет басшысының 2016 жылғы 18 тамыздағы № 308 Жарлығымен қолданыстағы мораторий 2021 жылғы 31 желтоқсанға дейін ұзартылды.

Бұл шешім Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің өкімімен құрылған Жер реформасы жөніндегі комиссияның ұсынысы бойынша қабылданды және ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлердің сандық және сапалық жағдайы туралы шынайы ақпарат алу қажеттігіне негізделген.

Осы мақсатпен мораторийдің қолданысы кезеңінде республиканың жер қорына талдау жүргізу қажет.

Ауыл шаруашылығы алқаптарының мөлшері туралы шынайы ақпарат алу үшін ірі ауқымды топырақтық және геоботаникалық зерттеп қарау және кемінде 66 млн гектар алаңның топырағына бонитирлеу жүргізу қажет.

Жүргізілген іздестірулер қорытындылары бойынша топырақтық және геоботаникалық карталар қағаз тасығышта сақталады, бұл оларды халыққа және мүдделі мемлекеттік органдарға тиісті ақпарат ұсыну бойынша қызметтер көрсету үшін пайдалануды біршама қиындатады.

Осыған байланысты, қолда бар топырақтық және геоботаникалық іздестірулерді оларды пайдаланудың барлық кезеңі ішінде өзгерістер енгізу, талдаулар жүргізу, қажетті анықтамаларды, кестелерді, диаграммаларды және т.б қалыптастыра отырып, топырақ және өсімдік жабыны параметрлерінің өзгеру қарқынын қадағалау мүмкіндігі үшін электрондық форматқа ауыстыру және жаңа материалдарды электрондық форматта дайындау қажеттілігі бар.

Сонымен бірге, жоғарыда көрсетілген іс-шараларды жүргізу үшін РБ-дан жыл сайынғы қаржыландыру көлемі ауыл шаруашылығы алқаптарының сапалық жай-күйі туралы өзекті ақпарат алуға деген қазіргі қажеттілікті қанағаттандырмайды және ұлғайтуды талап етеді.

Жер қатынастары саласында мынадай проблемалар бар:

1. Жердің сапасы мен өнімділігінің нашарлауы;
2. Ауыл шаруашылығы алқаптарын топырақтық және геоботаникалық зерттеп қарау, топырақты бонитирлеу жөніндегі сапалық материалдар көлемінің аздығы.
3. Ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлердің кадастрлық құнын айқындау үшін өзекті деректердің болмауы.
4. Шалғайдағы жайылымдардың жеткілікті түрде суландырылмауына байланысты оларды игерудің төмен деңгейі.

5. Ауыл шаруашылығынан көмір қышқыл газының шығарындысы.

3.9. Мемлекеттік қолдаудың қаржылық шаралары

Инвестициялық субсидиялау құралы 19 бағыт (49 паспорт) бойынша құрылыс-монтаждау жұмыстарына, техникаға және жабдыққа арналған инвестициялық шығындарды ішінара өтеуге (20%-дан 80%-ға дейін) бағытталған. Осы мемлекеттік қолдау шарасы іске асырыла бастағаннан бері (2014 - 2015 жылдар) жалпы субсидиялар сомасы 19,1 млрд теңгеге барлығы 2 729 АӨК субъектісі субсидияланып, тартылған инвестициялар сомасы 67,8 млрд теңгені құрады.

Инвестициялық субсидиялар есебінен тартылған инвестициялардың негізгі үлесінің 55%-ы мал шаруашылығына (37,6 млрд теңге), 35%-ы өсімдік шаруашылығына (23,2 млрд теңге), 10%-ы мал шаруашылығы мен өсімдік шаруашылығы өнімдерін қайта өңдеуге (7 млрд теңге) тиесілі.

Мемлекеттік қолдаудың аталған шарасы іске асырылған екі жылдың қорытындылары бойынша жете қаржыландырылмау 35,4 млрд теңгені құрады.

АӨК субъектілеріне кредит беру, ауыл шаруашылығы техникасы мен жануарлардың, технологиялық жабдықтың лизингі бойынша сыйақы мөлшерлемелерін субсидиялау құралы бойынша кредиттік/лизингтік шарттар бойынша пайыздық мөлшерлеме айналым қаражатын толтыру, негізгі құралдарды сатып алу және т.б. үшін ұлттық валютада 7%-ға, шетелдік валютада 5%-ға арзандатылуда; мал шаруашылығы мен азық өндірісі саласында ауыл шаруашылығы техникасы мен жабдығын сатып алу үшін сыйақы мөлшерлемесі ұлттық валютада жылына 10%-ға және шетелдік валютада 7%-ға төмендетілуде.

2014 - 2015 жылдар кезеңінде пайыздық мөлшерлемені субсидиялау жалпы негізгі борыш сомасы 243,2 млрд теңге болатын 4 601 АӨК субъектісінің міндеттемелері бойынша, оның ішінде АӨК субъектілері сатып алған 12 254 бірлік ауыл шаруашылығы техникасы бойынша жүзеге асырылды.

Қызмет түрлері бойынша қатысушылардың негізгі үлесінің 48,8%-ы өсімдік шаруашылығы саласына, 29,8%-ы мал шаруашылығы мен өсімдік шаруашылығы өнімдерін қайта өңдеуге, 7,8%-ы мал шаруашылығына және 13,4%-ы өзге де қызмет түрлеріне тиесілі.


АӨК субъектілерінің кредиттік жүктемесін және олардың банкротқа ұшыру тәуекелдерін төмендету мақсатында 2013 жылдан бастап АӨК субъектілерінің міндеттемелерін қаржылық сауықтыру шаралары іске асырылуда. Қаржылық сауықтыру шарттарында кредит беру мерзімдерін 9 жылға дейін ұзарту, сыйақы

мөлшерлемесін 14%-ға (оның 7%-ы бюджеттен субсидияланады) дейін төмендету, сондай-ақ қаржы институттарының айыппұлдар мен өсімпұлдарды есептен шығаруы көзделеді.

2013 - 2015 жылдары АӨК субъектілерін қаржылық сауықтыруды іске асыру кезінде жалпы берешек сомасы 520 млрд теңгеге 404 АӨК субъектісінің өтінімдері мақұлданды. 2016 жылдан бастап қаржылық сауықтыру бағдарламасына қатысу үшін жаңа өтінімдер қабылдау жүзеге асырылмайды.

2013 - 2014 жылдары АӨК субъектілерін қаржылық сауықтыру шеңберінде пайыздық мөлшерлемені субсидиялауға 7,2 млрд теңге бөлінді. 2015 жылы 18,9 млрд теңге (оның ішінде 5,8 млрд теңге - Қазақстан Республикасы Ұлттық қорының қаражаты) бөлініп, толықтай игерілді. РБ-да 2016 жылға 24,7 млрд теңге мөлшерінде қаражат көзделген. Жыл сайын сыйақы мөлшерлемелерін субсидиялау үшін шамамен 20 млрд теңге қажет етіліп, ол 2024 жылға дейін 164,3 млрд теңгені құрайды.

17-диаграмма. 2013-2016 жылдардағы жалпы салалық субсидиялар серпіні, млн теңге



Қызмет түрлері бойынша сауықтырылатын берешектің негізгі үлесінің 73%-ы өсімдік шаруашылығы саласына, 2%-ы мал шаруашылығына, 3%-ы ауыл шаруашылығы өнімін қайта өңдеуге және 22%-ы басқа да қызмет түрлеріне тиесілі.

Берешекті сауықтандыруға мақұлданған жалпы соманың 72%-ы немесе 376,4 млрд теңгесі ірі аграрлық холдингтердің қарызына тиесілі.

АӨК субъектілерінің қарыздарын сақтандыру мен кепілдендіруді субсидиялау шеңберінде сақтандыру компаниясының немесе кепілдік берушінің тарифтік мөлшерлемесі субсидияланады. 2015 жылы сақтандырумен қамтамасыз ету арқылы 3 АШТӨ-ге кредит берілді, тартылған кредиттің жалпы сомасы 7,9 млрд теңгені құрады.

Дайындаушы ұйымдарға қосылған құн салығының (бұдан әрі - ҚҚС) сомасын субсидиялау есептелген ҚҚС мөлшерінде дайындаушы ұйымдардың өнімін арзандату мақсатында 2016 жылы басталды. 15 дайындаушы ұйымға 140 млн теңге сомасына төлем жүргізілді.

ҚР Ұлттық Банкінің деректеріне сәйкес, ҚР экономикасының салаларына да, ауыл шаруашылығына да берілген кредиттер көлемі жыл сайын өсуде. Бұл ретте АӨК саласындағы кредиттер үлесі 2015 жылы 8%-ды құрады, бұл 2011 жылғы көрсеткіштен 54%-ға төмен.

2015 жылы АӨК субъектілеріне берілген кредиттер сомасы 603,5 млрд теңгені құрады, бұл 2014 жылғыға қарағанда 61%-ға аз.


18-диаграмма. Берілген кредиттер сомасы



2016 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша екінші деңгейдегі банктер (бұдан әрі - ЕДБ) мен "ҚазАгро" ұлттық басқарушы холдингі" акционерлік қоғамының (бұдан әрі - "ҚазАгро" ҰБХ" АҚ) ауыл шаруашылығындағы жиынтық кредиттік портфелі 1 448,0 млрд теңгені құрады, оның ішінде 66%-ы ЕДБ-ға, 34%-ы "ҚазАгро" ҰБХ" АҚ компаниялар тобына тиесілі.

2016 жылғы тамыздағы жағдай бойынша АӨК субъектілерінің ЕДБ алдындағы мерзімі өткен берешектерінің сомасы 48,7 млрд теңгені құрады, бұл 2014 жылдың ұқсас кезеңімен салыстырғанда 44,6%-ға аз.

19-диаграмма. АӨК субъектілерінің ЕДБ алдындағы мерзімі өткен берешектерінің сомасы



*** - 2015 жылы мерзімі өткен берешектің күрт төмендеуі АӨК субъектілерін қаржылық сауықтыру бағдарламасын іске асыру әсерімен байланысты*

ЕДБ қысқа мерзімді өндірістік процесті қамтамасыз етуге арналған айналым қаражатын толықтыру үшін басым жағдайда ірі, орныққан шаруашылықтарға кредит береді. Бұл ретте, банктік кредит беру құрылымындағы ауыл шаруашылығының үлесі қысқаруда. Айталық, 2012 жылы банктік кредит беру құрылымындағы ауыл шаруашылығының үлесі 6,2%-ды, 2015 жылы 1,9%-ды құрады.

Ауыл шаруашылығына кредит беру нарығында нарықтағыдан айтарлықтай төмен сыйақы мөлшерлемелері бойынша кредит беру және лизинг қызметтерін көрсететін "ҚазАгро" ҰБХ" АҚ-ның қаржы институттары алда келеді. Нәтижесінде, ауыл шаруашылығына салынатын ұзақ мерзімді инвестициялар, негізінен, мемлекеттік қаржыландыруға тәуелді болатын жағдай орын алды.

2011 - 2015 жылдары "ҚазАгро" ҰБХ" АҚ құрамына кіретін қаржы ұйымдары арқылы РБ қаражатынан 410,5 млрд теңге, оның ішінде 318 млрд теңгесі қысқа мерзімді бюджеттік кредиттер түрінде бөлініп, 92,5 млрд теңгесі компаниялардың жарғылық капиталдарын толықтыруға бағытталды.


"ҚазАгро" ҰБХ" АҚ шағын және орта бизнесті инвестициялық қолдауға бағдарланған. "ҚазАгроҚаржы" АҚ арқылы жыл сайын елімізде 60%-дан астам техника сатып алынууда. ЕДБ мен басқа да жеке меншік қаржы ұйымдары аграрлық сектордағы шағын және орта бизнесті (бұдан әрі - ШОБ) қаржыландыруға болмашы ғана қатысуда.

Қолданыстағы сақтандыру жүйесі міндетті және ерікті сақтандырудан тұрады

Міндетті сақтандырудың құқықтық негізі дәнді, майлы дақылдарды, қант қызылшасы мен мақтаны сақтандыруды міндеттейтін "Өсімдік

шаруашылығындағы міндетті сақтандыру туралы" ҚР Заңы (бұдан әрі - Заң) болып табылады.

20-диаграмма. Сақтандыру компаниялары мен өзара сақтандыру қоғамдары (ӨСК) санының өсу қарқыны



■ Сақтандыру компанияларының саны

■ ӨСК саны

Қазіргі уақытта аталған нарықта тек екі сақтандыру компаниясы жұмыс істейді, өзара сақтандыру қоғамдарының (бұдан әрі - ӨСК) саны бүгін белгісіз, сақтандыру төлемдерін өтеуге ресми түрде 14 ӨСК жүгінген. Егістіктің айтарлықтай бөлігін тек ресми түрде ӨҚС сақтандырады.

Заң қолданылған уақытта (2006 - 2015 жылдар) жылына орта есеппен 5,4 млн гектар егіс алаңы сақтандырылып, оның ішінде 558 мың гектар (10%) қолайсыз табиғи құбылыстарға ұшырады (осы Бағдарламаға 30-қосымшаны қараңыз).

Ауыл шаруашылығындағы ерікті сақтандыру техника мен ауыл шаруашылығы жануарларын лизингке беру кезінде уақытша нысанда қолданылады. Уақытша нысан лицензияланған астық қабылдау кәсіпорындарына қолданылады.

Қаржы институттары алдындағы АӨК субъектілерінің міндеттемелерін кепілдендіруді негізінен әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорациялар (бұдан әрі - ӘКК) мен ЕДБ жүзеге асырады.

ЕДБ мен ӘКК кепілдіктер шығару үшін орта есеппен кепілдік сомасының 1%-ынан 7%-ына дейін комиссия алады.

"Азық-түлік келісімшарт корпорациясы" ұлттық компаниясы" акционерлік қоғамы (бұдан әрі - "Азық-түлік корпорациясы" ҰК" АҚ) 2011 - 2016 жылдары

ӘКК-нің кепілдігімен жалпы сомасы 85,8 млрд теңгеге 9 063 АШТӨ-ні қаржыландырды.

Мемлекеттік қаржылық қолдау шаралары саласында мынадай проблемалар бар:

1. Көптеген АШТӨ үшін субсидиялардың қолжетімділігі дәрежесінің төмендігі.

2. Субсидиялаудың түпкілікті нәтиже мен өңірлердің мамандануына байланысты болмауы.

3. Ұсақ АШТӨ үшін қолжетімді болмауы мен нысаналы көрсеткіштерді орындауды бақылаудың әлсіздігі кезінде инвестициялық субсидиялаудың ірі өндірістерге бағдарлануы.

4. АӨК субъектілеріне кредит беру, ауыл шаруашылығы техникасы мен жануарларының, технологиялық жабдықтың лизингі кезінде сыйақы мөлшерлемелерін субсидиялау ЕДБ мен лизингтік компанияларды кредиттер және лизинг бойынша пайыздық мөлшерлемелерді төмендетуге ынталандырмайды.

5. Қаржылық сауықтыруға қарамастан, қарыздар бойынша міндеттемелерді орындамау проблемаларының қайта пайда болу тәуекелдері және банкроттық қатері.

6. Саланың кредиттік қатерлерінің жоғары болуына байланысты АӨК субъектілерінің қарыздарын сақтандыру және кепілдендіру тетігіне сақтандыру компаниялары мен кепілдік берушілердің тиісінше қызығушылығының жоқтығы.

7. Дайындаушы ұйымдарға ҚҚС сомасын субсидиялау тетігінің жетілдірілмегендігі: субсидиялар жыл қорытындылары бойынша төленеді; субсидиялар жылдық жиынтық кіріс құрамында есептеледі, бұл субсидияларды төлеудің негізгі шарты болып табылатын ауыл шаруашылығы өнімін өткізуден түскен үлесті төмендетеді.

8. Ауылдық жерлерде өтімді кепілмен қамтамасыз етудің жетіспеуі.

9. АШТӨ-нің "ҚазАгро" ҰБХ" АҚ кредит беретін ұйымдарында қаржы ресурстарының жеткілікті болуына тәуелді болуы.

10. Кредиттік серіктестіктердің әлсіз институционалды дамуы жағдайында ауылдық жерлерде жеке қаржы ұйымдарының нашар танылғандығынан, қаржылық қызметтер нарығындағы бәсекелестік деңгейінің төмен болуы.

11. ҚР Үкіметі мен халықаралық қаржы ұйымдарының ынтымақтастығы бағдарламалары шеңберінде АӨК-ні қаржыландыруға арналған нысаналы ұзақ мерзімді қарыздардың жоқтығы.

12. Саланың жоғары табиғи-климаттық, эпизоотиялық, фитосанитариялық, карантиндік, экономикалық тәуекелдері.

13. Жеке қаржы ұйымдарында ұзақ мерзімді қорландыру көздерінің жоқтығы.

14. ӨСҚ қызметін сақтандыру ұйымдарының қызметі сияқты мемлекеттік реттеуші органдар (ҚР АШМ және ҚР Ұлттық Банкі) бақыламайды.

15. ӨСҚ заңнамадағы олқылықтарды пайдалана отырып, сақтандырушы рөлінде де, сақтанушы рөлінде де бола алады, бұл сақтандырудың мәнін бұрмалайды.

16. ӨСҚ-ны көбіне жергілікті атқарушы органдар және қоғамдық ұйымдар құрады, бұл ӨСҚ-ны АШТӨ үшін қосымша қаржылық ауыртпалыққа айналдырды - фермерлер сыйлықақылар төлейді, бірақ төлемді тиісінше алмайды

17. Ұсақ шаруашылықтардың көбі тіпті қарапайым аграрлық технологияларды сақтамайды, бұл тәуекел дәрежесін арттырады және қолайсыз табиғи құбылыстарға салғырттық қосылады, мұны сақтандырумен жабу мүмкін емес.

18. Заңнама сақтандыру компанияларының агротехнологияларды сақтауды талап етуіне мүмкіндік бермейді және клиент сақтандыру талаптарына анық сәйкес келмеген жағдайда сақтандырудан бас тарту мүмкіндігін көздемейді.

19. Заңға сәйкес дәнді дақылдарды сақтандыру бойынша тиісінше 2004 және 2009 жылдары белгіленген қолданыстағы тарифтер мен шығындар нормативтері АШТӨ-ні шеккен шығынды өтеудің толық сомасымен қамтамасыз етпейді.

20. АӨК субъектілерінің міндеттемелерін кепілдендіру құралдарының дамымағандығы.

3.10. АӨК қызметінің ілеспе салалары.

Техникалық жарақталу. Ауыл шаруашылығы машиналарын жасау


2016 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша Қазақстандағы ауыл шаруашылығы техникаларының негізгі түрлерінің паркі 152 мың бірлік трактордан, 42 мың бірлік астық жинаушы комбайннан, 3,5 мың бірлік егу кешендерінен, 86,1 мың бірлік дәнсепкіштен, 15,6 мың бірлік дестелегіштен тұрады, оның ішінде пайдалану мерзімі 15 жылдан жоғары тракторлар - 84%; комбайндар - 54%; дәнсепкіштер - 88%-дан астам; дестелегіштер - 73% (осы Бағдарламаға 31-қосымшаны қараңыз).

Ауыл шаруашылығы техникаларының орташа амортизациялық мерзімдері 10-12 жылды құрайтынын ескере отырып, техниканы пайдаланудың шынайы мерзімі нормативтік мерзімдерден 3-10 жылға артық деп қорытынды жасауға болады.

Ауыл шаруашылығы техникаларының (егу кешендерінен басқа) негізгі түрлері бойынша жаңарту қарқыны жаңартудың талап етілетін технологиялық

деңгейі кезінде жылына 10 - 12,5%-ды: тракторлар бойынша - 1,2%-ды; комбайндар бойынша - 2,8%-ды; дәнсепкіштер бойынша - 0,6%-ды, дестелегіштер бойынша - 1,6%-ды құрайды. Ауыл шаруашылығы техникасын сатып алудың орташа жылдық көлемі 80 млрд теңгені, оның ішінде отандық өндіріс 20,5 млрд теңгені құрайды.

21-диаграмма. 2016 жылға арналған ауыл шаруашылығы техникасының бары, бірлік



Ауыл шаруашылығы техникасының және жиынтық бөлшектерінің өндірісі бойынша жұмыс істейтін 30 кәсіпорын (зауыт) ішінде негізгі өндіруші 15 кәсіпорын (зауыт), оларда шамамен 2,1 мың адам жұмыс істейді.

Оларға: "Семаз" ЖШС (МТЗ тракторлары), "Вектор" комбайн зауыты" ЖШС (комбайндар), "Агромашхолдинг" АҚ (Есіл комбайндары), "Дафа" фирмасы" ЖШС (аспалы жабдық), "ДонМар" ЖШС (дестелегіштер), "КазКИОТИ" ЖШС (тракторлар) жатады.

Ауыл шаруашылығы техникасын отандық құрастыру өндірісінің жалпы көлемінің 93%-ы тракторлар мен комбайндарды, 7%-ы аспалы жабдықтарды құрастыруға тиесілі.

Құрылған бірлескен құрастыру өндірістері жеткілікті дәрежеде жүктелмеген. Көпшілік жағдайларда локализациялау деңгейі 35%-дан төмен, бұл отандық техника бағасының импортталатын жиынтық бөлшектер құнына тікелей тәуелді болуына алып келеді.

2015 жылдың қорытындылары бойынша отандық құрастыру кәсіпорындарының үлесіне Қазақстанда сатып алынған ауыл шаруашылығы техникасы санының орташа есеппен 30%-ы: комбайндар бойынша - 49,5%-ы, тракторлар бойынша - 34,8%-ы, өзге техника бойынша - 20%-ы тиесілі. Ауыл шаруашылығына деген қалған сұраныс импорт есебінен қанағаттандырылады.

Саланың техникалық жарақтандырылуы және ауыл шаруашылығы машиналарын жасау саласында мынадай проблемалар бар:

1. Негізгі ауыл шаруашылығы техникасы түрлерінің тозу деңгейінің жоғарылығы.
2. Ауыл шаруашылығы техникасын жаңартудың жеткіліксіз қарқыны.
3. Жиынтық бөлшектерді локализациялау мен жасаудың төмен деңгейі.
4. Сервистік қызмет көрсету жүйесінің дамымағандығы.
5. Мал шаруашылығы фермаларын механикаландыру деңгейінің жеткіліксіздігі.

Агрохимия

Қазақстанда минералды тыңайтқыштар (фосфорлы және азотты тыңайтқыштар) өндірісімен "Қазфосфат" ЖШС (суперфосфат, аммофос) және "ҚазАзот" ЖШС (аммоний нитраты) айналысады.

Калийлі тыңайтқыштар өндірілмейді, алайда Қазақстанның батыс өңіріндегі калийлі шикізат кен орнында геологиялық-барлау жұмыстары жүргізілуде.

2015 жылы азотты тыңайтқыштарды тұтыну 419,7 мың тоннаны құрады, оның 184,7 мың тоннасы немесе 44%-ы шетелде өндірілген тыңайтқыш, бұл ретте, Қазақстанда 311,1 мың тоннасы өндірілді. Фосфорлы тыңайтқыштарды тұтыну 84,6 мың тоннаны құрады, оның 0,13 мың тоннасы немесе 0,15%-ы шетелде өндірілген тыңайтқыш. Бұл ретте Қазақстанда 93,2 мың тонна осы тыңайтқыш түрі өндірілді. 2015 жылы калийлі тыңайтқыштарды тұтыну 9,7 мың тоннаны құрады, барлық көлем импорт есебінен жабылды.

ҚР-да кешенді тыңайтқыштар нарығы да толығымен импорттық өнімнен тұрады және жылына шамамен 10,1 мың тоннаны құрайды. Бұл ретте елдің отандық өндірістің минералды тыңайтқыштарымен қамтамсыз етілуі ғылыми-негізделген тұтынудың шамамен 35%-ын құрайды.

Орташа есеппен алғанда соңғы 5 жылда (2011 - 2015 жылдар) жыл сайын нақты салмақта шамамен 288 мың тонна әртүрлі минералды тыңайтқыштар түрлері әкелінді. Экспорт көлемі де артуда, орташа есеппен жылына шамамен 190,0 мың тонна экспортталады.

Агрохимия саласында мынадай проблемалар бар:

1. Жыл сайын бағаның өсуі кезінде минералды тыңайтқыштар құнының жоғарылығы.
2. Екінші санатты рұқсаттар тізбесінде агрохимикаттарды мемлекеттік тіркеу жөніндегі рұқсат беру рәсімдерін және ел аумағында агрохимикаттарды қолдану құқығына арналған рұқсат құжатын заңнамалық бекітіп берудің болмауы.

3. Отандық кәсіпорындар шығаратын тыңайтқыштар ассортиментінің аз болуы және құнының жоғары болуы.

Салық саясаты

Заңнамада АӨК субъектілері үшін арнайы салықтық режимдер көзделген:

1. Шаруа және фермер қожалықтары үшін - бірыңғай жер салығы (бұдан әрі - БЖЗ). Салық органдарының деректері бойынша 2014 жылы БЖС төлеуші субъектілер саны 125,4 мың бірлікті, шаруа (фермер) қожалықтарында (бұдан әрі - Ш(Ф)Қ) жұмыс істейтін адамдар саны 476,2 мыңды құрап, бюджетке 4,1 млрд теңге төленген.

2. Ауыл шаруашылығы өнімін, акваөсіру өнімін өндірушілер мен ауыл шаруашылығы кооперативтері үшін. Салық органдарының деректері бойынша 2014 жылы осы режимді пайдаланушы субъектілер саны 1,9 мыңды, онда жұмыс істейтін адамдар саны 117,4 мыңды құрап, бюджетке 12,1 млрд теңге салық және өзге де төлем төленген.

Салықтар құрылымында анағұрлым жоғары үлесті ҚҚС (орта есеппен 5 жылда 53,5%) иеленеді.

Ауыл шаруашылығы түсімдерінің жалпы құрылымындағы, тұтас алғанда экономиканың барлық салалары бойынша түсімдер құрылымындағы елеулі үлесіне қарамастан, ҚҚС бар болғаны 1,6%-ды құрайды (осы Бағдарламаға 32-қосымшаны қараңыз).

ҚҚС бойынша жеңілдік - есептелген ҚҚС сомасын 70%-ға азайту көзделген. Осы жеңілдікті пайдаланатын субъектілердің жалпы саны - 1147, жеңілдік сомасы 5 899 млн теңгені құрайды:

ауыл шаруашылығы шикізатын қайта өңдеуді жүзеге асыратын ұйымдар бойынша - 3 117 млн теңге;

ауыл шаруашылығы өнімін, акваөсіру өнімін өндірушілер мен ауыл шаруашылығы кооперативтері бойынша - 2 782 млн теңге.

Шығындар сомасындағы салықтардың үлестік салмағы ауыл шаруашылығында 6%-ды құрайды.

2015 жылы саланың рентабельділігі шығынды болуына байланысты минус 11%-ды құрады.

Көліктік-логистикалық инфрақұрылым

Қазіргі уақытта азық-түлік тауарларының өндірушіден тұтынушыға дейінгі қозғалысы стихиялы режимде жүзеге асырылуда. Мысалы, жеміс-көкөніс өнімін делдалдар тікелей фермерлер мен ЖҚШ танабынан сатып алады. Ет өнімдері нарықтарында да осыған ұқсас жағдай, онда еліміздің көптеген ұсақ тауар

өндірушілері дербес, санитариялық талаптарды сақтамастан мал союды жүзеге асырады және етті базарға көтерме бағамен өткізу үшін тасымалдайды.

Бұдан басқа, әрі жүк машиналарының иелері де болып табылатын делдалдар ауыл шаруашылығы өнімін өндірушілерге таңдап барады. Біріншіден, сатушыны таңдаудағы негізгі өлшемшарт өнім көлемі болып табылады, яғни өнім көлемі автомашинаны толықтай тиеу үшін жеткіліксіз болса, онда мәміле жасалмайды. Екіншіден, тасымалдау нарығындағы автопарк тасымалдау кезінде жеміс-көкөніс өнімінің сапасын айтарлықтай нашарлататын (кему, азаю, бұзылу) негізінен моральдық және техникалық жағынан тозған автомобильдерден тұрады. Үшіншіден, делдалдар барлық өндірістік және күтілмеген шығындарды жабу, сондай-ақ барынша пайда алу мақсатында АШТӨ өнімінің құнына екі-үш есе үстеме қосуды жүзеге асырады, бұл өз кезегінде тұтынушылар үшін негізсіз баға өсіміне алып келеді. Төртіншіден, делдалдар шығындар тәуекелін өзіне алады, өйткені олар ауыл шаруашылығы еңбеккерлерінен сатып алатын өнімнің өткізілуіне қандай да бір кепілдік жоқ. Мысалы, жүретін жолында ЖКО, апара жатқан тауардың межелі пунктте сұранысқа ие болмай қалу немесе бағасының күрт төмендеу тәуекелі бар. Бесіншіден, тасымалдау нарығында ұйымдастырушылықтың болмауы мемлекеттік органдардың өңірлер арасындағы тауар ағынын реттеуді жүзеге асыруына мүмкіндік бермейді.

Осы проблемаларды шешу үшін елімізде көліктік логистика мен қоймалық инфрақұрылымды дамыту бойынша шаралар қабылдануда. Айталық, Қазақстан аумағында 21 көліктік-логистикалық орталық (бұдан әрі - КЛО) жұмыс істейді. Сонымен бірге, қолданыстағы заманауи инфрақұрылымның қуаты проблемаларды толықтай жою үшін жеткіліксіз.

Логистикалық тізбектегі әлсіз буын сауда болып табылады. Азық-түлік тауарларының ішкі және сыртқы ағыны негізінен шағын кәсіпорындарға тиесілі - 80% (орташа - 17%, ірі - 3%).

Көтерме сауда негізінен әртүрлі жерлерде орындалады және көптеген бөлшек базары таңертең ерте көтерме базарлардың функциясын орындайды. Бұл ретте, Қазақстанның әрбір қаласында азық-түлік жеткізудің ескі орталықтандырылған жүйесі мұраға қалған, ескі азық-түлік қоймаларында орналасқан мамандандырылған көтерме базарлар бар.

Сөз жеміс-көкөніс өнімдері, сондай-ақ ет пен басқа да тез бүлінетін азық-түлік өнімдері, шұжық өнімдері және т.б. сатылатын айтарлықтай үлкен емес ғимараттар туралы болып отыр.

Жалпы, барлық көтерме базарларды жеке кәсіпорындар басқарады, олар осы ғимараттар мен жер учаскесінің иелері немесе оны жалға алушылар болып табылады. Бірақ көбінесе көтерме базарларды жергілікті атқарушы билік береді.

Бұл базарлар өнімді автомобильдермен өткізуші көтерме бағамен сатушыларды және сауда пункттерін (келесі тарауда базардағы операторлардың екі санаты сипатталады) қабылдауға арналған әртүрлі бөлімдерден тұрады. Сатып алушылар көтерме және бөлшек сауда қызметі араласып жатқан көтерме базарларға кіре алады.

Тиісінше базарлар сауданы ұйымдастыру бойынша өз функцияларын осы деңгейде орындайды. Сонымен бірге, өнімді өткізу шарттары, атап айтқанда, тез бұзылатын өнімдерді өткізу шарттары гигиеналық-санитариялық талаптарға сәйкес келмейді.

Бұл жоғары баға, маусымаралық кезеңде бағаның тұрақтамауы, ірі партияларды қалыптастырудағы қиындық, азық-түлік тауарларын тұрақты жеткізудің қамтамасыз етілмеуі сияқты салдарларға алып келеді.

Проблемалар:

1. Сауда-логистикалық инфрақұрылымның дамымағандығы.
2. Делдалдар буындарының бақыланбайтын санының болуы.
3. Бөлшек сауда кәсіпорындары мен АШТӨ арасында байланыстың жоқтығы.
4. Республиканың өңірлері арасында жылжыту кезінде азық-түлік тауарларын тарату жүйесінде шығындар мен шығыстардың болуы.
5. Шағын және орта АШТӨ үшін кепілді өткізу нарықтарының жоқтығы.
6. Экспорт үшін ірі, тұрақты партиялар қалыптастыруға ұйымдастырушылық, техникалық және технологиялық мүмкіндіктердің жоқтығы.

Ақпараттық-маркетингтік қамтамасыз ету

Қазақстанның АӨК-сінде ақпараттық-маркетингтік қамтамасыз етумен өтеусіз негізде мынадай мамандандырылған ұйымдар айналысты: "ҚазАгроМаркетинг" АҚ және ғылыми-зерттеу институттары (бұдан әрі - ҒЗИ) мен тәжірибелік-өндірістік шаруашылықтар (бұдан әрі - ТӨШ) базасында құрылған білім тарату орталықтары. 2016 жылы аталған қызмет "Атамекен" ҚР Ұлттық кәсіпкерлер палатасына (бұдан әрі - "Атамекен" ҚР ҰКП) қарауына берілген болатын. Ақпараттық-маркетингтік қамтамасыз етумен жыл сайын барлығы 60 мыңнан астам АӨК субъектісі қамтылған.

Сондай-ақ "KAZNEX INVEST" экспорт және инвестициялар жөніндегі ұлттық агенттік" акционерлік қоғамы (бұдан әрі - "KAZNEX INVEST" АҚ) жыл сайын шет елдердегі көрмелерге қазақстандық өндірушілердің қатысуын, байланыстар орнатуды, көрмелер өткізу мен экспортты ілгерілетуге арналған шығындардың бір бөлігін өтеу арқылы экспортты қолдайды.

Бұдан басқа, өткізу, деректерді жинау және тарату мәселелерінде салалық кәсіпкерлер қауымдастықтары ақпараттық және маркетингтік қолдау көрсетеді.

Проблемалар:

1. АӨК субъектілерінің сапалы ақпараттық-маркетингтік қамтамасыз етумен жеткілікті түрде қамтылмауы.

2. Экономиканың аграрлық секторында біліктілікті арттыру, консультациялық және ақпараттық қызметтер көрсету жүйелері үшін дамымаған инфрақұрылым.

Тиімді шетелдік технологиялар трансферті

Қазіргі уақытта тиімді шетелдік технологиялардың трансферті жекелеген инвестициялық жобалар шеңберінде бытыраңқы түрде жүзеге асырылады. Оңтайлы технологиялық шешімдерді іріктеудің, оларды байқаудан өткізу мен таратудың жүйелі тәсілі жоқ.

Технологиялардың трансферті саласындағы негізгі проблемалар мыналар болып табылады:

1. Ауыл шаруашылығын жүргізу үшін шарттары сәйкес келетін, технологиялық көшбасшы болып табылатын елдердегі неғұрлым өзекті технологиялық міндеттер, технологиялар, оларды шешу тәсілдері туралы құрылымдалған, объективті ақпараттың болмауы.

2. Ресурстарды перспективалық міндеттерге шоғырландыруға және қажетті құзыреттердің иесі болып табылатын шетелдік ұйымдармен әріптестікте оларды шешуге алдын ала кірісуге мүмкіндік беретін, АӨК-дегі технологиялық болжамдау жүзеге асырылмайды.

Ғылыми және кадрлық қамтамасыз ету

Қазақстан Республикасында АӨК саласындағы ғылыми зерттеулермен " Ұлттық аграрлық ғылыми-білім беру орталығы" КЕАҚ-ның (бұдан әрі - " ҰАҒББО" КЕАҚ) ҒЗИ-лары мен ТӨШ-тері, басқа да ҒЗИ, ТӨШ және жоғары оқу орындары (бұдан әрі - ЖОО) айналысады. Ғылыми зерттеулерді қаржыландырудың жалпы көлемі 2015 жылы жалпы ауыл шаруашылығы өнімінің 0,15%-ын құрады, бұл орта есеппен технологиялық көшбасшы елдерге қарағанда шамамен 10 есеге төмен.

Қазақстанның жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру жүйесінің басымдықтары білім, ғылым және өндірістің біртұтастығы, сондай-ақ университеттер мен бизнес-құрылымдардың интеграциясын күшейту болып табылады.

"Назарбаев Университеті" ДББҰ-ның тәжірибесін пайдалана отырып, "Қазақ ұлттық аграрлық университеті (бұдан әрі - ҚазҰАУ) мен Сәкен Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық университетін (бұдан әрі - ҚазАТУ) зерттеу

университеттеріне кезең-кезеңімен трансформациялау жүргізілуде. ҚазҰАУ және ҚазАТУ Индустриялық-инновациялық дамытудың мемлекеттік бағдарламасы (бұдан әрі - ИИДМБ) жобаларын іске асыру үшін кадрлар даярлауға екінші жыл қатысуда.

Өңірлік қағидатты және аграрлық кадрлар даярлау саласындағы көп жылдық тәжірибесін, кәсіби ғылыми-педагогикалық әлеуетінің барын, сондай-ақ жетекші шетел университеттерімен және озық отандық агроқұрылымдармен тығыз байланысын ескере отырып, жетекші үш аграрлық ЖОО-ның күш-жігері АӨК үшін бәсекеге қабілетті кадрлар даярлауға бағытталады.

"Ауыл шаруашылығы ғылымдары, көрсетілетін қызметтер және ветеринария" мамандығы бойынша жоғары білімі бар кадрларды даярлауды 23 ЖОО (оның ішінде 7 ЖОО жеке меншікте), оның ішінде:

ҚР-ның үш жоғары білім беру мекемесі. ҚазҰАУ-да 14, ҚазАТУ-да 13 және Жәңгірхан атындағы Батыс Қазақстан аграрлық-техникалық университетінде (бұдан әрі - БҚАТУ) 11 аграрлық мамандық бойынша даярлау жүргізіледі;

мамандандырылған аграрлық факультеттері бар тоғыз ЖОО;

аграрлық мамандықтар бойынша даярлау жүргізілетін бейіндік емес 11 ЖОО жүзеге асырады.

Жоғарыда көрсетілген ЖОО-ларда халықаралық аккредиттеу агенттіктерінің институционалды және мамандандырылған аккредитациясы бар екенін айта кету қажет.

ҚазҰАУ:

институционалды аккредиттеу 2014 жылы алынды (БСҚТҚА агенттігі);

мамандандырылған аккредиттеу 13 білім беру бағдарламасы бойынша 2015 жылы (ACQUIN және АРТА) және 3 білім беру бағдарламасы бойынша 2016 жылы (АРТА) алынды.

ҚазАТУ:

институционалды аккредиттеу 2014 жылы алынды (АРТА);

мамандандырылған аккредиттеу 79 білім беру бағдарламасы бойынша 2015 жылы алынды (АРТА).

БҚАТУ:

институционалды аккредиттеу 2014 жылы алынды (БСҚТҚА агенттігі);

мамандандырылған аккредиттеу 38 білім беру бағдарламасы бойынша 2014 жылы және 19 білім беру бағдарламасы бойынша 2015 жылы (БСҚТҚА) алынды.

Бұл ретте, ауыл шаруашылығы мамандығына гранттардың айтарлықтай саны бөлінетіндігіне қарамастан сала жоғары білімі бар кадрларға тапшылықты сезініп отыр. 2014 - 2016 жылдары АӨК үшін мамандарға және ғылыми кадрларға деген жалпы қажеттілік 6 456 адамды, оның ішінде 2014 жылы 1575 адамды, 2015 жылы 2 240 адамды, 2016 жылы 2641 адамды құрады. Кадрлар тапшылығы

негізінен ғалым-агрономдар, ветеринар дәрігерлер, зооинженерлер, ауыл шаруашылығы өндірісінің инженер-механиктері, ауыл шаруашылығы өнімін қайта өңдеуші инженер-технологтар, экономистер, бухгалтерлер және т.с.с. сияқты мамандықтар бойынша сезіледі. Жергілікті атқарушы органдардың деректері бойынша АӨК субъектілерінің шамамен 80%-ы мамандарға деген қажеттілікті бастан кешіп отыр. 13 мыңнан аса АШТӨ-заңды тұлғаның басшылық құрамының тек 12%-ның аграрлық бейінді жоғары және аяқталмаған жоғары білімі бар. ЖОО-ны ауыл шаруашылығы мамандықтары бойынша бітірген түлектердің тек 55%-ы бейіні бойынша жұмысқа тұрған, оның ішінде 43%-ы - ауылдық квотамен оқығандар.

Ауыл шаруашылығын жаппай кадрлармен қамтамасыз етуде арнайы орта білім маңызды рөл атқарады. Қазақстанда табиғи-климаттық жағдайларды және өңірлердің қалыптасқан мамандануын ескере отырып, 2015 жылғы 1 қазандағы жағдай бойынша 807 колледж жұмыс істейді, оның ішінде 462 мемлекеттік колледж. Техникалық және кәсіптік оқыту (бұдан әрі - ТжКО) шеңберінде АӨК үшін кадрлар даярлау 21 мамандық бойынша жүргізіледі. Орта арнайы білімі бар аграрлық саладағы кадрларды даярлауды Маңғыстау облысынан басқа еліміздің барлық өңірлерінде орналасқан 62 колледж жүргізеді. Олардың бар-жоғы 20%-ы ауылдық жерде орналасқан.

Оқыту бағдарламаларының практикалық-бағдарлану деңгейі кадрларды даярлаудың заманауи талаптарына сай келмейді, практикалық сағаттардың үлес салмағы шамамен 20-25%-ды құрайды. Бұл ретте аграрлық мамандықтар бойынша кадрлар даярлайтын ТжКО мекемелерінің әлсіз материалдық-техникалық базасы байқалады. ЖОО мен ТжКО мекемелерінің озық шаруашылықтармен және кәсіпорындармен әлсіз интеграциясы және толық емес өзара іс-қимылы байқалады. Ел халқының 22%-ы ғана ТжКО престижді деп санайды.

Ал АӨК субъектілерінің 80%-ын бейінді мамандарға мұқтаж ұсақ шаруа және фермер қожалықтары құрайды. Бұл ретте өндірісте агрономдар, зоотехниктер, веттехниктер, реттеуші-шеберлер және т.б. жетіспейді.

Бұдан бұрын әр ауданда кәсіби-техникалық училищелер (лицейлер, мектептер) жұмыс істеген, олар ауыл шаруашылығы өндірісінің тракторшы-машинисі, ауыл шаруашылығы машиналары мен тракторларын реттеуші, дәнекерлеуші-жөндеуші, машинамен сауу операторлары, жеміс-көкөніс өсірушілер, жануарларды ветеринариялық өңдеу жөніндегі оператор, құс өсірушілер, жылқы өсірушілер, мал шаруашылығы кешенінің операторы, балық өсіруші және т.б. сияқты бұқаралық жұмысшы мамандарын дайындаған. Бұл ретте оқыту 10 айдан (орта білімі базасында) 36 айға дейін (толық емес орта білімі базасында - 8-9 сынып түлектері) жүргізілген.

ЖОО қызметінің негізгі бағыты бизнестің өндірістік проблемаларын шешуге және білім алушылардың практикалық дағдыларын баулуға нашар бағдарланған. АШТӨ-нің салалық бірлестіктермен, жергілікті атқарушы органдармен бірлесіп, кадрларға деген қажеттіліктің мониторингі, "Дипломмен ауылға" жобасы шеңберінде жас мамандарды тарту және әртүрлі қоғамдық жобаларға ауыл жастарын тарту бойынша жұмыс нашар жүргізілуде. Ауыл шаруашылығы кәсіптерінің беделін арттыру жөніндегі жұмыс тиісінше жүргізілмейді.

Проблемалар:

1. Отандық ғылыми әзірлемелердің бәсекеге қабілеттілігінің төмендігі.
2. Ғылыми зерттеулердің анағұрлым өзекті міндеттерге жеткілікті түрде бағытталмауы.
3. Ғылыми зерттеулерге қаржыландыруды бөлудің тиімсіз жүйесі.
4. Аграрлық ғылымның жеткіліксіз қаржыландырылуы.
5. Ғылыми нәтижелерді өндіріске беру тетігінің дамымағандығы.
6. Бұқаралық жұмысшы мамандықтарды даярлау жүйесінің жоқтығы.
7. Жоғары және арнайы орта білімі бар мамандарды даярлау сапасының өндіріс талаптарына сәйкес келмеуі.
8. Аграрлық бейіндегі оқу орны түлектерінің ауыл шаруашылығы кәсіпорындарына жұмысқа тұру үлесінің төмендігі.
9. Көптеген оқу орындарының әлсіз материалдық-техникалық базасы.
10. Жас мамандарды ауылда жұмыс істеуге ынталандыру дәрежесінің төмендігі.

Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер мен ақпараттық технологияларды дамыту

Ауыл шаруашылығы саласында 101 мемлекеттік қызмет көрсетілсе, оның ішінде 38 мемлекеттік қызмет халыққа "Азаматтарға арналған үкімет" мемлекеттік корпорациясы" КЕАҚ арқылы көрсетіледі.

2016 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша мемлекеттік көрсетілетін қызметтердің 52,3%-ына оңтайландыру жүргізілді. "Электрондық үкімет" порталы арқылы 73 мемлекеттік қызмет көрсетіледі. Бәсекелес ортаға 2 мемлекеттік қызмет берілді.

ҚР ауыл шаруашылығында ауыл шаруашылығы өнімінің өндірісі кезінде сандық технологияларды қолданатын АШТӨ үлесі болмашы, бұл ауыл шаруашылығын жүргізу кезіндегі түсімділіктің өсіміне және шығыстарды қысқартуға кері әсерін тигізеді.

Сондай-ақ мемлекеттік саясаттың тиімділігі Қазақстанның Дүниежүзілік экономикалық форумның Бәсекеге қабілеттіліктің жаһандық индексі

рейтингісіндегі "Аграрлық саясаттың ауыртпалығы" көрсеткіші бойынша позициясымен айқындалады. Анықтама ретінде: 2011 жылы - 49 орын; 2012 жылы - 48 орын; 2013 жылы - 40 орын, 2014 жылы - 57 орын, ал 2015 жылы - 70 орын.

Проблемалар:

1. "Азаматтарға арналған үкімет" мемлекеттік корпорациясы" КЕАҚ арқылы көрсетілетін мемлекеттік қызметтер саны сұраныс деңгейіне сәйкес келмейді.

2. Мемлекеттік көрсетілетін қызметтерді автоматтандыру рәсімдері жаңғыртуды және кеңейтуді талап етеді.

3. Мемлекеттік органдарға тән емес мемлекеттік қызметтерді көрсету.

4. Мыналарды:

субсидиялау және мемлекеттік қолдаудың басқа да шаралары;

ауыл шаруашылығы техникасын есепке алу;

мал шаруашылығы өнімінің қадағалануы (ветеринариялық және тамақ қауіпсіздігі);

өсімдік шаруашылығы өнімінің қадағалануы (фитосанитариялық және тамақ қауіпсіздігі);

балық өнімінің қадағалануы (балық өнімінің көлеңкелі айналымы, тамақ қауіпсіздігі);

жер ресурстарының мониторингі және оларды басқару;

орман қорының мониторингі және оны есепке алу мен орман өрттерін болдырмау;

су ресурстарының мониторингі және оларды есепке алу процестерін автоматтандыру деңгейінің жеткіліксіздігі.

Сертификаттар мен сынақ хаттамаларын тану

Қазақстан Тынық мұхит аккредиттеу жөніндегі ынтымақтастығы (РАС), Еуропалық аккредиттеу жөніндегі ұйым (ЕА), Халықаралық аккредиттеу форумы (IAF), Халықаралық зертханаларды аккредиттеу ынтымақтастығы (ILAC) сияқты аккредиттеу саласындағы халықаралық және өңірлік ұйымдардың қатысушысы болып табылады. Аталған ұйымдарға қатысу жүйелерді, өнімді, персоналды және сәйкестікті бағалау жөніндегі басқа да бағдарламаларды сертификаттауды немесе тіркеуді халықаралық тануға мүмкіндік береді.

Бүгінгі күні әлемнің 76 елінің аккредиттеу жөніндегі 84 органы және 3 өңірлік топ, оның ішінде ЕО, Иран, ҚХР, РФ және басқалары Өзара тану туралы келісімге (ILAC MRA) қол қоюшылар болып табылады. Бұл қол қоюшылардың өз саласының шегінде аккредиттеу нәтижелерін өзара тануын және тиісінше олар аккредиттеген субъектілердің сәйкестігін бағалау бойынша жұмыстардың

нәтижелерін мойындай алатынын білдіреді. Осы жұмыстарды тану жөніндегі соңғы шешімді аталған елдердің үкіметтері қабылдайды.

Қазақстан Республикасының аккредиттеу жөніндегі органының (ҰАО) ІЛАС-қа мүшелік етуінің арқасында, республиканың аккредиттелген зертханалары берілетін сынақ хаттамаларында Біріктірілген ІЛАС МРА зертханалық белгісін пайдалана алады. Мұндай хаттамалар Өзара тану туралы келісімге (ІЛАС МРА) қол қойған елдерде импорттаушы елде регламенттелген жеке көрсеткіштер бойынша қосымша сынақтар жүргізу арқылы оларды жалпы немесе ішінара тану үшін негіз ретінде қарастырылады. Осылайша, Біріктірілген ІЛАС МРА зертханалық белгісі бар сынақ хаттамаларын алу отандық экспорттаушылар үшін тауардың сәйкестігін растау жөніндегі қосымша рәсімдерге кететін шығыстар мен уақытты төмендетуге ықпал етеді.

2016 жылдың есептік деректеріне сәйкес, республиканың 187, оның ішінде 9 калибрлеу зертханасы Біріктірілген ІЛАС МРА белгісін пайдаланады. Аталған зертханалар ҚР заңды тұлғаларына 521 419 сынақ хаттамасын, соның ішінде 9 626 сынақ хаттамасын - ҚР-дан тысқары жерлерге берген. Хаттамалар балық, ет, сүт, астық өнімдеріне, сондай-ақ балға, табиғи, минералды емдік-асханалық суға, ұнға, күнбағысқа, қой жүніне, былғары шикізатқа, ІҚМ терісіне берілген.

Осылайша, бизнес қоғамдастық экспортталған өнімді Қырғызстанға, Тәжікстанға, Өзбекстанға, Ауғанстанға, Қытайға, Жапонияға, Иранға, Сербияға, Испанияға, Ресейге, Беларусьқа, Әзірбайжанға, Грузияға, Польшаға халықаралық деңгейде ІЛАС МРА белгісімен мойындалған сынақ хаттамаларымен сүйемелдеуге мүмкіндік алды.

Бұдан басқа, ҰАО өнім бойынша Тану туралы көпжақты келісімнің (IAF MLA) қол қоюшысы болып табылады, бұл аккредиттелген органдарға сәйкестікті растау жөніндегі ISO/IEC 17065 стандарты бойынша өнімді, оның ішінде экспортқа сүйемелдейтін сәйкестік сертификаттарында біріктірілген IAF MRA белгісін қолдануға мүмкіндік береді. ҚР ИДМ ТРМК-нің 2015 жылғы 25 желтоқсандағы № 270-од бұйрығымен ағылшын тілінде сәйкестік сертификаттарына қосымшалардың нысандары бекітілген.

2016 жылғы 30 желтоқсандағы жай-күй бойынша 54 орган (оның ішінде 19 филиал) шартқа қол қойған және біріктірілген IAF MRA белгісін пайдалану құқығын алған және 1700 сәйкестік сертификатын берген.

2015 жылғы 29 мамырда ЕАЭО мен Вьетнам арасында еркін сауда аймағы туралы келісім жасалды. Аталған келісім элементтерінің бірі шамадан тыс кедергілерді жою, тауарлардың халықаралық саудаға шығуын және стандарттарды, техникалық регламенттерді әзірлеу, қабылдау және қолдану кезіндегі транспаренттілікті және сәйкестікті бағалау рәсімдерін жақсарту болып табылады.

5.	Азық-түлік тауарларымен көтерме сауданың нақты көлем индексі	%	статдеректер	АШМ, ҰЭМ, Астана және Алматы қалалары, облыстар әкімдіктері	100	102	106	113	118	123	129
6.	Суаруға арналған су шығысы	текше км/га	АШМ-ның есептік деректері	А Ш М , облыстар әкімдіктері	9180	9036	8608	8223	7873	7548	7348
7.	Жерүсті су ресурстарын ұлғайту	текше. км	АШМ-ның есептік деректері	АШМ	-	-	-	-	-	0,9	1,0
8.	Өнеркәсіпте сумен жабдықтау жүйелеріндегі су көлемі : қайталама сумен жабдықтау	текше км	АШМ-ның есептік деректері	АШМ, ИДМ	0,69	0,69	0,70	0,71	0,73	0,75	0,77
	айналымды сумен жабдықтау				7,30	7,30	7,33	7,38	7,46	7,54	7,62

Қойылған міндеттерге қол жеткізудің индикативті параметрлері 33-қосымшада көрсетілген.

¹Егер өзгеше көрсетілмесе, бұдан әрі Бағдарлама мәтіні бойынша нысаналы индикаторлар (нәтижелер көрсеткіштері) мәндерінің 2015 жылғы деңгейге карағанда өзгерістері көрсетіледі.

²Сыртқы және өзара сауда бойынша "Жануарлардан және өсімдіктерден алынатын өнімдер, дайын азық-түлік тауарлары" 01-24 СЭҚ ТН кодтары бойынша, ағымдағы айырбас бағамы мен қолданыстағы бағалар негізінде

4.1. Ұсақ және орта шаруашылықтарды ауыл шаруашылығы кооперациясына тарту

Аталған міндетті орындау мынадай нәтижелер көрсеткіштерімен өлшенетін болады:

Р/с №	Нәтижелер көрсеткіштері	Өлшем бірлігі	Ақпарат көздері	Орындауға жауаптылар	2015 (нақты)	2016 (бағалау)	2017	2018	2019	2020	2021
1	2	3	4	5	6	7	8	9	10	11	12
1.	Ауыл шаруашылығы кооперативтері (шаруа және үй қожалықтары) мүшелерінің саны	(мың бірл.	статдеректер	А Ш М , Астана және Алматы қалалары, облыстар әкімдіктері	-	-	135	267	353	434	500

2.	Жұмыс істеп тұрған ауыл шаруашылығы кооперативтерінің саны	бірл.	ЖАО-ның Есептік деректері	А Ш М , Астана және Алматы қалалары, облыстар әкімдіктері	-	150	326	644	851	1046	1204
3.	Кооперативтер дайындаған ет көлемі	мың тонна	статдеректер	А Ш М , облыстар әкімдіктері	-	-	13,2	34,2	49,7	66,2	81,7
4.	Кооперативтер дайындаған сүт көлемі	мың тонна	статдеректер	А Ш М , облыстар әкімдіктері	-	-	258,0	378,0	432,6	477,0	500,4
5.	Кооперативтер дайындаған жеміс көлемі	мың тонна	статдеректер	А Ш М , облыстар әкімдіктері	-	-	7,5	16,5	19,5	19,5	19,5
6.	Кооперативтер дайындаған көкөністер көлемі	мың тонна	статдеректер	А Ш М , облыстар әкімдіктері	-	-	15	33	39	39	39

4.2. Ішкі нарықты молықтыру және отандық өнімнің экспорттық әлеуетін дамыту

Азық-түлікке деген ішкі қажеттіліктерді қамтамасыз ету үшін мынадай басым өнім түрлерінің өндірісін дамыту қажет: құс еті, ет өнімдері, сүт өнімдері, балық, өсімдік майы, жеміс-көкөніс өнімдері және қант.

Ең жоғары экспорттық әлеует ішкі тұтынылуы қазіргі уақытта өз өндірісімізбен толықтай қамтамасыз етіліп отырған басым өнім түрлері - сиыр еті, қой еті, шошқа еті бойынша, сондай-ақ сыртқы нарықтарда жоғары сұранысқа ие өнімдер - астық, майлы тұқымдар, картоп және олардың қайта өңделген өнімдері (органикалық өнімді қоса алғанда) бойынша байқалады.

Ауыл шаруашылығы өнімін қайта өңдеу және тамақ өнеркәсібі салаларын дамыту ішкі нарықты азық-түлік тауарларымен молықтыру, мал шаруашылығының құрама азықтарға деген қажеттілігін және экспорттық әлеуетті іске асыруды қамтамасыз ету үшін басым өнім түрлерін өндіруге бағытталатын болады.

Өндірісті қауіпсіз өңделген ауыл шаруашылығы өнімімен қамтамасыз ету мен ішкі және сыртқы нарықтарда отандық өндірушілердің мүдделерін қорғау үшін ЕАЭО-ның техникалық регламенттері АӨК-нің даму деңгейі мен техникалық мүмкіндіктерін есепке ала отырып әзірленетін болады.

Аталған міндеттің орындалуы мынадай нәтижелер көрсеткіштерімен өлшенетін болады:

					2015						
					(
							2017	2018	2019	2020	2021

Р/с №	Нәтижелер көрсеткіштері	Өлшем бірлігі	Ақпарат көздері	Орындауға жауаптылар	нақты	2016 (бағалау)					
1	2	3	4	5	6	7	8	9	10	11	12
1.	Арпа өндіру көлемі	мың тонна		АШМ, Астана және Алматы қалалары, облыстар әкімдіктері	2675	2969	2813	3038	3267	3786	4004
2.	Сұлы өндіру көлемі				244	314	287	341	392	483	517
3.	Азыққа арналған жүгері өндіру көлемі				734	744	779	842	917	1067	1097
4.	Күріш өндіру көлемі				422	442	398	395	389	385	387
5.	Майлы тұқымдар өндіру көлемі				1548	1870	1868	2018	2131	2754	3046
6.	Азықтық дақылдар өндіру көлемі				5643	6150	7798	8630	9634	11617	12688
7.	Қант қызылшасын өндіру көлемі				174	322	425	550	720	896	1120
8.	Мақта өндіру көлемі				274	274	275	280	285	290	300
9.	Картоп өндіру көлемі				3521	3464	3615	3738	3856	3921	3992
10.	Көкөністер өндіру көлемі				3497	3565	3752	3893	4020	4080	4132
11.	Жеміс-жидек дақылдары мен жүзім өндіру көлемі				280	315	335	355	380	400	421
12.	Құс етін өндіру көлемі				146	160	187	230	268	286	298
13.	Сиыр етін өндіру көлемі				416	425	427	441	455	470	491
14.	Қой етін өндіру көлемі				144	145	148	151	154	158	161
15.	Шошқа етін өндіру көлемі				95	113	129	128	132	132	133
16.	Сүт өндіру көлемі				5182	4891	5124	5265	5397	5517	5665
17.	Бекіре тұқымдастарды өсіру көлемі	тонналар	статдеректер		106	215	268	482	622	667	720
18.	Албырт тұқымдастарды өсіру көлемі				172	242	260	382	473	574	915
19.	Ақсақа тұқымдастарды өсіру көлемі				100	518	229	350	555	880	1163

38	Ұн			облыстар әкімдіктері	343,6	479,7	398,5	404,0	409,4	414,9	414,9
39	Өсімдік майы				39,5	77,7	117,6	162,4	243,1	284,0	339,8
40	Астық				648,8	729,7	628,2	667,0	701,9	709,8	714,7
41	Майлы тұқым				111,5	171,3	175,0	246,3	253,3	310,8	382,6
42	Сиыр еті		АШМ-ның есептік деректері		15,6	13,8	55,2	82,9	110,5	138,1	193,3
43	Енгізілген тұрақты суарылатын жерлерде өндірілген ауыл шаруашылығы өнімінің көлемі	млрд. тенге	облыстар әкімдіктерінің есептік деректері	Облыстар әкімдіктері	-	-	14,7	78,6	200,3	384	599

4.3. Мемлекеттік қаржылық қолдау шараларын тиімді пайдалану

Мемлекеттік қаржылық қолдау шараларын тиімді пайдалану инвестициялар тарту мақсатында, оның ішінде алушыларды қамтуды ұлғайту есебінен субсидияларды тиімсіздеу субсидиялардан тиімдірек субсидияларға қайта бөлуге бағытталады болады.

Аталған мақсаттың орындалуы мынадай нәтижелер көрсеткіштерімен өлшенетін болады:

Р/с №	Нәтижелер көрсеткіштері	Өлшем бірлігі	Ақпарат көздері	Орындауға жауаптылар	2015 (нақты)	2016 (бағалау)	2017	2018	2019	2020	2021
1	2	3	4	5	6	7	8	9	10	11	12
1.	Ауыл шаруашылығындағы негізгі капиталға салынатын инвестициялардың нақты көлем индексі	%	статдеректер	АШМ, Астана және Алматы қалалары, облыстар әкімдіктері	100	149	159	185	213	243	268
2.	Тамақ өнімдері өндірісіндегі негізгі капиталға салынатын инвестициялардың нақты көлем индексі	%	статдеректер	АШМ, Астана және Алматы қалалары, облыстар әкімдіктері	100	85	102	122	130	153	177

4.4. Су ресурстарын тиімді пайдалану

Су ресурстарын тиімді пайдалану тұрақты және көлтабандап суарылатын жерлерді ауыл шаруашылығын дамыту үшін қажетті суару суымен қамтамасыз етуде, мелиорациялық жай-күйді жақсарту мен ирригациялық инфрақұрылымды қалпына келтіруде, өнеркәсіпте су тұтыну тиімділігін арттыруда көрініс табатын болады.

Аталған міндеттің орындалуы мынадай нәтижелер көрсеткіштерімен өлшенетін болады:

Р/с №	Нәтижелер көрсеткіштері	Өлшем бірлігі	Ақпарат көздері	Орындауға жауаптылар	2015 (нақты)	2016 (бағалау)	2017	2018	2019	2020	2021
1	2	3	4	5	6	7	8	9	10	11	12
1.	Су қоймаларының жалпы сыйымдылығы	текше.км	АШМ-ның есептік деректері	АШМ, облыстар әкімдіктері	97,9	97,9	97,9	97,9	97,9	98,8	99,8
2.	Тұрақты суару кезінде ауыл шаруашылығы мұқтаждарына арналған жерүсті су ресурстарын алу көлемі	текше. км	АШМ-ның есептік деректері	АШМ, облыстар әкімдіктері	12,2	12,65	12,18	12,17	12,63	13,52	14,77
3.	Көлтабандап суару кезінде ауыл шаруашылығы мұқтаждарына арналған жер үсті су ресурстарын алу көлемі	текше. км	АШМ-ның есептік деректері	АШМ, облыстар әкімдіктері	0,35	0,35	0,37	0,43	0,52	0,70	0,90
4.	Ауыл шаруашылығы мұқтаждарына арналған жерүсті су ресурстарын тасымалдау кезіндегі шығасылар көлемі	текше. км	АШМ-ның есептік деректері	АШМ, облыстар әкімдіктері	5,10	4,93	4,39	4,02	3,79	3,65	3,69

4.5. Жер ресурстарын тиімді пайдалану үшін жағдайлар жасау

АӨК-де жер ресурстарын тиімді пайдалануды қамтамасыз ету үшін ауыл шаруашылығы алқаптарының сандық және сапалық сипаттамалары туралы өзекті және шынайы ақпараттың болуы негізгі мәнге ие, ол МЖК мәліметтерін және ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлердің агрохимиялық жай-күйі туралы деректер банкін қалыптастырудан көрініс табады.

Бұдан басқа, тұрақты және көлтабандап суарылатын жерлерді ауыл шаруашылығын дамыту үшін қажетті суаратын суымен қамтамасыз ету де айтарлықтай рөл атқарады.

4.	Азотты тыңайтқыштардың өндіру көлемі	мың тонна	статдеректер	ИДМ, АШМ, Астана және Алматы қалалары, облыстар әкімдіктері	311,4	317,4	323,4	325,0	370,0	400,0	400,0
5.	Фосфорлы тыңайтқыштардың өндіру көлемі				90,1	96,4	225,0	500,0	720,0	800,0	1000,0
6.	Күрделі тыңайтқыштардың өндіру көлемі				0	0	0	0	2,6	5,2	7,9

4.7. Сауда-логистикалық инфрақұрылымды дамыту

Ауыл шаруашылығы өнімін және қайта өңделген өнімді өткізу жөніндегі мүмкіндіктерді кеңейту мақсатында азық-түліктің ірі партияларын қалыптастыру және оларды ішкі нарыққа және экспортқа бөлу үшін көтерме-тарату орталықтары желісі құрылатын болады.

Аталған міндеттің орындалуы мынадай нәтиже көрсеткішімен өлшенетін болады:

Р/с №	Нәтиже көрсеткіші	Өлшем бірлігі	Ақпарат көздері	Орындауға жауаптылар	2015 (нақты)	2016 (бағалау)	2017	2018	2019	2020	2021
1	2	3	4	5	6	7	8	9	10	11	12
1.	Көтерме-тарату орталықтарының саны	бірл.	АШМ-ның есептік деректері	АШМ, ҰЭМ, ИДМ, Астана және Алматы қалалары, облыстар әкімдіктері	0	0	3	6	9	12	16

4.8. Ғылыми-технологиялық, кадрлық және ақпараттық-маркетингтік қамтамасыз ету

Аталған міндеттің орындалуы мынадай нәтижелер көрсеткіштерімен өлшенетін болады:

Р/с №	Нәтиже көрсеткіші	Өлшем бірлігі	Ақпарат көзі	Орындауға жауаптылар	2015 (нақты)	2016 (бағалау)	2017	2018	2019	2020	2021
1	2	3	4	5	6	7	8	9	10	11	12
1.	Өзірленген технологиялық үлгілік жобалар саны	бірл.	АШМ-ның есептік деректері	АШМ	-	-	-	-	-	4	4
	АӨК субъектілерін білім тарату жүйесінің			АШМ, Астана және Алматы қалалары,							

2.	көрсетілетін қызметтерімен қамту	%	АШМ-ның есептік деректері	облыстар әкімдіктері, ҰКП (келісім бойынша)	1,5	5,4	2,5	2,5	2,5	5	5,5
3.	Қаржыландырудың жалпы көлемінен ғылыми-зерттеу және тәжірибелік-конструкторлық жұмыстар (бұдан әрі - ҒЗТКЖ) бағдарламалары мен жобаларын бизнестің бірлесіп қаржыландыру үлесі	%	АШМ-ның есептік деректері	БҒМ	-	-	-	2	4	6	10

5. Бағдарламаның негізгі бағыттары, алға қойылған мақсаттарға қол жеткізу жолдары және тиісті шаралар

АӨК-ні дамыту ұзақ мерзімді перспективаға арналған стратегиялық жоспарлауды қажет етеді және осыған байланысты, аталған Бағдарламаның төртінші бөлімінде көрсетілген 2017 - 2021 жылдарға арналған индикаторлар мен көрсеткіштерді орындау үшін негізгі бағыттар, алға қойылған мақсаттарға қол жеткізу жолдары және тиісті шаралар әзірленді.

Көзделген шараларды іске асыру еңбек өнімділігін ұлғайту және өндірістік шығындарды төмендету негізінде АӨК өнімінің бәсекеге қабілеттілігін арттыруға бағытталған.

5.1. Ұсақ және орта шаруашылықтарды ауыл шаруашылығы кооперациясына тарту

АШТӨ-нің сәтті жұмыс істеуіне, өнімді өндіру мен өткізу кезіндегі АШТӨ-нің шығасыларын төмендетуге, ауыл шаруашылығының және жалпы АӨК-нің теңгерімді дамуына ауыл шаруашылығы кооперациясы ықпал ететін болады.

Бүгінгі таңда ҚР-да ауыл шаруашылығы өнімін өндіру, өткізу, қайта өңдеу, АШТӨ-ні материалдық-техникалық жарақтау, оған кредиттік, сервистік және ақпараттық-маркетингтік қызмет көрсету ең маңызды бағыт болып табылады.

Өндірістік кооперативтер жерді бірлесіп өңдеу, ауыспалы егістің бірыңғай жүйесін, өсімдік шаруашылығы өнімін өсірудің және жануарлар өсірудің прогрессивті технологияларын пайдалану, ауыл шаруашылығы техникасын бірлесіп пайдалану және т.б. жолмен ауыл шаруашылығы өнімін өндірумен айналысатын болады.

Өткізу кооперативтері кооператив мүшелері өндіретін өнімді өткізумен, сондай-ақ шикізатты балғын немесе қайта өңделген түрінде жинаумен, сақтаумен, сұрыптаумен, кептірумен, көтерме немесе бөлшек сатумен және кооператив мүшелерінің өнімін тасымалдаумен айналысатын болады.

Қайта өңдеуші кооперативтер ауыл шаруашылығы өнімін ірі қайта өңдеуші кәсіпорындар мен көтерме-бөлшек желілерге кейіннен өткізе отырып, оны бастапқы қайта өңдеуді ұйымдастыру мақсатында құрылатын болады.

Материалдық-техникалық жабдықтау жөніндегі кооперативтер АШТӨ-ні өндірістік процеске қажетті ресурстармен және материалдармен - жанар-жағармай материалдарымен, тұқымдармен, тыңайтқыштармен, улы химикаттармен, азықтармен, қосалқы бөлшектермен, ауыл шаруашылығы өндірісіне қажетті құрылыс және басқа да ілеспе материалдармен қамтамасыз ететін болады.

Кредиттік кооперативтер өз мүшелеріне ауыл шаруашылығы мақсатындағы өндірістік мақсаттарға, бизнестің ауыл шаруашылығымен қатысы жоқ түрлеріне де, тұтынушылық мақсаттарға да кредит берумен айналысатын болады.

Сервистік кооперативтер өз мүшелеріне ауыл шаруашылығы өнімін өндіру және өткізу процесімен, сондай-ақ басқа салалардағы (агрохимиялық, ветеринариялық, техникалық қызмет көрсету, сумен қамтамасыз ету, электрмен жабдықтау, техниканы жөндеу және оған қызмет көрсету, телефондандыру, асыл тұқымдық және селекциялық қызмет, мал шаруашылығында және өсімдік шаруашылығында зерттеулер жүргізу және басқалар) жалпы қажеттіліктерін қанағаттандырумен байланысты көрсетілетін қызметтер ұсынатын болады.

Ақпараттық-маркетингтік кооперативтер өз мүшелерін жаңа технологиялар, сорттар, тұқымдар, нарықтардағы ахуал туралы ақпаратпен қамтамасыз ету мақсатында құрылады.



Ауыл шаруашылығы кооперативтеріне біріктірудің артықшылығына мыналар жатады:

өткізуші, қайта өңдеуші, жарактандырушы және қызмет көрсетуші кооперативтердің басқа да түрлерін құру кезінде кооператив мүшелерінің өздерінің заңды және экономикалық дербестігін сақтауы, яғни, олар жердің, ауыл шаруашылығы жануарларының, өндірілген өнімнің, қолда бар ауыл шаруашылығы техникасының иелері болып қалады;

жер, өндірістік, еңбек ресурстарын тиімді пайдалану, өндірістік кооператив құру кезінде өнім өндірудің прогрессивті технологияларын, ауыл шаруашылығы техникасын, технологиялық жабдықтарды бірлесіп пайдалану мүмкіндігі;

АШТӨ өндірген өнімді делдалдарсыз, тікелей қайта өңдеуге, сауда желісіне тұрақты өткізу;

өзара есептесуді кооператив мүшелерінің (жеке қосалқы, шаруа қожалықтары және т.б.) шоттарына аудару жолымен жүзеге асыру;

өнімнің аса ірі партияларын қалыптастыру есебінен кооператив мүшелерінің шикізатты қайта өңдеу мен өткізуге дейінгі тасымалдауға, жеткізуге арналған шығындарын қысқарту;

кооператив мүшелерінің мүдделерін қорғау және кооперативтің жалпы жиналысында өндірістік, ұйымдастыру және экономикалық сипаттағы шешімдерді талқылау және қабылдау кезінде дауыс беру құқығының болуы;

кооперативті басқару аппаратының құжаттарды орталықтандырылған дайындау жолымен кооператив үшін мемлекеттік субсидияларды, жеңілдікпен кредит беруді, салық салуды алу мүмкіндігі;

кооператив мамандарынан ақпараттық-консультациялық көмекті өтеусіз алу мүмкіндігі;

суаратын сумен және ауыз сумен қамтамасыз етілу;

өз мүшелеріне өндірістік және тұтынушылық кредит беру;

ауылдық елді мекендерді абаттандыру бойынша қызмет көрсету;

агрохимиялық, ветеринариялық, техникалық қамтамасыз етуге, техниканы жөндеуге және оған қызмет көрсетуге, селекциялық-асыл тұқымдық жұмысқа арналған шығындарды азайту;

тұрақты жұмыспен (тұрақты және маусымдағы қосымша жұмыспен) қамту.

Кооперативтің тиімді жұмыс істеуінің маңызды факторы оның мүшелері мен кооператив арасында жалпы жиналыс, басқару органдарының сайлауын өткізу, кооперативтің пайдасын бөлу және т.б. кіретін шаруашылық ішіндегі экономикалық өзара қатынастар тетігі болып табылады.

Кооперативтерді ұйымдастыру кезең-кезеңмен жүргізіледі.

Бірінші кезеңде ауыл шаруашылығы кооперативтеріне бірігуге дайын АШТӨ-нің бастамашыл тобы айқындалады, кооперативті ұйымдастыру қажеттілігі, қызмет түрлері, оның негізгі функциялары, құрылтайшылар құрамы негізделеді.

Екінші кезеңде кооперативтің құрылтай жиналысы өткізіледі, басқарма, ревизиялық комиссия мүшелері, төраға таңдалады, кооперативке кіру және одан шығу қағидалары, құрылтай құжаттары (жарғы, құрылтай шарты және т.б.) бекітіледі.

Үшінші кезеңде кооперативті аудандық әділет органында мемлекеттік тіркеу жүргізіледі, кооперативтің мүлкін қалыптастыру көздері, пайлық жарналар мөлшері бекітіледі, қорлар құру және кооператив қызметінің басқа да шаруашылық ішіндегі мәселелері шешіледі.

Төртінші кезеңде алдын ала есептеу негізінде ауыл шаруашылығы өнімін өндіру мен қайта өңдеудің ықтимал көлемдері айқындалады, өткізу нарықтары, тұтынушылар, олардың экономикалық жағдайы, қаржыландыру мөлшері мен көздері айқындалады, яғни, кооперативтің өндірістік қызметінің техникалық-экономикалық негіздемесі бар бизнес-жоспар әзірленеді, кооперативтің негізгі бөлімшелері, олардың құрамы мен функциялары айқындалады.

Ауыл шаруашылығы кооперативтері ауыл шаруашылығы өнімін өндірушіден тұтынушыға дейін ілгерілету процесінде ҚР АӨК-сінің әртүрлі салаларында (сүт, ет, көкөніс-жеміс, мақта шаруашылығы, май-тоң май және т.б.) құрылатын болады. Кооперативтерді қалыптастыру кезінде ауыл шаруашылығы өнімінің, шикізатының, азық-түліктің жекелеген түрлерінің өздеріне тін ерекшеліктерін және олардың нарықтарын ескеру қажет.

Ет және сүт нарығында кооперативтер құру өнімнің тез бұзылу сипаты, жеке қосалқы және шаруа қожалықтарында мал басының және өнім өндірісінің жоғары үлесі, мал басының төмен шоғырлануы, азықтық базаға тәуелділіктің жоғары болуы сияқты факторлардың ықпалында болады.

Картоп және жеміс-көкөніс нарығында өткізу жүйесі оның жекелеген түрлерін (жылу сүйетін көкөністер мен жемістер, ерте пісетін өнім) ел аумағы бойынша, негізгі көлемді қала маңы аймағында мамандандырылған ірі ұжымдық кәсіпорындар мен жылыжай шаруашылығы болған жағдайда халық шаруашылықтарында оқшау өндіру, өнімнің тез бұзылатын көлемдік сипаты, маусымдылық және уақыт бойынша тұрақты тұтыну, баламалы өнім түрлері - кептірілген, мұздатылған, консервіленген өнімдердің, оның ішінде шырындардың болуы сияқты факторлардың әсерінен қалыптасады. Бұл факторлар оның жекелеген түрлерін жылдам өткізуді ұйымдастыру қажеттілігін айқындайды.

Ауыл шаруашылығы кооперациясын ұйымдастыру кезінде өнімді қайта өңдеу бойынша қолда бар өндірістік қуаттылықтар барынша жұмылдырылатын болады. Қайта өңдеуші кәсіпорындары жоқ аудандар аумағында жаңа қуаттылықтарды салу кезінде қайта өңделетін ауыл шаруашылығы өнімінің ерекшеліктерін - масса бірлігіндегі көліктік шығындарды, капитал сыйымдылығын, шикізаттың ықтимал көлемін және келіп түсу маусымдылығын ескерген жөн.

Ауыл шаруашылығы кооперативтерін құру жолындағы басты кедергілердің бірі коммерциялық банктердің кредиттік ресурстарына қолжетімділік деңгейінің төмен болуы және айтарлықтай мемлекеттік қолдаудың болмауы жағдайында, кооперативтің әлеуетті мүшелерінде техника мен жабдық сатып алу үшін бастапқы капиталдың жетіспеуі болып табылады. Сондықтан, ҚР-да ауыл шаруашылығы кооперациясын дамыту тиімділігін арттырудың ұсынылып отырған тетігінің негізгі міндеттерінің бірі мемлекеттік қаражат, бюджеттен тыс қорлар, жеке және заңды тұлғалар, отандық және шетелдік донорлық ұйымдар қаражаты есебінен кооперативтік құрылымдарды қаржылық қолдаудың нарыққа барабар көпарналы жүйесін қалыптастыру болып табылады.

Әр өңірдің өзіне тән ерекшеліктерін ескере отырып, ауыл шаруашылығы кооперациясын дамытудың өңірлік бағдарламаларын әзірленетін болады, оған түсіндіру жұмысы, құрылған кооперативтерге қаржылық, ұйымдастырушылық, насихаттау, консультациялық, ақпараттық көмек көрсету кіреді. Оларды әзірлеу кезінде өзара байланысты міндеттер кешенін, пайдаланылатын ресурстарды, оларды алу көздерін көрсете отырып, әлеуметтік, экономикалық, ұйымдастырушылық, өндірістік сипаттағы атаулы іс-шаралар, қол жеткізілетін нәтижелер мен ауыл шаруашылығы кооперацияларының таралу және даму тетігі ескерілетін болады.

Өңірлік бағдарламалар оң тәжірибені таратуға, кооперативтердің өткізу нарықтарына, материалдық-техникалық ресурстармен жарактандырылуына, аграрлық-сервистік көрсетілетін қызметтерге қолжетімділігін жеңілдетуге бағытталатын болады.

Ауыл шаруашылығы кооперативтері және олардың тиімділігі туралы дұрыс ақпарат алу мақсатында ауыл шаруашылығы кооперативтерінің дамуын статистикалық қадағалау жүйесі енгізіледі, қызмет түрлері мен нысандары бойынша "Ауыл шаруашылығы кооперативтері" тіркелімі жасалатын, ауыл шаруашылығы кооперативтеріне мерзімді ішінара зерттеп қарау жүргізілетін болады.

Консультациялық және ұйымдастырушылық жұмыс:
қажет етілетін жерлерде жаңа кооперативтер құруға;
жұмыс істеп тұрған кооперативтер мүшелерінің санын кеңейтуге;

кооператив мүшелерінің кооперативтердің шешімдерін қабылдау және істерін басқару процесіне белсенді қатысуына көмек көрсетуге;

кооперативтер мүшелері мен жұмыскерлеріне кооперативтік құндылықтар мен қағидаттарға негізделген, қазіргі заманғы экономикалық жүйеге барабар шаруашылық тетігін құруда көмек көрсетуге бағытталатын болады.

Ауылда ауыл шаруашылығы кооперативтерін сәтті дамыту шарттарының бірі ауыл шаруашылығы кооперативтерінің бірыңғай жүйесін құру болып табылады, ол мемлекеттік, өңірлік және аудандық деңгейлерге біріккен, ұйымдық-құқықтық және функционалдық қатынастардағы, әртүрлі түрлер мен деңгейлердегі кооперативтердің жиынтығын білдіреді. Ауыл шаруашылығы кооперативтерін дамыту тиімділігін арттыру тетігі ауыл шаруашылығы кооперацияларының аудандық деңгейдегі нысандарын ұйымдастыру мәселелері бойынша Үйлестіру кеңесін және консультанттардың жұмыс топтарын құру жолымен мемлекеттік (жергілікті) органдармен өзара байланыста қызмет ететін ауыл шаруашылығы кооперативтерінің көпдеңгейлі жүйесін кезең-кезеңмен қалыптастыруды, сондай-ақ олардың қаржылық, қоғамдық және басқа да ұйымдармен өзара іс-қимылын көздейді.

Республикада ауыл шаруашылығы кооперациясын дамытудың тиімділігін арттыру мақсатында әр аудан деңгейінде үйлестіру кеңестері құрылатын болады. Үйлестіру кеңесінің негізгі міндеті аудандық деңгейдегі ауыл шаруашылығы кооперативтері жүйесін дамыту жөніндегі іс-шаралармен қамтамасыз ету болып табылады.

Жергілікті атқарушы органдар тарапынан АШК үшін қажетті инфрақұрылыммен қамтамасыз етуде (жер учаскелері: оның ішінде азық дайындау, базарлардағы сауда орындары, мал сою пункттері, қажетті коммуникациялар үшін) жәрдем көрсетілетін болады.

Бұдан басқа қайта өңдеуші кәсіпорындармен жеткізу шарттарын жасасу, бизнес жоспарлар құру мен кредит алуға құжаттар жинауды қамтамасыз ету түрінде көмек көрсетілетін болады.

Сонымен қатар ветеринариялық қызметтер тарапынан кооперативтердегі қауіпсіз эпизоотиялық ахуалды қамтамасыз ету бойынша көмек көрсетіледі.

Кооперативтерді ауыл шаруашылығы өнімін дайындау және бастапқы қайта өңдеу, сервистік және кредиттік қызмет көрсету бойынша мемлекеттік қолдау шеңберінде қаржылық және қаржылық емес сипаттағы шаралар қолданылатын болады.

Қаржылық қолдау шаралары - ауыл шаруашылығы техникасы мен жабдығы лизингі, ауыл шаруашылығы техникасы мен жабдығын сатып алу жөніндегі шығындарды инвестициялық субсидиялау, АӨК субъектілеріне кредит беру, ауыл шаруашылығы техникасы мен жануарларының, технологиялық жабдықтың

лизингі кезінде сыйақы мөлшерлемесін субсидиялау, ауыл шаруашылығы кооперативтері ревизиялық одақтарының кооперативтерге ішкі аудит жүргізуге арналған шығындарын субсидиялау, сондай-ақ кредит бойынша бастапқы төлемді (бірлесіп қаржыландыру) инвестициялық субсидиялар және кейіннен өз мүшелеріне кредит беру үшін кредиттер беру есебінен өтей отырып, "ҚазАгро" ҰБХ" АҚ еншілес компанияларының шарттары бойынша кредиттер мен лизинг беру рәсімдерін жеңілдету.

Қаржылық емес қолдау шаралары - кооперативтердің басшылары мен мамандарын даярлауға арналған ауыл шаруашылығы оқу орындарына және олардың біліктілігін арттыру орталықтарына арналған оқу-әдістемелік материалдарды әзірлеу, ауыл шаруашылығы ЖОО-лары мен колледждерінде міндетті пән ретінде ауыл шаруашылығы кооперациясының экономикасы және ұйымдастырылуы жөніндегі курсты жүргізу, сондай-ақ жеке қосалқы және шаруа қожалықтары иелерін біліктілікті арттыру курстары мен семинарларының қатысушылары ретінде АӨК субъектілерін ақпараттық қамтамасыз ету бағдарламасына өтеусіз негізде қосу және ауыл шаруашылығы оқу орындары, жалпы мақсаттағы университеттер және білім тарату орталықтары жанынан біліктілікті арттыру жүйесі арқылы аграрлық құралымдардың, орталық және жергілікті атқарушы органдардың басшылары мен мамандарының ауыл шаруашылығы кооперациясы мәселелері бойынша біліктілігін арттыру.

5.2. АӨК өніміне қатысты ішкі және сыртқы сауда саясатын оңтайландыру

Ішкі сауданы дамыту үшін өңірлік тұрақтандыру қорларын қалыптастыру мен пайдаланудың қолданыстағы тетіктерінің тиімділігін арттыру, оларды реттеу жөніндегі функцияларды жергілікті атқарушы органдарға беру, нарық субъектілерінің бәсекелестікке қарсы іс-қимылдарының жолын кесу бойынша шаралар қабылданатын болады.

Сыртқы сауданы дамыту үшін ҚР АШМ, "ҚазАгро" ҰБХ" АҚ, ҚР АШМ-ның басқа ведомстволық бағынысты ұйымдары сайттарында АӨК субъектілеріне өткізу нарықтары бойынша ашық салалық деректер беру, сондай-ақ, "Атамекен" ҚР ҰКП-ның кәсіпкерлерге қызмет көрсету орталықтары тарапынан маркетингтік қызметтер көрсету бойынша шаралар қабылданатын болады.

Бүкіл Еуразия құрлығында астық өндіру бойынша "нан себеті" болу және шикізат өндірісінен сапалы қайта өңделген өнім шығаруға көшу үшін ауыл шаруашылығы өнімінің шикізаттық түрлерін ғана емес, оның қайта өңделген өнімдерін (ұн, макарондар, жарма, глютен) де экспорттау көлемі өсірілетін болады.

2021 жылға қарай дәстүрлі түрде қазақстандық ауыл шаруашылығы өнімін импорттаушы елдерге (Орта Азия елдері, Ауғанстан, Әзірбайжан) олардың халқының өсімін ескере отырып, астық баламасында 6,8 млн. тонна ұн экспорттау көзделуде.

Сондай-ақ 2021 жылға қарай макарон мен жарма өнімдерін өндіру көлемін 630 мың тоннаға дейін, сондай-ақ олардың экспортқа шығару көлемін 2016 жылғы 77,0 мың тоннаға қарағанда, 180 мың тоннаға дейін ұлғайту жоспарланып отыр. Перспективалы нарықтар Қытай, Ауғанстан, Грузия, Моңғолия, Тәжікстан, Түркіменстан болып табылады.

2016 жылы 3,3 мың тонна глютен өндірілді, 0,2 мың тонна экспортқа өткізілді (Қырғызстан - 0,1 мың тонна, Өзбекстан - 0,1 мың тонна). Перспективада жаңа қуаттылықтар енгізуді ескере отырып, глютен өндіруді 5,0 тоннаға дейін жеткізу жоспарлануда.

Бекіре тұқымдас балықтардың көлеңкелі айналымын төмендету мақсатында генетикалық паспорттандыру жүйесін енгізу үшін заңнамалық негіз жасалатын болады.

Бұдан басқа, қазақстандық өндірушілер үшін Қазақстанның ішінде және шет елдерде салалық көрмелер өткізуде қолдау көрсетілетін болады.

АШТӨ-нің сауда алаңдарына қол жеткізуін қамтамасыз ету мақсатында республиканың барлық ірі қалаларында көтерме-тарату орталықтары (КТО) желісін құруға жәрдем көрсетілетін болады. КТО қоймалардан, павильондар мен ауыл шаруашылығы өнімінің көтерме саудасына арналған басқа үй-жайлардан тұратын болады, онда ауыл шаруашылығы және тамақ өнімін сақтау, орау, өткізу және тасымалдау жөніндегі технологиялық операциялар генерацияланатын болады. Қажет болған жағдайда, кедендік, ветеринариялық-санитариялық, карантиндік, санитариялық-эпидемиологиялық және өзге де операциялар көзделетін болады.

КТО тарту үшін заттай гранттар бөлу және тағы сол сияқты қолайлы жағдайлар жасалатын жеке инвесторлардың, оның ішінде шетелдік инвесторлардың қаражаты есебінен құрылады. Бұдан басқа, КТО-ны дамытуға арналған мемлекеттік қолдау шараларын, оның ішінде сатып алынған техника мен жабдықтың құнын өтеуге инвестициялық субсидиялар беру түріндегі шараларды кеңейту үшін нормативтік құқықтық негізді жетілдіру мәселесі пысықталатын болады.

КТО-ны мемлекеттік қолдау олардың құрылысы үшін жер учаскесін бөлуден, Бизнестің жол картасы - 2020 шеңберінде инфрақұрылым тартудан, тауар сапасының сәйкестігіне мемлекеттік сертификаттар беруден және т.б. тұратын болады.

Бірінші сатыда 2017 жылға дейін Астана, Алматы, Шымкент қалаларында 3 КТО құрылатын болады.

Екінші сатыда 2018 - 2021 жылдары республиканың қалған ірі қалаларында, оның ішінде шекара маңындағы қалаларда КТО құрылатын болады.

КТО базасында дайындалып, экспортқа жөнелтілетін ауыл шаруашылығы өнімінің ірі партиялары құрылатын болады.

Тамақ өнімдерін қайта өңдеу жөніндегі басым сектор үшін сауда-логистикалық инфрақұрылымды дамыту ИИДМБ шеңберіндегі жүйелі және атаулы мемлекеттік қолдау шараларымен қамтамасыз етілетін болады.

Экспорттық саясат өнімді әлеуетті өткізу нарықтарына ілгерілетуді мақсатты түрде қолдау негізінде жүргізілетін болады. Осы мақсаттар үшін "ҚазАгро" ҰБХ " АҚ-ның өз қаражаты есебінен "Азық-түлік корпорациясы" ҰК" АҚ " ҚазАгроКепіл" АҚ-мен және "KAZNEX INVEST" экспорт және инвестициялар жөніндегі ұлттық агенттігі" АҚ-мен, сондай-ақ ҚР-ның шет елдердегі дипломатиялық өкілдіктерімен өзара тығыз іс-қимылда АӨК-нің экспорттық орталығы рөлін атқарады. Орталық:

1) сыртқы нарықтарды талдауды және перспективалы өткізу елдері үшін өнімді ілгерілетудің жол карталарын жасауды;

2) АШТӨ-ден өнімді форвардтық сатып алуды және ірі экспорттық партияларды қалыптастыруды;

3) сыртқы нарықта сұранысқа ие ауыл шаруашылығы өнімі үшін өткізудің экспорттық арналарын құруды;

4) АШТӨ-нің экспорттық келісімшарттарын сақтандыруды және кепілдендіруді ұсынуды;

5) "KZ ORGANIC FOOD"-ты қоса алғанда, шатырлы брендтерді ілгерілетуді;

6) өнімді экспорттау бойынша, оның ішінде келісімшарттарды сүйемелдеу бойынша консультациялық қызметтер көрсетуді жүзеге асыратын болады.

Сондай-ақ, инвесторлар үшін ауыл шаруашылығы саласының тартымдылығын арттыру мақсатында Үкімет Дүниежүзілік экономикалық форумның Бәсекеге қабілеттіліктің жаһандық индексі рейтингіндегі "Аграрлық саясаттың ауыртпалығы" көрсеткіші бойынша Қазақстан Республикасының позициясын жақсарту, сондай-ақ, Қазақстанды Дүниежүзілік банктің "Enabling the Business of Agriculture" ("Агробизнесі дамыту") есебіне енгізу бойынша шаралар қабылдайтын болады.

5.3. АӨК-ні мемлекеттік реттеу шараларын жетілдіру

Өсімдік шаруашылығы

Өсімдік шаруашылығы өнімін тиімді дамыту, оның өнімінің өндірістік шығындарын төмендету мақсатында өнімді қайта өңдеу және өткізу инфрақұрылымына байланыстыра отырып, өндірістерді өңірлік мамандандыру қамтамасыз етілетін болады.

Бұл үшін кооперация негізінде өнімді сақтау, тасымалдау, қайта өңдеу және өткізу инфрақұрылымын салу, минералды тыңайтқыштарды және пестицидтерді пайдалану, сондай-ақ жоғары репродукциялы тұқымдарды өндіру мен пайдалану ынталандырылатын болады. Бұл шаралар жоғары түсім мен сапалы өнім алуға мүмкіндік береді.

Тұқым шаруашылығын техникалық және технологиялық жаңғырту инвестициялық шығындарды субсидиялау және тұқым шаруашылығы бойынша технологиялық платформа құру арқылы жүзеге асырылатын болады.

Басым тәртіппен АӨК субъектілерінің техникасы мен жабдығын жаңарту үшін жағдайлар жасалатын болады.

Егіс алаңдары құрылымын әртараптандыруды, құрама жем өндіруді және сұранысқа ие өнім экспортын өсіру мақсатында арпа, сұлы, астыққа арналған жүгері өндіруді ынталандыру қамтамасыз етілетін болады.

Майлы дақылдарды қайта өңдеу жөніндегі кәсіпорындарды жүктеу және сұранысқа ие өнім экспортын ұлғайту үшін майлы дақылдарды, оның ішінде күнбағысты, рапсты, зығырды, сояны өндіру және осы өнімдерді қайта өңдеуші кәсіпорындардың сатып алуын ынталандыру қамтамасыз етілетін болады.

Жеміс-көкөніс шаруашылығын, жүзім шаруашылығын дамыту мақсатында инвестициялық шығындарды субсидиялау есебінен жеміс-жидек дақылдары мен жүзім отырғызу, маусымаралық кезеңде жылыжай кешендерінде көкөніс өнімін өндіру, су үнемдегіш технологияларды қолдану ынталандырылатын болады, сондай-ақ, "Апорт" сортты алма ағашы бақтарын отырғызу және өсіру шығындарын өтеу қамтамасыз етілетін болады. Кооперация негізінде өндірудің, дайындаудың, сақтаудың, қайта өңдеу мен өткізудің толық циклі инфрақұрылымы жасалатын болады.

Картоп шаруашылығында картоптың вируссыз тұқымдарын пайдалануды ынталандыру, картоп сақтау қоймаларын салуды қолдау есебінен өндірістің сапасы мен қарқындылығын арттыруға бағытталған шаралар қабылданатын болады.

Қант қызылшасын өндіру мен қайта өңдеу көлемін арттыру мақсатында қант қызылшасын өндіруді және қайта өңдеуші кәсіпорындардың қант қызылшасын сатып алуын ынталандыру, шағын зауыттар салу және жұмыс істеп тұрған қант зауыттарын инвестициялық шығындарды субсидиялау және су үнемдегіш технологияларды енгізу жолымен реконструкциялау бойынша шаралар қабылданатын болады.

Күріш шаруашылығы мен мақта шаруашылығын қолдау күріш шаруашылығында су үнемдегіш технологиялар енгізуді ынталандыру, лазерлі жоспарлағыштарды пайдалану есебінен жүзеге асырылатын болады. Қосымша қолдау аумақтарды дамытудың, кредит беру мен лизингтің өңірлік бағдарламалары шеңберінде жүзеге асырылатын болады.

Мал шаруашылығы саласының азықтарға деген қажеттіліктерін қамтамасыз ету мақсатында оларды өндіруге арналған шығындарды және мамандандырылған техника мен жабдық сатып алу кезіндегі инвестициялық шығындарды субсидиялау жолымен азықтық дақылдар өндірісінің өсімін ынталандыру қамтамасыз етілетін болады.

Мал шаруашылығы

Етті мал шаруашылығында неғұрлым сапалы және тиісінше неғұрлым қымбат асыл тұқымды өнімге сұранысты ұлғайту мақсатында асыл тұқымды өнім сапасына бақылау күшейтілетін болады, республикалық палаталар мен мемлекет тарапынан селекциялық және асыл тұқымдық жұмыстың сапасын бағалау тетіктері жетілдірілетін болады. Сондай-ақ материалдық-техникалық базасы бар және селекциялық және асыл тұқымдық жұмысты жүргізуді тиісінше жүзеге асыратын асыл тұқымдық репродукторлар өнімінің сапасын арттыру есебінен асыл тұқымды жануарларды сатып алу ынталандырылатын болады.

Малды тұқымдық жақсарту, сондай-ақ бордақылау тиімділігін арттыру мақсатында жеке қосалқы және фермерлік шаруашылықтарда асыл тұқымды бұқалардың әлеуеті пайдаланылатын болады.

Малды сатып алу кезіндегі шығасыларды төмендету мақсатында жеке инвестициялар есебінен мал саудасы инфрақұрылымы жасалатын болады.

Сүтті мал шаруашылығында тауарлы сүт өндіру көлемін арттыру мақсатында отбасылық және өнеркәсіптік сүт-тауарлы фермалар құруға жәрдемдесу, өндірісті механикаландыру деңгейін арттыруды ынталандыру, ал селекциялық және асыл тұқымдық жұмыста асыл тұқымдық репродукторлар құруды және сапалы асыл тұқымды материалды пайдалануды ынталандыру бойынша шаралар қабылданатын болады.

Қой шаруашылығында қозы еті мен биязы жүн өндірісі басым бағыты болады

Қозы етін өндіру үшін қозыларды жыл бойы алу және өсіру технологиялары енгізілетін болады.

Биязы жүн өндіру мақсатында өңірлердің мамандану схемасын ескере отырып, биязы жүнді тұқымдық қошқарлар пайдаланылатын селекциялық-асыл тұқымдық жұмыс ынталандырылатын болады. Бұл ауыл кооперациясын дамыту

есебінен биязы жүнді бастапқы өңдеу жөніндегі кәсіпорындардың қуаттылықтарын жүктеуді қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.

Жылқы шаруашылығы мен түйе шаруашылығында тауарлы өндіріске басты назар аударылатын болады. Бұл үшін сервистік қызметтер көрсету, жылқы шаруашылығы мен түйе шаруашылығы өнімін дайындау және қайта өңдеу жөніндегі ауыл шаруашылығы кооперативтері құрылатын болады, сондай-ақ құдықтар орналастыруға және жайылымдарды жақсарту жөніндегі іс-шараларды жүргізуге арналған шығындарды субсидиялау жолымен жайылымдарды суландыру бағдарламасы жалғасатын болады.

Құс шаруашылығында салқындатылған құс етін өндіру мен тұтынуды, етті бағыттағы отбасылық және өнеркәсіптік құс фабрикаларын, сондай-ақ инкубаторлық станцияларды құруды, жұмыртқаны тереңдете қайта өңдеуді ынталандыру бойынша шаралар қабылданатын болады.

Өңірлік бағдарламалар арқылы құс шаруашылығының дәстүрлі емес бағыттары (суда жүзетін құс және бөдене) ынталандырылатын болады.

Шошқа етін өндірудің тиімділігін арттыру үшін асыл тұқымды материалдың қолжетімділігі қамтамасыз етілетін және жұмыс істеп тұрған шошқа өсіру кешендері мен фермаларын жаңғыртуды ынталандыру жөніндегі шаралар қабылданатын болады.

Бал ара шаруашылығында балмен ішкі нарықты қамтамасыз ету және оның экспорттық әлеуетін пайдалану үшін бал аралардың өнімділігін арттыру мақсатында материалдық-техникалық базаны жаңғырту және селекциялық-асыл тұқымдық жұмысты ынталандыру жөніндегі шаралар қабылданатын болады. Бал тасушы азықтық конвейерлер құру мәселесі пысықталатын болады.

Бұдан басқа, халықаралық талаптарға сәйкес бал ара шаруашылығының нормативтік құқықтық және нормативтік-техникалық базасы өзектендірілетін және үндестірілетін болады.

Марал шаруашылығын, ешкі шаруашылығын және үй қояны шаруашылығын дамытуды қолдау аумақтарды дамытудың өңірлік бағдарламалары мен жеке қосалқы және фермерлік шаруашылықтарға кредит беру шеңберінде жүзеге асырылатын болады.

Ауыл шаруашылығы жануарлары мен құстардың өнімділігін арттыру мақсатында жергілікті жердің мал шаруашылығы құрылымы бейімделуі тиіс аймақтық табиғи-климаттық жағдайлармен тығыз байланысты берік азықтық база құру жөніндегі шаралар қабылданатын болады.

Бұл үшін елдің азықтық теңгерімі және табиғи-климаттық ерекшеліктерді ескере отырып, өңірлік аспектіде ауыл шаруашылығы жануарларын азықтандырудың базалық рациондарын жаңарту әзірленетін болады, сондай-ақ азықтық дақылдар егістерін орналастырудың оңтайлы құрылымы және оңтайлы

аграрлық техникасы бар перспективалы азықтық және жайылымдық дақылдар айқындалатын болады.

Бұдан басқа, табиғи жайылымдарды түбегейлі және үстіртін жақсартуды ынталандыру, жайылымдарды қоршау және суару жүйелерін қалпына келтіру жолымен тыңайған және пайдаланылмаған жерлерді айналымға тарту бойынша шаралар қабылданатын болады. Сондай-ақ азықтар дайындау мен сақтау тәсілдерінің тиімділігін арттыру бойынша да шаралар қабылданатын болады.

Азық өндірісін және тұқым шаруашылығын дамыту мақсатында құрама жем кәсіпорындарының жүктелуін қамтамасыз ету және құрама жемдерді пайдалануды ынталандыру тетігі әзірленетін және іске асырылатын болады.

Сондай-ақ басым сектор ретінде тамақ өнімдері өндірісі шетелдік инвесторларды тарту мен экспортты ілгерілетуді қоса алғанда, Қазақстан Республикасын индустриялық-инновациялық дамытудың 2015-2019 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы шеңберінде жүйелі және атаулы мемлекеттік қолдау шараларымен қамтамасыз етілетін болады.

Органикалық өнім өндірісі мен айналымы

Экологиялық таза (органикалық) ауыл шаруашылығы өнімінің өндірісі мен айналымын реттеуді жетілдіру мақсатында органикалық өнімді өндіру, оның айналымы саласындағы ұлттық заңнаманы жетілдіру бойынша, атап айтқанда, ұлттық және халықаралық нормалар бойынша экологиялық таза (органикалық) өнімнің сәйкес келуін растау және оны бақылау бойынша шаралар қабылданатын болады.

Экологиялық таза (органикалық) өнімнің эталоны "Made in Kazakhstan" бренді болады. Оның енгізу үшін жеке стандарт шеңберінде оны беру бойынша талаптар, тауар өндірушілерді іріктеудің өлшемшарттары әзірленетін болады.

Сондай-ақ экологиялық таза (органикалық) өнім өндіру, оның айналымы және оны сертификаттау қағидалары (стандарттары) халықаралық нормалармен және талаптармен, сондай-ақ Қазақстанның экологиялық таза (органикалық) өнімін импорттаушы елдердің заңнамасымен үндестірілетін болады және өсімдіктерді қорғаудың биологиялық құралдарын, топырақты жақсартқыштарды, өсімді ынталандырғыштарды және экологиялық таза (органикалық) өнім өндіру кезінде қолданылатын басқа да биопрепараттарды өндіру мен қолдану бойынша нормативтік-техникалық құжаттар әзірленетін болады.

Экологиялық таза (органикалық) өнімді өндіру, өткізу, экспорттау және импорттау туралы статистикалық есептілік енгізілетін болады.

Ішкі және сыртқы нарықтарда қазақстандық экологиялық таза (органикалық) өнімге деген сұранысты ынталандыру және экологиялық таза (органикалық)

өндіріс өнімін танымал ету үшін ақпараттық-насихаттау іс-шаралары, қазақстандық экологиялық таза (органикалық) сектор мүдделерін халықаралық деңгейде, оның ішінде экологиялық таза (органикалық) өндіріс жөніндегі халықаралық көрмелерде, сауда алаңдары мен форумдарында білдіру және қорғау ұйымдастырылатын болады, сондай-ақ экологиялық таза (органикалық) өндіріс технологияларын, практикаларын, әдістерін таныстыруға арналған модельдік шаруашылықтарды және экологиялық таза (органикалық) өнім өндірушілерінің кооперациясын құруда жәрдем көрсетілетін болады.

Ауыл шаруашылығы өнімін қайта өңдеу және тамақ өнеркәсібі

Қайта өңдеуші кәсіпорындарды барынша жүктеуді қамтамасыз ету, ауыл шаруашылығы шикізатын қайта өңдеу үлесін ұлғайту және ішкі және сыртқы нарықтарда отандық өнімнің бәсекеге қабілеттілігін арттыру мақсатында шаралар кешені қабылданатын болады.

Жеке қосалқы және ұсақ шаруа (фермер) қожалықтарының ауыл шаруашылығы өнімін дайындау және оларды ауыл шаруашылығы кооперациясы арқылы қайта өңдеуші кәсіпорындарға жеткізу жүйесі қалыптастырылатын болады.

Қазіргі заманғы жабдығы бар, бәсекеге қабілетті және экспортқа бағдарланған өнім шығаруға бағдарланған ауыл шаруашылығы өнімін қайта өңдеу және тамақ өнеркәсібі жөніндегі кәсіпорындарды салу және жаңғырту кезіндегі инвестициялық шығындарды субсидиялау жалғасатын болады.

Ауыл шаруашылығы шикізатын қайта өңдеу және тамақ өнеркәсібі өнімінің отандық және экспорттық брендін жасау, қосылған құны жоғары қайта өңдеу және тамақ өнеркәсібі өнімінің экспортын басым тәртіппен қолдау ынталандырылатын болады.

Экспортқа бағдарланған ауыл шаруашылығы өнімін қайта өңдеу және тамақ өнеркәсібі жөніндегі кәсіпорындарды халықаралық талаптар бойынша сертификаттауды ұйымдастыру, сондай-ақ ауыл шаруашылығы өнімін қайта өңдеу және тамақ өнеркәсібі жөніндегі кәсіпорындар басшылары мен мамандарын оқыту және олардың біліктілігін арттыру жөніндегі шаралар іске асырылатын болады.

Мал шаруашылығы және өсімдік шаруашылығы өнімін қадағалау жүйесі әзірленетін және енгізілетін болады.

Ауыл шаруашылығы машиналарын жасау

Ауыл шаруашылығы машиналарын жасау ИИДМБ шеңберінде мемлекеттік қолдаудың жүйелі және атаулы шараларымен қамтамасыз етілетін болады.

Ауыл шаруашылығы машиналарын жасауды дамыту үшін локализациялау деңгейі жоғары ауыл шаруашылығы техникасы мен жабдықтарының барынша сұранысқа ие түрлерін өндіру туралы келісімдер жасасу және олардың орындалуын мониторингтеу, ИИДМБ шеңберінде ғылыми-техникалық және тәжірибелік-конструкторлық инфрақұрылымды қамтамасыз ету, АШТӨ-нің инвестициялық шығындарын субсидиялау жолымен сұранысты ынталандыру, локализациялау деңгейі жоғары ауыл шаруашылығы техникасы мен жабдықтарының барынша сұранысқа ие түрлерін өндіруді ұйымдастыру жөніндегі шараларды іске асыруды ескере отырып, "ҚазАгро" ҰБХ" АҚ желісі бойынша кредит пен лизинг беру секілді шаралар қабылданатын болады.

Бұдан басқа, ауыл шаруашылығы машиналарын жасау мәселелерін реттеу бөлігіндегі функцияларды Инвестициялар және даму министрлігінен ҚР АШМ-ға беру мәселесі пысықталатын болады.

Агрохимиялық өнім өндірісі

Агрохимиялық өнім өндірісі басым сектор ретінде тыңайтқыштар өндіру жөніндегі өңірлік хаб құруды, шетелдік инвесторларды тартуды, озық аграрлық-химиялық технологияларды игеру мақсатында жұмыс істеп тұрған кәсіпорындарды жаңғыртуды және ҒЗТКЖ-ны жандандыруды қоса алғанда, ИИДМБ шеңберінде мемлекеттік қолдаудың жүйелі және атаулы шараларымен қамтамасыз етілетін болады.

Субсидиялау жүйесін жетілдіру

Субсидиялар тиімділігін арттыру және АШТӨ-ні мемлекеттік қолдау шараларымен барынша қамту мақсатында субсидиялау өлшемшарттары мен нормативтерінің егжей-тегжейлі айқындамасы қолданылатын болады. Субсидиялар басым тәртіппен сұранысқа ие өнім өндірісін қолдауға, өндірістік шығындарды төмендетуге бағытталатын болады.

Субсидиялауды жетілдірудің жалпы шаралары. 2017 жылдан бастап субсидиялау жүйесіне мынадай өзгерістер енгізілетін болады:

салыстырмалы мәндегі, тауарлар, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтер құнының пайызындағы субсидиялаудан абсолютті, құндық мәндегі субсидиялауға басым түрде көшу;

салада технологиялық процестерді жүргізу мерзімдеріне сәйкес субсидиялар беру мерзімдерін оңтайландыру;

мынадай басымдықтар бойынша басымдықпен субсидиялау: импортты алмастыру, экспортқа бағдарлану, өзге де бағыттар, ішкі тұтынуды қамтамасыз ету көрсеткішіне қол жеткізу бойынша субсидиялау деңгейі қысқаратын болады;

кредит беру мерзімі бір жылға дейінгі айналым қаражатын толықтыруға арналған кредиттер бойынша сыйақы мөлшерлемесін субсидиялауды қоспағанда, мемлекеттің ұзақ мерзімді міндеттемелерінің шоғырлануын болдырмау үшін сыйақы мөлшерлемесін субсидиялаудан инвестициялық шығындарды субсидиялауға көшу;

маңызды өңірлік мәні бар АӨК өнімінің жекелеген түрлерін субсидиялауды уәкілетті орган әзірлейтін қағидалар бойынша ЖБ қаражаты есебінен жүзеге асыру.

Бұдан әрі субсидиялау жүйесі мынадай түбегейлі өзгерістерге ұшырайды:

субсидиялауға арналған барлық өтінімдерді қараудың, мониторинг жүргізудің және деректерді алушылар бойынша топтастырудың автоматтандырылған жүйесін кезең-кезеңмен енгізу;

шығындардың жекелеген түрлерін субсидиялаудан кәсіпорынның өндірістік көрсеткіштері және төленетін субсидия тиімділігінің мониторингі негізінде оны кешенді субсидиялау саясатына көшу;

берілетін субсидия түрлерін және АӨК субъектілерінен сұралатын құжаттарды түбегейлі азайту;

субсидиялардың тиімділігін арттыру және АШТӨ-нің мемлекеттік қолдау шараларымен қамтылуын кеңейту мақсатында субсидиялау нормативтері мен өлшемшарттарының барынша егжей-тегжейлі айқындамасы қолданылатын болады.

Бұдан басқа, оператордың функцияларын субсидиялаудың кейбір түрлері (қаржылық сауықтыру, инвестициялық субсидиялау) бойынша бәсекелес ортаға беру жергілікті атқарушы органдардың операторды таңдаудағы, олар көрсеткен қызметтер құнын айқындаудағы, оператор функцияларын орындаудағы түрлі тәсілдемесін көрсетті, осылайша, субсидиялау қағидаларында көзделген мониторинг сапасыз және алуан түрлі тәсілдемеде жүргізілген, есептілік ұсыну мерзімдері бұзылған.

Мемлекеттік қолдау шараларын іске асыруға біркелкі тәсілдің қажеттілігін ескере отырып, субсидиялаудың кейбір түрлері (қаржылық сауықтыру, инвестициялық субсидиялау) бойынша жергілікті атқарушы органдар (көрсетілетін қызметті беруші) мамандандырылған ұйымдар ішінен бірыңғай оператор тарта алады. Субсидиялаудың кейбір түрлері бойынша оператордың функциялары алып тасталып, қаражат субсидиялау төлеуге арналған оның көрсетілетін қызметтеріне ақы төлеуге қайта бағытталады болады.

Өсімдік шаруашылығындағы және өсімдік шаруашылығы өнімін қайта өңдеудегі субсидиялауды өзгерту жаңа технологиялар енгізуді ынталандыруға, егіс кезінде сапасы жоғары тұқым материалын пайдалануға, минералды тыңайтқыштарды, өсімдіктерді қорғау құралдарын ауқымды қолдануға,

өнімділігі жоғары ауыл шаруашылығы техникасы мен жабдығын сатып алуға, яғни, өнімнің түсімділігін, сапасын және оның өзіндік құнын арттыруға, тиісінше, өндірістің барынша жоғары тиімділігіне қол жеткізуге тікелей әсер ететін факторларға бағытталатын болады. Бұл қайта өңдеуші қуаттылықтарды жүктеуді қамтамасыз етуге, экспортқа бағдарланған қосылған құны жоғары өнім өндіруді арттыруға, өсімдік майы мен қант бойынша импортты алмастыруға қол жеткізуге мүмкіндік береді.

Минералды тыңайтқыштар мен пестицидтерді субсидиялау бойынша субсидиялар нормаларын пайыздық мәнде белгілеуден шыққан еліне қарамастан, теңгедегі абсолюттік нормативке көшу бөлігінде өлшемшарттар мен тетіктер өзгертін болады. Бұдан басқа, гербицидтерді ғана емес, инсектицидтерді, фунгицидтерді, дефолианттарды және пестицидтердің басқа да түрлерін субсидиялау үшін заңнамалық негіз құрылатын болады. Абсолюттік нормативке көшу бағаның негізсіз артуы тәуекелдерін төмендетуге, қолданылатын тыңайтқыштар мен пестицидтерді сатып алуды және олардың ассортиментін кеңейтуді ынталандыруға мүмкіндік береді.

Тұқым шаруашылығында бірегей және элиталық тұқымдарды субсидиялау жаңаратын болады, бірінші буын будандарын субсидиялау жалғастырылған жағдайда, бірінші репродукциялы тұқымды (ең аз нормаларсыз және тек басым дақылдар бойынша) және жеміс-жидек дақылдары мен жүзімнің элиталық көшеттерін (өткізудің орнына сатып алу) субсидиялау тетігі өзгертін болады.

Дәнді дақылдар үшін "Аграрлық несие корпорациясы" АҚ-ның көктемгі егіс жұмыстарына кредит беруіне және "Азық-түлік корпорациясы" ҰК" АҚ-ның форвардтық сатып алуына көше отырып, қолданыстағы гектарға арналған субсидиялау тәртібі алып тасталатын болады. "Азық-түлік корпорациясы" ҰК" АҚ кейіннен құрама жем зауыттарына не қайта өңдеуге өткізе отырып, дақылдардың нақты көлемі мен тізбесін алу үшін форвардтық сатып алу операторы ретінде қызмет етеді.

Азықтық дақылдар, мақта, күріш және жабық топырақ көкөністері үшін базалық субсидиялар (тұқымдар, минералды тыңайтқыштар, пестицидтер) сақтала отырып, 1 гектарға арналған субсидиялау жалғасатын болады.

Бұдан басқа, жылыжайлар үшін жылыжайларды пайдалануға енгізу жылына және қолданылатын технологияларға байланысты, субсидия төлеудің сараланған тәсілдемесі қолданыла отырып, гектарлық субсидиялау тетігі өзгертін болады.

Өнім (жеміс, көкөніс, картоп) өндіруді ынталандыру үшін кооперативтерге бірігу арқылы субсидия алу мүмкіндігін беру жолымен өндірістің нақты көлемдерін ескере отырып, субсидиялау жүргізілетін болады.

Қайта өңдеуші кәсіпорындар қуаттылықтарын шикізатпен қамтамасыз ету және жүктеу мақсатында майлы тұқымдар мен қант қызылшасының 1 тоннасының құнын субсидиялаудың жаңа тетігі енгізілетін болады.

Бұдан басқа, АШТӨ-ге су беру жөніндегі көрсетілетін қызметтер құнын субсидиялау жалғастырылатын болады.

Мал шаруашылығындағы субсидиялауды өзгерту басым бағыттар бойынша саланы мемлекеттік қолдау шараларының барынша тиімділігін қамтамасыз етуге бағытталады болады.

Мал шаруашылығында аналық мал басын субсидиялаудан шығым пайызына байланыстыра отырып, төлі бар аналық мал басын субсидиялауға көшу орын алатын болады.

Өндірілген өнімді (сиыр еті, сүт, құс еті, тағамдық жұмыртқа, шошқа еті) субсидиялауға тең қолжетімділікті қамтамасыз ету үшін өндірістің нақты көлемдерін ескере отырып, өлшемшарттар қайта қаралатын, шекті мәндер төмендетілетін және нормативтер сараланатын, сондай-ақ кооперативтерге бірігу арқылы субсидиялар алу мүмкіндігі берілетін болады.

Сүтті бағыттағы асыл тұқымды төлдің, шошқалардың асыл тұқымды төлінің, тәуліктік балапандардың, ата-енелік және ата-тектік нысандағы асыл тұқымды жұмыртқаның қолжетімділігін арттыру үшін субсидиялау нормативтері ұлғайтылатын болады.

Қой шаруашылығының басым өнімді бағыттарын (биязы жүнді қой шаруашылығы) дамыту үшін селекциялық-асыл тұқымдық жұмысты және асыл тұқымды төлді сатып алуды субсидиялау нормативтері сараланатын болады, сондай-ақ қой етін субсидиялаудан экспорттық әлеуетін ескере отырып, қозы етін субсидиялауға көшу жүзеге асырылатын болады.

Малды тұқымдық түрлендіру процестері бордақылау алаңдары арқылы реттелетін болады.

Өңірлік маңызы бар мал шаруашылығы салаларын (түйе шаруашылығы, жылқы шаруашылығы, марал шаруашылығы, бал ара шаруашылығы, ешкі шаруашылығы) субсидиялау өңірлердің мамандану схемасын ескере отырып, аумақтарды дамыту бағдарламаларын түзету негізінде ЖБ қаражаты есебінен жүзеге асырылатын болады.

Акваөсірудің нысаналы көрсеткіштеріне қол жеткізу үшін жаңа балық шаруашылығы кәсіпорындарын ұйымдастыруға және қолданыстағыларының өндірістік қуаттылығын (көлдік-тауарлы балық өсіру шаруашылықтары, шарбақты балық шаруашылықтары, тұйық сумен жабдықтау қондырғылары қолданылатын балық өсіру шаруашылықтары) кеңейтуге инвестицияларды жүзеге асыруға арналған шығындарды субсидиялау және балық өсіру шаруашылықтарында (тоғандық, бассейндік, тұйық сумен жабдықтау

қондырғылары қолданылатын шарбақты балық өсіру, көлдік-тауарлы балық өсіру шаруашылықтары) бекіре тұқымдас, албырт және тұқы тұқымдас балық түрлерін өсіру кезінде азыққа арналған шығындар құнын субсидиялау іске асырылатын болады.

АӨК субъектілерін қаржылық сауықтыру бұрын қабылданған міндеттемелер бойынша жүзеге асырылатын болады.

Бұдан басқа, АӨК субъектілерін қаржылық сауықтыру шеңберінде кредиттік және лизингтік міндеттемелер бойынша пайыздық мөлшерлемені субсидиялау қағидаларына қаржылық сауықтыру жоспарын орындауға қойылатын талаптарды белгілеу бөлігінде өзгерістер енгізілетін болады. Төлеу мерзімін 90 күннен астам өткізуге жол берген АӨК субъектілері қаржылық сауықтыру бағдарламасынан дереу алып тасталатын болады.

Практика көрсеткендей, айналым қаражатын толтыруға арналған кредиттерді қоспағанда, кредиттер және лизинг бойынша сыйақы мөлшерлемесін субсидиялау банк секторынан инвестициялардың күрт ағынына алып келмеді.

Айналым қаражатын толтыруға арналған кредиттерді қоспағанда, кредиттер және лизинг бойынша сыйақы мөлшерлемесін субсидиялау 2014 - 2016 жылдары "Агробизнес - 2020" бағдарламасына қосылып қойған қарыз шарттары бойынша ғана жүзеге асырылатын болады. Кредиттік ресурстарды пайдалану, оның ішінде айналым қаражатын толтыру және лизинг мақсаттарына пайдалану "ҚазАгро" ҰБХ" АҚ-ның еншілес ұйымдары, кредиттік серіктестіктер мен кооперативтер, микроқаржылық ұйымдар, сондай-ақ, "Даму" кәсіпкерлікті дамыту қоры" АҚ іске асыратын қолдау бағдарламалары арқылы мүмкін болады.

Осыған байланысты, айналым қаражатын толтыруға арналған кредиттерді қоспағанда, 2017 жылдан бастап кредит беру мерзімдері 2 және одан да көп жылдарды құрайтын кредиттер және лизинг бойынша сыйақы мөлшерлемесін субсидиялаудан кредит беру мерзімі бір жылға дейінгі айналым қаражатын толтыруға арналған кредиттер бойынша сыйақы мөлшерлемесін сақтай отырып, АӨК субъектілерінің инвестициялық шығындарын субсидиялауға көшу жүзеге асырылатын болады. Бұл ретте босатылатын қаражат инвестициялық субсидиялауға бағыттталатын болады, бұл инвесторлардың - АӨК субъектілерінің қажеттілігін қанағаттандыруға мүмкіндік береді.

Бұл ретте инвестициялық субсидиялауға қатысатын АӨК субъектісі үшін бірінші кезекте техника мен технологиялық жабдықтың кредиті/лизингі бойынша негізгі борышты өтеу туралы міндетті норма белгіленетін болады, сондай-ақ АӨК субъектілері күнтізбелік 90 күннен астам мерзімі өткен берешекке жол берген жағдайларда, сыйақы мөлшерлемелерін субсидиялауды дереу тоқтату бөлігінде Субсидиялау қағидалары қатаңдатылатын болады.

Инвестициялық шығындарды субсидиялау инвестициялық шығындарды арзандатуға және инвестициялық жобалардың өзін-өзі ақтау мерзімдерін төмендетуге бағытталған мемлекеттік қолдаудың барынша тиімді және сұранысқа ие шараларын беруге бағдарланатын болады.

Инвестициялық субсидиялау бағдарламасын одан әрі іске асыру Инвестициялық салымдар кезінде агроөнеркәсіптік кешен субъектісі шеккен шығыстардың бір бөлігін өтеу бойынша субсидиялау қағидаларының жаңа редакциясын әзірлеуге негізделетін болады, олар мыналарды көздейді:

орта және шағын АШТӨ-нің көпшілігін қамту мақсатында сүт қабылдау пункттері, мал сою пункттері, жемістерді, көкөністерді және картопты қабылдау және сақтау, құс шаруашылығы пункттері, шағын құрама жем зауыттары, СДО, ауыл шаруашылығы техникасын сатып алу және т.б. жөніндегі жобаларды іске асыратын ауыл шаруашылығы кооперативтерін субсидиялау жағына қарай басымдықты қайта қарау;

ретроспективті инвестициялық жобаларды (2016 жылғы 1 қаңтарға дейін іске асырылған) субсидиялауды алып тастау;

салалық саясатты тиімді іске асыру, бюджет қаражатын тиімді бөлу мақсатында жаңа өндірістік қуаттылықтарды құру және қолданыстағыларын кеңейту жөніндегі ірі инвестициялық жобаларды субсидиялауды АШМ-мен міндетті түрде келісуді енгізу;

жобаны қуаттылықтарды құрудың немесе кеңейтудің орындылығы және өзін-өзі ақтауы тұрғысынан тексеруді көздейтін құру бойынша инвестициялық жобаларды субсидиялау кезінде жаңа технологиялық өлшемшарттарды (географиялық орналасуы, логистика, өндірілетін өнімге сұраныстың болуы, маңында арзан энергия көздерінің болуы, ветеринариялық/фитосанитариялық қауіпсіздік талаптарының сақталуы, шикізаттың және өткізу нарықтарының қолжетімділігі, инновацияларды енгізу және т.б.) енгізу;

шағын және орта АШТӨ-ні субсидиялауды неғұрлым кеңінен қамту үшін егістіктің/мал басының бар-жоғы туралы шекті өлшемшарттарды төмендету;

бюджет қаражатын үнемдеу мақсатында субсидияланатын техника мен жабдық бойынша барынша жол берілген құнын саралау;

мақұлданған, бірақ бюджет қаражатымен қамтамасыз етілмеген жобалар бойынша комиссиялардың шешімдерін, олардың осы Бағдарламаның ережелеріне сәйкестігін қайта қарау.

Дайындаушы ұйымдар мен ауыл шаруашылығы кооперациясы жүйесін одан әрі дамыту үшін "Агроөнеркәсіптік кешенді және ауылдық аумақтарды дамытуды мемлекеттік реттеу туралы" ҚР Заңына, сондай-ақ Агроөнеркәсіптік

кешен саласындағы дайындаушы ұйымдарға есептелген қосылған құн салығы шегінде бюджетке төленген қосылған құн салығы сомасын субсидиялау қағидаларына;

ауыл шаруашылығы өнімін өткізуден түскен жиынтық жылдық кіріс үлесін анықтау кезінде субсидияны есепке алмау;

ауыл шаруашылығы кооперативтері үшін дайындаушы қызметтен түсетін жыл сайынғы кірісі болуы қажеттігі туралы шарттарды 90-нан 50%-ға дейін төмендету;

субсидиялауға жататын ауыл шаруашылығы өнімінің тізбесін толықтыру бөлігінде өзгерістер енгізу бойынша шаралар қабылданатын болады.

Жоғарыда аталған өзгерістерді іске асыру дайындаушы ұйымдарға және ауыл шаруашылығы кооперативтеріне айналым қаражатын ұзақ уақыт кезеңіне окшаулауды болдырмауға мүмкіндік береді, қайта өңдеуші өнеркәсіптің дамуына, ЖҚШ мен Ш(Ф)Қ-ның өз өнімін өндіруге және өткізуге мүдделі болуына, сондай-ақ ауыл шаруашылығы өнімінің және оны қайта өңдеу өнімдерінің импортын алмастыруға ықпал ететін болады.

Сақтандыру компаниялары мен кепілдік берушілердің субсидиялауға қатысуға мүдделілігінің төмен болуына байланысты, қарыздарды кепілдендіру мен сақтандыру шеңберінде "ҚазАгроКепіл" АҚ арқылы қаржы ұйымдарының қарыздарын кепілдендіру құралы енгізілетін болады. Кепілдік оны берушінің шығыстарын РБ қаражатынан өтей отырып, кепілдік берушінің субсидиялық жауапкершілігі негізінде берілетін болады.

Кредит беру және міндеттемелерді кепілдендіру жүйесін жетілдіру

Кредит беру және міндеттемелерді кепілдендіру жүйесін жетілдірудің негізгі шаралары бірінші кезекте клиенттерді қамтуды кеңейтуге, ұсақ және орта шаруашылықтарды, кооперативтерді тартуға бағытталатын болады.

Атап айтқанда, "ҚазАгро" ҰБХ" АҚ қызметін АШТӨ-ні тікелей қолдау құралдарын іске асырудан ауылдық жерде қаржыландырудың қолжетімділігін арттыру жөніндегі кешенді шараларды іске асыруға біртіндеп қайта бағдарлау жоспарлануда.

Кейіннен АӨК субъектілеріне кредит беруі үшін жеке қаржы институттарын, атап айтқанда, кредиттік серіктестіктер мен ауыл шаруашылығы кооперативтерін қорландыру үшін капитал нарықтарынан қаражат тартылатын болады.

Сондай-ақ кредиттік серіктестіктер мен кооперативтердің қызмет стандарттары мен қағидаларын әзірлеу, кредиттік серіктестіктердің қызметін бақылау-қадағалау функцияларын жүзеге асыру функциялары бар өзін-өзі реттейтін ұйымдары құрылатын болады.

АШТӨ-ге түсімді неғұрлым жоғары баға маусымы кезеңінде өткізу мүмкіндігін беру мақсатында көктемгі дала және егін жинау жұмыстарын бюджеттік қаржыландыру тетігі қайта қаралатын болады.

Кредиттік серіктестіктер мен кооперативтер желісін кеңейту және дамыту, сондай-ақ депозиттер қабылдауды кредиттік серіктестіктер жүзеге асыратын операциялар тізбесіне қосу бойынша жұмыс жүргізілетін болады.

"ҚазАгроКепіл" АҚ қаржы ұйымдарының қарыздары бойынша кепілдіктер беретін болады. Сондай-ақ "ҚазАгроКепіл" АҚ өсімдік шаруашылығы мен мал шаруашылығындағы сақтандыру жүйесіне қатысатын болады.

Аталған өзгерістер кредиттік кооперация жүйесіне АӨК-ні дамыту міндеттерін шешу үшін ауыл халқының қаражатын тартуға, кредиттік серіктестіктердің мемлекеттік қаржылық қолдауға тәуелділігін төмендетуге, ауыл халқының қалың жігіне кредиттік ресурстарға қолжетімділікті ұлғайтуға мүмкіндік береді.

Тәуекелдерді сақтандыру жүйесін жетілдіру

Сақтандыру жүйесі қолда бар тәжірибені есепке ала отырып, өзіне міндетті және ерікті нысандарды қамту арқылы қалыптасатын болады. Заңға енгізілетін өзгерістер мен толықтырулар жобасын әзірлеу қажет болады. Өсімдік шаруашылығындағы сақтандыруда бірқатар проблемалардың болуы аталған сақтандыру түрін белгілі бір реформалауды қажет етеді. Қазақстанда ауыл шаруашылығын сақтандырудың озық халықаралық тәжірибесін енгізу мүмкіндігін қарастыру қажет. Балама ретінде ауыл шаруашылығы тәуекелдерін сақтандырудың сәтті модельдерін енгізу ұсынылады. ӨСҚ қызметі мәселесіне оларды тиісінше капиталдандыру, олардың қызметін мемлекеттік реттеушіні айқындау, өсімдік шаруашылығындағы міндетті сақтандыру жүйесінен ӨСҚ-ны алып тастай отырып, жалған сақтандыруды жою бөлігінде ерекше көңіл бөлу қажет.

Аграрлық сақтандыру жүйесіндегі халықаралық практиканы ескере отырып, тәуекелдердің андеррайтингі мақсатында өңірлер бөлінісінде сақтандыру жөніндегі деректер базасы (электрондық карта) құрылатын болады, залалдарды реттеу мен сақтандыру төлемдерін жүзеге асыруды әкімшілендіру тетіктері жеңілдетілетін болады.

Сондай-ақ мемлекеттік қолдау шаралары қазіргі заманғы агротехнологияларды қолданатын, оның ішінде өсімдік шаруашылығындағы міндетті сақтандыру тетігін пайдаланатын тиімді фермерлерге берілетін болады.

Өсімдік шаруашылығы мен мал шаруашылығы өнімдерін және қайта өңдеу өнімдерін өндіруге қажетті негізгі және айналым қаражатына арналған лизинг,

субсидиялар, кредиттер алу кезінде ерікті сақтандырудың уақытша нысандарын қолдану әдістемесі әзірленетін болады.

Орта мерзімді жоспарда өндірістік процестер мен өнімді сақтандыруды қолдануды кезеңдеп кеңейте отырып, субсидия бөлу қағидаттары қайта қаралатын болады.

"ҚазАгро" ҰБХ" АҚ-ны трансформациялау

"ҚазАгро"ҰБХ" АҚ компаниялар тобын трансформациялаудың мақсаты олардың қызметінің тиімділігін арттыру және Бағдарламаның басым міндеттеріне сәйкес ықшам холдинг қалыптастыру болып табылады.

Жекешелендірудің 2016 - 2020 жылдарға арналған кешенді жоспарына сәйкес холдингтің мынадай үш еншілес ұйымы бәсекелес ортаға берілетін болады: " ҚазАгроҚаржы" АҚ, "ҚазАгроӨнім" АҚ, "ҚазАгроМаркетинг" АҚ.

Қаржы институттарын қорландыру тетігін іске асыру "Аграрлық несие корпорациясы" АҚ базасында жүзеге асырылатын болады, ол кейіннен АӨК субъектілерін тиімді шарттарда қаржыландыру үшін КС-ны, ШҚҰ-ны, лизингтік компанияларды, ЕДБ-ны және басқа да қаржы ұйымдарын қорландыратын болады.

Бұл ЭЫДҰ елдерінің, атап айтқанда, Германияның тәжірибесі бойынша ауылдық кредит беру жүйесін бірізді дамытуға мүмкіндік береді, онда мемлекеттік "Рентенбанк" үкіметтің қолдауымен капитал нарықтарынан қаражат тартады және кейіннен АӨК-ге кредит беру үшін жеке қаржы институттарын қорландырады. Бұл ретте "Рентенбанк" тікелей кредит бермейді, бұл фермерлерге бір мемлекеттік ұйымға тәуелді болмай, ұсынылатын шарттарға және көрсетілетін қызметтердің сапасына қарай қаржыландырудың түрлі кездерінің ішінен таңдау жасауға мүмкіндік бере отырып, ауылдық кредит беру нарығындағы бәсекелестікті ынталандырады.

Осы міндетке сәйкес "Аграрлық несие корпорациясы" АҚ жеке қаржы ұйымдарын қорландыруды ұлғайту арқылы түпкілікті қарыз алушыларға кредит берудің оң өсу серпінін сақтай отырып, тікелей кредит беруді жыл сайын кезең-кезеңмен қысқартатын болады.

"Аграрлық несие корпорациясы" АҚ-ның ішкі және сыртқы капитал нарықтарынан, халықаралық қаржы ұйымдары тарапынан қорландыруды тартуы түпкілікті қарыз алушылар - АӨК субъектілері үшін қарыздар/лизинг бойынша валюталық тәуекелдердің қолжетімділігі және оларды хеджирлеу кезінде де жүзеге асырылатын болады. АӨК-ні дамытуға қаржыландыру тарту үшін ҚР Үкіметі мен халықаралық қаржы ұйымдарының ынтымақтастығы бағдарламаларын кеңейту мәселесі пысықталатын болады.

АӨК-ні дамытудың басым салалық бағыттарын қаржыландыру мақсатында, сондай-ақ қарыз алу сыйымдылығын (кредиттік оралым) ұлғайту үшін "ҚазАгро" ҰБХ" АҚ-ның жарғылық капиталын толықтыруды республикалық бюджеттен қаржыландыру жалғасатын болады. Бюджеттік қаржыландыру көлемі республикалық бюджеттің мүмкіндігі мен "ҚазАгро" ҰБХ" АҚ-ның қаржылық орнықтылық параметрлеріне сүйене отырып айқындалады.

"Ауыл шаруашылығын қаржылай қолдау қоры" АҚ шағын бизнесті және ауылдық кооперацияны дамытудың басым бағыттары шеңберінде шағын кредит беруді жүзеге асыратын болады.

"ҚазАгроКепіл" АҚ субсидиялық жауапкершілік негізінде қаржы ұйымдарының қарыздарын кепілдендіретін, сондай-ақ өсімдік шаруашылығы мен мал шаруашылығындағы салалық тәуекелдерді сақтандыру жүйесіне қатысатын болады.

Шетелдік инвестициялар тарту үшін Қазақстан-Мажарстан тікелей инвестициялар қорының тәжірибесін ескере отырып, жаңа инвестициялық қорлар құру мәселесі пысықталатын болады.

Схема. "ҚазАгро" ҰБХ" АҚ компаниялар тобының жоспарланып отырған ықшам құрылымы



"Азық-түлік корпорациясы" ҰК" АҚ қызметі ауыл шаруашылығы өнімінің және оның қайта өңделген өнімінің экспортын дамытуға, сондай-ақ азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында бидайдың резервтік көлемін ұстап тұруға жұмылдырылатын болады. "Азық-түлік корпорациясы" ҰК" АҚ-ның Азық-түлік қауіпсіздігі жөніндегі Ислам Ұйымы, Біріккен Ұлттар Ұйымының Азық-түлік және ауыл шаруашылығы ұйымы (ФАО) шеңберінде агент функцияларын іске асыруға қатысу мүмкіндігі зерделенетін болады.

Мемлекет басшысының тапсырмасына сәйкес "ҚазАгро" ҰБХ" АҚ-ның Жекешелендірудің 2016 - 2020 жылдарға арналған кешенді жоспарына енгізілген еншілес және аффилирленген ұйымдарын бәсекелес ортаға беру және "ҚазАгро" ҰБХ" АҚ-ны трансформациялау жөніндегі шараларды іске асыру 4 еншілес

компанияны ("Аграрлық несие корпорациясы" АҚ, "Ауыл шаруашылығын қаржылай қолдау қоры" АҚ, "Азық-түлік корпорациясы" ҰК" АҚ, "ҚазАгроКепіл" АҚ), сондай-ақ инвестициялық қорларды қамтитын ықшам холдинг құруға алып келеді. "ҚазАгро" ҰБХ" АҚ компаниялары тобы жеке бизнеспен өзара іс-қимылда АӨК-ні қолдаудың нысаналы шараларын іске асыратын болады.

Осылайша, "ҚазАгро" ҰБХ" АҚ активтерді стратегиялық басқаруды және АӨК-ні дамытудың мемлекеттік саясатын талдамалық қолдауды жүзеге асыратын көпбейінді салалық холдинг болады.

Трансформациялау жөніндегі шараларды іске асыру және "ҚазАгро" ҰБХ" АҚ компаниялары тобының ұзақ мерзімді міндеттерін айқындау мақсатында "ҚазАгро" ҰБХ" АҚ-ны дамытудың 2017 - 2026 жылдарға арналған жаңа стратегиясы қабылданатын болады.

5.4. Су ресурстарын басқаруды жетілдіру

Су ресурстарын басқару саласындағы даму ұзақ мерзімді перспективаға арналған стратегиялық жоспарлауды қажет етеді, осыған байланысты 2040 жылға дейінгі болжамды мақсаттар әзірленді, оларды іске асыруды 2021 жылға арналған индикаторлар мен көрсеткіштерге қол жеткізген жағдайда қамтамасыз етуге болады.

Осыған байланысты, тұрақты және көлтабандап суарылатын сұранысқа ие жерлерді суару суымен қамтамасыз ету үшін ирригациялық және дренажды желілерді қалпына келтіру, суармалы жерлердің мелиорациялық жай-күйін жақсарту, судың халыққа, қоршаған ортаға және экономикаға зиянды әсерінің залалын төмендету, табиғи объектілердің суға деген жыл сайынғы қажеттілігін қанағаттандыру, өнеркәсіптегі суды тұтыну тиімділігін арттыру басымдықтар болып табылады.

Бұл үшін су шаруашылығы саласына арналған инвестициялардың қайтарымдылығын қамтамасыз ету мәселесі пысықталатын болады.

Су ресурстарын мониторингтеу, оларды болжамдау және тиісінше бақылауды қамтамасыз ете отырып басқару және суармалы жерлердің мелиорациялық жай-күйін және мелиорациялық іс-шаралардың орындалуын мониторингтеу жүйесін жетілдіру бойынша шаралар қабылданатын болады.

Инфрақұрылымды тиісінше жұмысқа жарамды жай-күйде ұстап тұру тұрғысынан оны пайдалану тиімділігін арттыру мақсатында мынадай шаралар қабылданатын болады:

пайдаланушы су шаруашылығы ұйымдарын дамыту;

инфрақұрылымды қауіпсіз пайдалануды, сондай-ақ су ресурстарының тиісінше сапасы мен қажетті мөлшерін қамтамасыз ету үшін оны жаңғырту;

су берумен байланысты емес республикалық маңызы бар трансшекаралық су шаруашылығы құрылыстарын қауіпсіз пайдалануды қамтамасыз ету;

жаңа су шаруашылығы объектілерін салу және авариялық жағдайдағыларын реконструкциялау;

су шаруашылығы объектілерін көпфакторлы зерттеп қарау; суару үшін коллекторлық-дренажды суларды пайдалану; су өлшеу аспаптарын орнату, суды есепке алуды автоматтандыру және диспетчерлеу;

бөгеттер қауіпсіздігінің декларациясын әзірлеу және сараптау.

Су ресурстары тапшылығын ұлттық та, өңірлік те деңгейде қысқарту үшін трансшекаралық су ресурстары суларын бөлу, жерасты суларын пайдалану, жаңа инфрақұрылым салу, су объектілерінің су жинау алаңдарының ормандылығын ұлғайту және табиғат қорғау мақсатындағы су жіберуді жүзеге асыру, сондай-ақ су ресурстарын кешенді пайдалану мен қорғаудың бассейндік схемаларын нақтылау және жаңарту бойынша шаралар қабылданатын болады.

ҚР су ресурстары көлемінің ағымдағы болжамына сәйкес трансшекаралық сулар су теңгерімінің ең осал компоненті болып табылады. Бұл саладағы халықаралық ынтымақтастық жөніндегі жұмыс мынадай шараларды іске асыру жолымен күшейтілетін болады:

шектес мемлекеттерден келетін су ресурстарының көлемі мен сапасын мониторингтеу бойынша инфрақұрылым, оның ішінде олармен бірлесіп олардың аумағында да инфрақұрылым құру;

егжей-тегжейлі компьютерлік модельдер негізінде болжамдар әзірлеу және трансшекаралық су құйылу өзгерісінің ықтимал сценарийлерін талдау;

келіссөз топтарын күшейту және су шаруашылығы саласындағы ғылыми-зерттеу институттарының сарапшыларын және біліктілігі жоғары мамандарды тарту жолымен тұрақты құрамын қамтамасыз ету және халықаралық келісімдерді дайындау және жасасу үшін шектес мемлекеттермен трансшекаралық суды бөлу жөніндегі келіссөздер процесін күшейту;

жиналған талдамалық ақпаратқа негізделген және халықаралық тәжірибені ескеретін кешенді келіссөздер стратегияларын әзірлеу;

Орталық Азия өңірінің су-энергетика ресурстарын тиімді пайдалану жөніндегі келісімді әзірлеу және оған қол қою;

трансшекаралық өзендердің суын бөлу жөніндегі ұзақ мерзімді келісімдерді пысықтау және оларды орындау жөніндегі тетіктерді жасау;

Халықаралық су бағалау орталығының қызметін қамтамасыз ету.

Жерасты суларымен қамтамасыз етілу мақсатында мыналар іске асырылатын болады:

ауыл шаруашылығы мұқтаждарына арналған жерасты суларын пайдалану әлеуетін зерделеу;

жерасты суларының кен орындарын жете барлау және қайта бағалау, су тапшылығы бар өңірлерден бастап, ҚР аумағындағы елді мекендерді, оның ішінде сумен жабдықтаудың баламалы көздері ретінде жерасты су қорларымен қамтамасыз ету бойынша іздестіру-барлау жұмыстарын жүргізу.

Су шаруашылығы және гидромелиорациялық инфрақұрылымды дамыту үшін мынадай шаралар іске асырылатын болады:

экологиялық ахуалға және суға деген қажеттілікке сүйене отырып, инфрақұрылымдық жобалардың басымдығын айқындау;

су ағынын бассейнаралық бұру есебінен орналасатын су ресурстарының ұлғаюын пысықтау;

жаңа су қоймаларын және оларды қолдану үшін ирригациялық жүйелер құру.

Өнеркәсіпте су тұтынудың тиімділігін арттыру үшін мынадай шаралар іске асырылатын болады:

өнеркәсіптік кәсіпорындардың озық су үнемдегіш технологияларды енгізуі;

қолжетімді технологиялар және олардың экономикалық тиімділігі туралы өнеркәсіптік кәсіпорындарды ақпараттандыру;

тазартылған суды қайталама және айналымды пайдалану.

Су объектілерін тиісті жай-күйде ұстап тұру үшін су қоры жерлерінің іргелес аумақтарының ормандылығы ұлғайтылатын болады.

Павлодар облысындағы Шідерті өзенінің төменгі сағаларындағы деградация және шөлейттену процестерін жою, Қызылорда облысының көлдері жүйесіне және Ақмола облысындағы Қорғалжын мемлекеттік қорығының Теңіз-Қорғалжын көлдер жүйесіне су беру үшін табиғат қорғау мақсатындағы өтемдік су жіберу жүргізіледі.

Сондай-ақ биологиялық өнімділікті және санитариялық саламаттылықты ұстап тұру үшін табиғи режимге жақын режимді қамтамасыз ететін экологиялық су жіберу жүзеге асырылатын болады.

Өзендер бассейндері бойынша су ресурстары теңгерімінің ұзақ мерзімді болжамын құру су саясатының ең маңызды міндеттерінің бірі болып табылады. Қолжетімді су ресурстары көлемін өзгерту үрдісін ескеретін егжей-тегжейлі бассейндік схемалар және тұтыну болжамдары инфрақұрылымды дамытуды ұзақ мерзімді жоспарлау негізінде қалыптасатын болады. Тұрақты негізде бассейндік схемаларды әзірлеу және оларды жаңарту жөніндегі, бастапқы материалдарды жинау жүйесін жетілдіру және оларды өңдеу, оның ішінде ақпараттық жүйелерді пайдалана отырып өңдеу жөніндегі жұмыстар жүргізілетін болады.

Су ресурстарын басқару саласында жаңа технологияларды енгізуді барынша жеделдету үшін барлық әлеуетті пайдаланушылар үшін бастапқы деректердің

қолжетімділігі қамтамасыз етілетін болады. ҚР мемлекеттік бюджетінің қаражаты есебінен жиналған деректер ашық қолжетімді түрде орналастырылатын болады.

Межелеген нысаналы индикаторлар мен міндеттерді ескере отырып, тікелей нәтижелер көрсеткіштеріне қол жеткізу үшін қолда бар су шаруашылығы инфрақұрылымын қалпына келтіруге, жаңасын салуға инвестициялар тарту қажет етіледі.

Су шаруашылығы жүйелері мен құрылыстарын қалпына келтіру жөніндегі капиталды көп қажет ететін жобаларды қаржыландыру және саланың өзін-өзі ақтауына және инвестициялық тартымдылығына біртіндеп көшу жөніндегі шараларды іске асыру үшін бюджет мүмкіндігі болмағандықтан, олардың өзін-өзі ақтауын ескере отырып, қолайлы шарттармен қайтарымды негізде халықаралық қаржы ұйымдарының қаражаты тартылатын болады және мемлекеттік-жекешелік әріптестік қағидаттарында жеке инвестициялар (ірі АШТӨ, басқа ұйымдар) тарту мүмкіндігі зерделенетін болады.

Сондай-ақ пайдалану шығыстарының өзін-өзі ақтауына және су шаруашылығы жүйелері мен құрылыстарын ұстауға және үздіксіз жұмыс істетуге арналған ұзақ мерзімді перспективадағы тарифтердің инвестициялық тартымдылығына қол жеткізу, шетелдік тәжірибені ескере отырып, ауыл шаруашылығына арналған тарифтерді ұстап тұрудан біртіндеп кету жөніндегі шаралар пысықталатын болады.

Су ресурстарын реттеумен байланысты төтенше жағдайларды болдырмау үшін су тежегіш және су реттегіш құрылыстардың қауіпсіздігін қамтамасыз етудің құқықтық негізі жасалатын болады.

Су шаруашылығы объектілерін қауіпсіз пайдалану қамтамасыз етілетін болады және автоматтандырудың, хабардар етудің, диспетчерлеудің, су ресурстары мен су шаруашылығы объектілерін басқарудың және оларды пайдаланудың қазіргі заманғы жүйелері енгізілетін болады.

Сумен қамтамасыз етудің су аздық циклы елдің экономикасына, әсіресе ауыл шаруашылығы өндірісіне айтарлықтай залал келтіреді. Мұндай құбылыстардың зардаптарын жұмсарту бойынша шаралар көзделетін болады.

Халықты және экономиканы тасқын судан (қар суынан) қорғау бойынша жыл сайын ұйымдастырушылық-техникалық шаралар көзделеді.

Су объектілерінің өткізу қабілетін ұлғайту мақсатында түп және жағалау нығайту жұмыстарын жүргізу үшін өзендердің табиғи гидрологиялық режиміне зерттеп қарау жүргізу көзделеді.

